**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**
**ОҚУ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ**

Онгарова Алия Каринтаевна

# ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНДАҒЫ МУЗЫКА ПӘНІНЕН СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ-ЗЕРТТЕУШІЛІК БЕЛСЕНДІЛІКТЕРІН ДАМЫТУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

## АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

Шымкент, 2023

**УДК 37.21**
**ББК 83.32**
**М 18**

**Құрастырушы автор:** Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Ш.Бектасов атындағы №38 жалпы орта мектебі КММ музыка пәні мұғалімі Онгарова Алия Каринтаевна.

Қазақстанның педагогикалық академиясының әдістемелік кеңесінде авторлық бағдарламаны шығару туралы қаралды, Хаттама №44, 14.08.2023 жыл

«Жаңартылған мазмұндағы музыка пәнінен сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың шығармашылық-зерттеушілік белсенділіктерін дамыту» тақырыбындағы авторлық бағдарлама.
*(Озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, тарату және енгізу)*
Музыка пәнінің мұғалімдеріне арналған. Шымкент, 2022. 100-беттен тұрады.

**ISBN 978-601-7046-45-9**

Бұл авторлық бағдарламада «Жаңартылған мазмұндағы музыка пәнінен сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың шығармашылық-зерттеушілік белсенділіктерін дамытудағы педагогикалық әдіс-тәсілдер» тақырыбындағы авторлық бағдарлама.

**Пікір білдіруші:**
Наурызбаев Қалдыбай Күлсінбайұлы - Қазақстан Педагогикалық Академиясының мүшесі, т.ғ.кандидаты.

**© Онгарова Алия Каринтаевна**
**«Жебе» баспасы 2023 жыл**

# Кіріспе

Музыка пәнінен  білімнің теориялық және қолданбалы салалары білімнің бірқатар маңызды бөлімдерін көтерудің бүкіл елдің халық шаруашылығының тиімді әрекетінің қажетті шарты болып табылады. Қазіргі химияның әрі қарай дамуы жаңа шығармашылық күшпен толығуды талап етеді. Осыған байланысты тәуелсіз елімізде жыл сайын химик мамандарына деген сұраныс ұлғаюда. Адамның қабілеттері оның қызығушылықтарымен тығыз байланысты және осы қызығушылықтарды қалыптастыруға байланысты дамиды. Музыканы оқуға деген қызығушылықты қалыптастыруда көптеген факторлар әсер етеді. Сондықтан музыка пәніне қызығушылық танытатын оқушыларды ерте анықтау ғана емес, оларда химияны оқуға деген терең танымдық қызығушылықтарды тәрбиелеуге қажетті жағдай жасау өте маңызды.

Осыған орай музыканың бүкіл мектепте алатын орны ерекше. Музыка пәнінің мұғаліміне сыныптан тыс  және мектептен тыс жұмыстарды дамытып, бұл өзгерістің оқушылардың оқуындағы және тәрбиесіндегі жақсы әсерлерін қолдануға үлкен мүмкіндіктер береді.

Көптеген мұғалімдер сыныптан тыс жұмысқа   үлгерімі жоғары қабілеттері бар оқушыларды ғана қатыстырады. Нәтижеде көп жағдайда оқушылардың онсыз да музыкаға қызығатын аз бөлігі тартылған болып шығады. Ал оқуға қызығушылығын қалыптастыру қажет болатын қалған оқушыларға музыканың қызықты жағы белгісіз болып қала береді.

- сыныптан тыс іс-шараларды жүргізу жоспарларымен танысу, үйірме сабақтарының тақырыптарын талдау оқушылармен жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстың айтарлықтай кемшілігі оның мазмұнының мардымсыздығы, тақырыптардың  кездейсоқтылығы, сыныптан және сыныптан тыс сабақтардың нақты және ойластырылған ғылыми-әдістемелік байланыстың болмауын көрсетеді.

Музыка бойынша сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру мен жүргізудің осы және өзге де кемшіліктерін зерттеу бұл мәселенің жағдайымен қатар сыныптық және сыныптан тыс  сабақтардың тиімділігін арттырудың пайдаланылмайтын мүмкіндіктерін де көрсетеді.

Музыканың оқу бағдарламаларының негізгі мақсатына – оқушыларда терең және сапалы білімдерді қалыптастыруға жету үшін оқушылардың барлығын жалпы интеллектуалды және арнайы музыкадан оқушылардың қабілеттерін дамыта отырып оқытылатын пәнге қызықтыру қажет. Бұған музыка пәні  бойынша сыныптық және сыныптан тыс іс-шараларды дұрыс ұйымдастыру арқылы ғана қол жеткізуге болады.

Ал музыка (гр. μουσική, тура мағынасында музалар өнері) – белгілі биіктіктегі дыбыстардан тұратын, адамға сазды әуенімен әсер ететін, дыбыстық көркем бейнеге негізделген өнер түрі. Өзінің эмоциялық әсері арқылы музыка адамзат тарихында қоғамдық-идеялық, мәдени-тәрбиелік және эстетикалық рөл атқарады. Музыка адам сезімін, ойын, оның ерік-күшін

дыбыстық формада суреттейтін қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Адамның жан дүниесін, көңіл-күйін, сезімін бейнелеуде музыка оның сөйлеу тіліне, дәлірек айтқанда, өзін қоршаған ортаға эмоциялық қатынасын білдіретін сөйлеу интонациясына өте жақын келеді. Соған қарамастан, музыка адамның басқа дыбыстық іс-әрекетінен ерекше саналады. Музыкада дыбыстардың биіктік және уақыттық (ырғақтық) қатынастары өте қатаң тәртіпке келтірілген. Музыкалық шығарма мазмұнында адамның ақыл-ой, ерік-күшінің эмоциялық жақтары кеңінен көрініс табады. Мұның өзі адамның психологиялық хал-жайын ғана емес, оның мінез-құлқын да музыкада ашуға жағдай тудырады. Адам эмоциясын нақтылы, ерекше сыршыл сезіммен бейнелеуде музыканың мүмкіндігі мол. Сондай-ақ музыка идеялар әлемін, әр алуан құбылыстарды және болмыс шындығын суреттейді.

Соған қарамастан Музыка адамның басқа дыбыстықіс-әрекетінен ерекше саналады. Музыкада дыбыстардың биіктік және уақыттық (ырғақтық, ритмдік) қатынастары өте қатаң тәртіпте келтірілген. Эмоцияның көп түрлері ішінен Музыка ең алдымен көңіл-күйді білдіреді. Музыкалық шығарманың мазмұнында сонымен қатар жеке адамның ақыл-ой, ерік-күшінің эмоциялық жақтары кеңінен көрініс табады. Мұның өзі адамның психологиялық хал-жайын ғана емес, оның мінезін ашуда Музыкаға жағдай тудырады. Адам эмоциясының нақтылығы, ерекше сыршыл сезіммен бейнелеуде Музыканың мүмкіндігі мол. Сондай-ақ, музыка эмоциялық сфераларды ашып отырып, сол арқылы идеялар әлемін, алуан құбылыстарды және болмыс шындықтағы процестерді суреттейді. Қалың бұқараны ұйымдастыру, оның рухани өмірін қалыптастыру құралдарының бірі болып отырып, Музыка қоғамдық тәжірибеге де белсенді түрде әсер етеді.

Егер қазіргі ғылым саналы адам қауымы осыдан 160 000 жыл бұрын Африкада қалыптасып, сосын осыдан 50 000 жыл бұрын басқа да тіршілікке ықпал құрлықтарға тараған деп санаса, музыканың да бір қарапайым түрлері да сол алғашқы қауымда адаммен бірге пайда болған деп есептейді.

## Музыка пәнінен сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру әдістемесі

Музыка пәнін оқыту - бұл басқарылған таным үрдісінде өтетін қарым-қатынас, қоғамдық-тарихи тәжірибені меңгеру, жаңғырту, жеке тұлғаның музыкалық білімін қалыптастыру негізінде, музыкаға бейімділік қабілеттерін дамыту, нақты іс-әрекетті игеру.

Педагогика ғылымының дәрежесі ретінде оқыту және оқыту үдерісі тепе-тең ұғым емес. Үдеріс – бұл біртұтас педагогикалық құбылыс, педагогикалық қызметтің көрінісі ретінде оқыту жүйесінің жағдайын өзгерту. Ал музыканы оқыту әдістері - өзіндік мақсаттары мен міндеттері, мазмұны, оқытуды ұйымдастыру түрлері мен олардың нәтижелері болатын тұтас педагогикалық үдерістің маңызды құрылымдық компоненттері болып табылады.

Музыканы оқыту әдістері оқыту үрдісінде маңызды қызметтер атқарады: әдістердің көмегімен оқытылатын материалдың мазмұны оқушыларға берілуін қамтиды, оқушылардың игеру қабілеттілігін басқару, оқушылардың интеллектуалды дамуы және қажетті жеке қасиеттерін қалыптастыру. Сонымен қатар әдістер оқу үдерісінің қалыпты қызметіне қажетті жағдай жасаушы коммуникативті, диагностикалық-өңдеу қызметтерінде орындайды.

Музыканы оқыту әдістерін мұғалім мен оқушының оқып-үйрену кезіндегі қызмет, әрекет айырмашылықтарына қарай екі түрге бөлуге болады.

1) оқыту әдістері (мұғалім әрекеті). Бұған ақпараттық және оқушының қызметін басқару әдістері жатады;

2) оқу әдістері (оқушы әрекеті). Бұған оқу материалын танып-білу әдістері жатады.

Бұл жіктеуде екінші топтағы әдістерге баса көңіл бөлінеді, өйткені олар арқылы оқу үдерісінің мақсаты болып табылатын оқу материалдарын игеру қамтамасыз етіледі. Музыканы оқып үйренудің әдістері деп оқушылардың өздерінің музыка жөніндегі белсенді, дербестану әрекетін іске асыру, ұйымдастыру тәсілдерін айтады.

Үйрену мен үйрету, оқу мен оқыту қатар жүретін үдерістер. Оқыту әдістері деп оқушыларға музыка пәні білім, білік және дағдылардың белгілі бір жүйесін беру тәсілдерін айтады. Сондай әдістердің бірі проблемалық әдіс. Мұндай оқытуда төмендегідей нәтижелерге қол жеткізуге болады: оқушылар белгілі бір білім, білік және дағдыға ие болады; білімінің беріктілігі артады; өзбетінше қызмет тәсілдерін меңгереді; ізденушілік және зерттеушілік білік пен дағдылар қалыптасады; танымдық және шығармашылық қабілеттері дамиды; әдебиет көздерімен өз бетінше жұмыс істеуге үйренеді; алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білу қабілеттері артады.

Проблемалық оқыту әдісін қолдануда мынадай кезеңдерді ескеру қажет:

I кезең – түрлі вербальды және техникалық құралдардың көмегімен педагогикалық проблемалық жағдайды қою арқылы оқушыда сұрақтар туындайтындай жағдайлар жасау.

II кезең – педагогикалық ұйымдасқан проблемалық жағдайды психологиялық жағдайға көшіру. Мұғалім бағыттаушы сұрақтар қойып отырады.

III кезең – мәселенің шешімін іздеу, қарама-қайшылықтан шығу. Мұғаліммен бірлесе отырып немесе өз бетінше оқушылар түрлі болжамдар айтады және оның дұрыстығына көз жеткізеді, қосымша мәліметтер жинақтайды.

IV кезең – ізделінді мәселенің шешімі туралы ойдың пайда болуы, шығаруға көшу, оқушы санасында жаңа білімнің пайда болуы.

V кезең – табылған шешімді жүзеге асыру.

VI кезең – оқыту нәтижелерін бақылау.

Сондай – ақ төмендегідей жұмыстар жасалады.

I қадам – ұйымдастырушы-дайындық (таңдау);

II қадам – жобаны дайындау (жоспарлау);

III қадам – технологиялық;

IV қадам – қорытынды: нәтижелерді өңдеу, талқылау.

Музыка пәнінен сыныптан тыс жүргізілген жұмыстарды теориялық және практикалық талдау жасалды. Нәтижесінде қазіргі таңдағы музыкадан сыныптан тыс жұмыспен айналысатын музыка пәнінің мұғалімі мен жаңа типтегі мұғалімнің салыстырмалы сипатын жасауға мүмкіндік берілді. Салыстырудың негізгі бағыттары: кәсіптік дайындығы: мұғалімнің оқу үдерісін ұйымдастыруы; педагогикалық үдерістегі мұғалімнің орны; оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасының негізгі формасы; мұғалімнің ұйымдастырған оқу кеңістігі; оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың негізгі формалары; мұғалім қолданатын оқыту әдістері.

Қазіргі мұғалімге былайша сипаттама беруге болады: негізгі мәлімет көзі; мақсат қойып оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырушы; жинақталған тәжірибені жеткізуші; пән бойынша білім, білік және дағдысы бар тұлға; мәлімет жеткізуші, дамытушы, коммуникативті, бағалаушы тұлға; мұғалім-субъект, оқушы объект; жеке тәрбие және оқытумен айналасушы.

Жаңа тұрпаттағы мұғалім: кәсіптік педагогикалық қызметінде білім, білік және дағдыларын қолдана алады, мақсат қояды, сонан соң сәйкесінше орта қалыптастырып оқыту үдерісін бағдарлаушы; ортаны ұйымдастырушы; танымдық үдеріс бағытын анықтаушы; педагог-психолог; жоспарлаушы, түзетуші, мәлімет жеткізуші; оқушы мен мұғалім оқу-тәрбие үдерісіндегі әріптестер; оқу-тәрбие кеңістігінің мақсатына, міндетіне қарай өзгеруге даяр тұлға; тұлғалық оқытуды мақсат тұтушы, дамыта, мәселе туындата, бағдарламалық оқытуларды қолданушы; оқытудың жаңа технологияларымен интерактивті әдістерді жүзеге асырушы.

Олай болса жаңа тұрпаттағы мұғалімнің қазіргі мұғалімдерден сипаттамалық және қызметі жағынан ерекшеліктері бар.

Музыканы оқыту әдісі төмендегідей дидактикалық жағдайларға негізделеді:

1) Оқушыларға саналы және берік білім беріп, ақыл-ой дамуына жағдай жасайтын оқытудың ең тиімді тәсілі, ол - балалардың алдына шамасы келетіндей және оны шығару арқылы жаңа білім ала алатындай теориялық және практикалық тапсырмаларды бірінен соң бірін қою.

2) Арнайы таңдап алынған, тапсырмаларды оқушы өз бетінше орындау арқылы шығармашылық-зерттеушілік жұмысына тартылады. Нәтижеде ғылыми ізденісті ретімен орындау арқылы логикалық ойлауы артады.

3) Жаңа материалдарды меңгеру, тәрбие үдерісімен қатар жүргізіледі. Білгенін сол мезетте қолдану арқылы оқушылардың танымдық және зерттеушілік-шығармашылық белсенділігі артады.

Музыкадан кең тараған сыныптан тыс іс-шаралардың формаларын қарастырайық. Музыка пәні үйірме – мектептегі сыныптан тыс іс-шаралардың ең кең тараған және тиімді формаларының бірі.

Жақсы ұйымдастырылған үйірмелер оқушылардың химияға қызығушылықтарының пайда болуын қамтамасыз етеді, олардың зерттеушілік-шығармашылық қабілеттерін арттырады, олардың жалпы музыкалық мәдениеттерін дамытады, оқу (бағдарламалық) материалдарын үйрену кезінде үлгерімді арттыруға ықпал етеді. Үйірме мүшелері – мұғалімге кез келген бастамаларды өткізуге көмектесетін белсенділер. Оқу жылының басында сыныптан тыс жүргізілетін іс-шараларды жоспарлауға жауапкершілікпен қарау керек. Ең алдымен қай сыныптарды бір үйірмеге топтастырған дұрыс болатындығын ойластырған абзал. Музыка пәнінің алдыңғы қатарлы мұғалімдері музыкалық үйірме ұйымдастыруды ұсынады. Ұйымдастырудың мұндай схемасын бағдарлы деп санау керек, себебі әр мектептің өзіндік ерекшеліктері (параллель сыныптардың болуы, сыныптардың толтырылуы, сабақтардың ауысымдары, бір мұғалім біріктіретін сыныптардың ерекшелігі, т.с.с.) бар болады. Осы шарттарға байланысты қандай да бір сыныптарды бір үйірмеге біріктірудің әртүрлі варианттары бола алады. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі қай сыныптарды бір үйірмеге біріктіруге болатындығын көрсетеді. Бір сынып оқушыларынан немесе параллель сыныптардың оқушыларынан құралған үйірме ең үздік нәтижелер беретіндігіне күмән жоқ. Үйірме құрамына байланысты сабақтардың бағдарламасының сипаты да анықталады. Бір мәселе анық: үйірме мүшелерінің жас құрамы кіші болған сайын, химияға қызықтыру мәселелері көбірек болады. Жоғарғы сыныптардың үйірмесінде баяндамалар, рефераттар жазу көбірек болады.

Үйірме жұмысының алғашқы қадамдары оның әрі қарайғы жұмыстарында шешуші роль атқарады. Біріншіден, келесі мәселелерді анықтап алу керек:

- кімдер үйірме мүшесі бола алады;
- екіншіден, құрамды жасақтау жұмыстарын ұйымдасқан түрде өткізу.

Сабақ кезінде оқу материалын меңгерген, үлгерімі ең жақсы тұлғалар ғана үйірмеге мүше бола алады деген пікір көптеген оқушыларды үйірме жұмысына тартады. Алайда бұл пікірді дұрыс деп айту толығымен дұрыс емес.

Үйірме жұмысының алғашқы ұйымдастыру іс-шараларына формалды түрде қараудан сақ болу қажет. Мысал ретінде үйірмені ұйымдастырудың формалды әдістерінің бір үлгісін келтірейік. Музыка пәні үйірмені ұйымдастыру жөнінде қаулы қабылданады. Осындай сыныптар үшін музыка пәнінен үйірме ұйымдастырылады, ұйымдастыру жиналысы мына жерде болады деген хабарландыру жасалады. Үйірменің негізгі мазмұны мен мақсаты көрсетіледі. Көп жағдайда мұндай ұйымдастыру жиналысына бірнеше адам ғана қатысады да, осымен барлығы бітеді.

Үйірмені ұйымдастыруды басқаша жүргізу керек, оқушыларды қызықтырып, оларға үйірме жұмысы әдеттегі музыка сабақтарын қайталау емес екендігін көрсеткен орынды. «Үйірмеге оқушыларды жай ғана жазып алатын болсақ, қызығушылар аз болады, сонымен қатар тек ең үздік оқушылар ғана жазылатындығын білгенмін. Сондықтан үйірмеге көбірек

оқушыларды тарту үшін, бір мұғалімнің кеңесімен оларда алдымен қызығушылық тудырып алдым» - дейді ол.

Нәтижеде бірінші сабаққа ешбір жазылусыз 34 (15 оқушы) оқушы келді. Барлығы жазылды. Үйірме жұмысы үшін бұл көп болады, бірақ мұғалім олардың бір бөлігі тарап, тек мықты ядросы ғана қалатындығын білетін еді. Үйірменің тұрақты мүшелері ретінде 5-6 оқушыны санауға болады, оның ішінде тек үздік оқушылар ғана емес, үлгерімі орташа оқушылар да бар.

Үйірме мүшелері төменде келтірілген үйірме ережесін талқылап, қабылдайды.

Үйірмеге оқушылар өз еркімен келісуі бойынша қабылданады.

1. Үйірме мүшелері жалпы жиналыста:

а) үйірме төрағасын (старостасын);

б) үйірме газеттері мен ғылыми редакторлық коллегия мүшелерін таңдайды.

2. Үйірме мүшелеріне ғылыми баяндамаларды дайындау және өткізу, сондай-ақ көрнекі құралдар дайындау міндеті қойылады (жүктеледі).

3. Үйірме сабақтары айына екі рет, сенбі, сағат 14.00-де өткізіледі.

4. Үйірме жетекшісі музыка пәнінің мұғалімі.

Үйірме жиналыстарының бірінде үйірме жұмысын рәсімдеуге кірісуге болады: жұмыстың негізгі мазмұнын жоспарлап, бюроны рәсімдеп, кім үйірменің нақты мүшелері бола алатындығын келісіп, үйірме жұмысының жоспары құрылады.

Жұмыс жоспарын жарты жылға құрған дұрыс. Әрбір бюро мүшесіне жарты жылға нақты бір тапсырма беріледі:

- музыка пәнінен қабырға газетін шығаруға жауапты;
- үйірме жұмысының құжаттарын жасауға жауапты және т.б.

Үйірменің барлық мүшелеріне үйірме жұмысын сипаттайтын барлық құжаттарды сақтауға үйрету қажет:

- үйірме жұмысының күнделігін мұқият түрде жүргізіп отыру;
- жиналыс хаттамаларын, баяндамалар, рефераттар, қабырға газеттері, т.б.

Үйірме жұмысының жоспарында бюро мүшелерінің қайсысы әрбір жеке сабақты ұйымдастыруға жауапты болатындығын нақты көрсетіп, алдын ала баяндамашылардың фамилияларын көрсету қажет.

Алғашқы баяндамаларға, сонымен бірге ең қиын және күрделі тақырыптарға жетекшінің өзі дайындалғаны дұрыс.

Енді үйірме сабақтарының жеке түрлерін қарастырайық.

**Әртүрлі объектілерге топсеруендер жасау.** Музыка пәні үйірме жұмысында топсеруендер ұйымдастыру үлкен білім беру-тәрбиелік мәнге ие болады.

Музыка пәнінен үйірме жұмысы үшін тағы да бірқатар пайдалы әрі қызықты саяхаттарды келтіруге болады, ал жетекші әр мүшені белсенді қатыстыруы қажет. Үйірмеде жай көрермен болуы мүмкін емес, әр үйірме

мүшесі нақты бір тапсырма орындауы, әрқайсысы осы тапырманы орындауға өзін жауапты санауы тиіс.

**Жас музыканттар байқауы.** Музыкадан жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстардың қызықты және құнды түрлерінің бірі музыка пәнінен байқауларды өткізу болып табылады. Музыка пәнінен байқаулардың түрлері мен формалары алуан түрлі. Байқауларды сыныпта, мектеп ішілік және аудандық-қалалық көлемде өткізуге болады; сондай-ақ байқауларды бір оқу жылының сыныптарына немесе екі аралас оқу жылдарының оқушыларына ұйымдастыруға болады. Байқаудың тақырыптары мектеп музыка курсының қандай да бір аймағын қамтуы мүмкін, немесе олар музыканың әртүрлі салаларынан берілуі мүмкін. Бірақ байқаулардың түрлері мен формалары қаншалықты әртүрлі болғанымен, бұл іс-шараны өткізу ұзақ, мұқият және жүйелі дайындықты талап етеді.

Осы жастағы балалардың психологиялық ерекшеліктері де ескерілді. Жас музыканттардың облыстық байқауына қатысу үшін өзінің үйренген мектебіне емес, басқа орынға барғанда өз қобалжуларын жеңу үшін өзін белгілі деңгейде күшті музыкант деп санауы тиіс.

Екі алғашқы тур үйреншікті ортада өткені басқа әңгіме. Бұл жерде оқушылардың үлкен бөлігі, «үздік» білмесе де қатыса алады. Бірінші турдан кейін оқушылардың көпшілігі тарап, мұндай байқауларды өткізудің тәжірибесі көрсеткендей, музыкаға деген қызығушылық кемімейді, керісінше арта түседі.

Байқауды ұйымдастыру және өткізу комиссиясының алғашқы жұмысы – барлық мектептерге таратылып, оқушылар мен мұғалімдер таныстырылатын байқау ережесін жасау болып табылады. Төменде жетінші сыныптарға арналған байқау туралы ереже мәтінінің бір мысалы келтірілген.

**Мектептегі музыка пәніне арналған кештер.** Мектептегі муызка пәнінің кештері үлкен тәрбиелік-оқытушылық мәнге ие. Соңғы жылдары кеңінен тарап отыр. Жеке сыныптар, үйірмелер, мектептер ұйымдастыратын кештермен қатар мұғалімдер мен белсенді оқушылардың қатысуымен жалпылық кештер де ұйымдастырылады. Музыка пәні кештерді еліміздің алдыңғы қатарлы сазгерлерінің мерейтойларына немесе басқа да нақты мақсатқа бағыттай отырып ұйымдастыруға болады.

Ең алдымен кеш өткізілетін орын тақырыпқа сәйкес безендірілуі керек. Егер кеш мерейтойлық күнге арналса, онда көрінетін орынға мерейтой иесінің фотосуреті (портреті) орнатылуы керек. Қабырғада атақты музыкаға еңбегі міңген сазгерлердің, ғалымдардың нақыл сөздері ілінеді. Кешке арнап химия пәні газеттің безендірілген арнайы нөмірін шығару керек. Егер кеш қандай да бір музыканттардың біріне арналған болса, онда газетке оның портретін және қысқаша өмірбаянын шығару керек. Қабырғалардың біріне «Тоқта, ойлан!» деген тақырыппен жақсы безендірілген әртүрлі ребустарды орнастыруға болады. Рәсімдеу үшін қажет материалдарды қызықты музыка кітаптарынан табуға болады. Ілініп қойылған әрбір плакаттағы оқушылар еңбектері қандай да бір ұпай санымен бағаланып отыруы тиіс.

Кеш оған қатысушылардың барлығына арналған баяндамамен ашылады. Баяндама тақырыбы кештің мақсатына және қатысушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты болады. Ол біздің белгілі муызкант-ғалымның өмірбаяны немесе музыка саласының кез келген мәселесі болуы мүмкін. Үлкен баяндамалар тыңдаушыларын жалықтырады, сондықтан баяндама 15 минуттан аспауы тиіс. Ең дұрысы, баяндаманы кеш қай сыныптарға арналып ұйымдастырылса, сол сыныптың бір оқушысы жасауы керек. Жасалатын баяндаманы алдымен мұғалім тексеріп алады. Кештің сарынына сәйкес келетін сахналық көріністі кеш соңында емес, оның қорытынды бөлімінде қойған дұрыс.

Спектакль кезінде кештің әділ қазылары оқушыларды кештің нәтижелерін хабарлауды күттірмей-ақ қорытындылауға мүмкіндік алады. Сахналық көріністен соң ең көп ұпай жинаған және іс-шараларда өздерін белсенді көрсете алған оқушылардың аты-жөндері жарияланып, марапатталады.

Алдын ала кешке қатысушылардың жас ерекшелігіне және қызығушылығына сәйкес келетін іс-шараларды таңдап алып, іс-шараларды өткізетін орындарды дұрыс жоспарлау керек, және оқушылар кеште кез келген уақытта өзіне қызықты материал тауып ала алатындай етіп ұйымдастырылуы керек. Қандай да бір кеш өткізілетін әрбір үстел, бұрыштар сәйкес этикеткамен қамтамасыз етілуі керек.

Музыкадан сыныптан тыс жұмыстар, дәстүрлі түсінікте мектепте мұғалімдермен сабақтан тыс уақытта, қызығушылық танытқандармен ғана өткізіледі. Бұл жұмыстың жоспарын мұғалім жасайды және қажеттілігіне қарай түзетулер енгізіліп отырады. Сыныптан тыс жұмысқа арналған бағдарламаларды өзі жасайды. Сыныптан тыс жұмыстарға оқушылар өз еркімен қатынасады, оған арнайы жазылмайды. Егер оқушыда сыныптан тыс жұмысқа деген сабақтарға қатынаспаса да болады. Музыкадан мұндай сабақтарды белсендіру оқушыларда пәнге деген қызығушылығын арттыруға ғана емес мұғалімнің жетекшілігімен сабақтан тыс оқуға деген ниетін арттыруға бағытталған. Мақсатты түрде, өз бетінше танымдық қызметін дамыту арқылы жаңа білімге ие болады.

## Музыка пәнінен оқушылардың танымдық және шығармашылық-зерттеушілік белсенділіктерін дамыту әдістемесі

Музыкаға бейімді дарынды оқушылардың сапалы білім алуындағы шығармашылық белсенділігін дамытудың аса маңызды орын алатындығын іргелі психологиялық-педагогикалық зерттеулерге талдау жасау арқылы көз жеткізуге болады.

Педагогикалық және әдістемелік тұрғысынан оқушылардың танымдық және шығармашылық әрекетін белсендіру жөніндегі мәселелер академик Ибрагимов Расқұл Ілімұлы, академик Рахымбек Досымхан, «Нобель» медалінің лауреаты, профессор Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, А.Айтмухамбетов, С.С.Дайырбеков, Е.Ж.Рысбаев, Б.Т.Абыканова,

И.А.Кушнир, С.С.Смаилов және басқа ғалымдардың еңбектерінде зерттелген.

Елімізде оқушылардың танымдық және шығармашылық белсенділігін дамыту мәселелеріне байланысты зерттеулердің мынадай бағыттары дамып келеді: жеке тұлғаға бағытталған білім берудегі жаңа педагогикалық технологиялармен оқыту академик Ибрагимов Расқұл Ілімұлы, академик Рахымбек Досымхан, «Нобель» медалінің лауреаты, профессор Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, Г.А.Бейсенова, С.Қ.Мұхамбетова, О.С.Сәлімбаев т.б.; оқыту үдерісін жетілдірудің маңызды аспектілері академик Ибрагимов Расқұл Ілімұлы, академик Рахымбек Досымхан, «Нобель» медалінің лауреаты, профессор Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, Б.К.Момынбаев, О.С.Сыздықов, И.Б.Сихимбаев, Ә.Ә.Жолдасбеков, Е.Омар, М.Н.Сарыбеков т.б.

Танымдық және шығармашылық белсенділіктің психологиялық ерекшіліктерін академик Ибрагимов Расқұл Ілімұлы, академик Рахымбек Досымхан, «Нобель» медалінің лауреаты, профессор Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, Ж.Б.Қоянбаев, С.Л.Рубинштейн, Л.С.Выготский, В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин, Қ.Б.Жарықбаев, С.Бап-Баба өз зерттеулерінде анықтап, білім беру ісін дамытуда оның қажеттілігін дәлелдеген.

Оқушылардың танымдық және шығармашылық белсенділігін арттыру, өз бетімен білім алуы, өзіндік жұмысы, проблемалық оқыту, оны ұйымдастыру, әдіс-тәсілдерін жетілдіру жайында зерттеу жұмыстарын жүргізген отандық ғалымдарымыз: академик Ибрагимов Расқұл Ілімұлы, академик Рахымбек Досымхан, «Нобель» медалінің лауреаты, профессор Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, Ж.А.Қараев, Т.С.Сабыров, Н.Д.Хмель, М.Ә.Құдайқұлов, А.Е.Әбілқасымова, Р.Садықова, С.Смаилов, Р.С.Омарова, А.С.Мустояпова, Б.Н.Қадірова және басқалар.

Ақпараттық технологиялар талабы тұрғысында анықталған ғылыми зерттеулер оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттырудың психологиялық-педагогикалық негізі әлі де болса зерттеуді қажет ететінін яғни, ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында мынадай міндеттерді жүзеге асыруды талап етуде: компьютерлік технологияны, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үдерісіне тиімді пайдалану арқылы оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту және білім сапасын көтеру.

Адамды өмірде кең, әмбебап үрдіс қана нәтижеге жеткізеді. Бейімделе алмау кез-келген болжамдық ізденістегі мақсаттардың шектелуінен және шектеуден, қорытынды жасау, болжамдық ізденіс жасаудан көрінеді. Осыған байланысты кейбір адамдардың бейімделу белсенділігі басым, ал кейбіреулер шығармашылыққа бейім? – деген сұрақты қою заңды болар еді. Неге кейбір адамдардың шығармашылық белсенділігі басқаларға қарағанда нәтижелірек ? Осы сұрақтардан шығармашылық қабілеттілікке байланысты кейбір проблемалар туындайды.

Білім берудің компьютерлік технологиясы педагогикалық оқыту

технологиясының құрамды бөлігі болғандықтан, ол белгілі бір педагогикалық технологияның оқу үдерісіне енгізілуіне қолайлы жағдай жасайды, оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыруға, оқу үдерісін тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Сондықтан, бүгінгі таңда шығармашылық белсенділікті компьютерлік технологияны пайдалану арқылы дамыту педагогика ғылымы мен практикасының жаңа, болашағы мол бағыты болары анық. Оқытуда компьютерлік технологияны қолдану өз бетімен іздену негізінде шығармашылық типтегі іскерлікті қалыптастырады. Химияны оқыту үдерісінде компьютерлік технологияны пайдаланудың негізгі мәселелері академик Ибрагимов Расқұл Ілімұлы, академик Рахымбек Досымхан, «Нобель» медалінің лауреаты, профессор Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы, Ж.А.Қараев, Е.Ы.Бидайбеков, К.М.Беркімбаев, А.Әмірбекұлы, Г.И.Дацюк және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған. Бүгінгі білім беру жүйесінің даму кезеңінде бұл мәселе көкейкесті болып келеді. Осы жағдайды ескеріп, педагогика-психологияда жүргізілген зерттеулерге сүйеніп, оның тиімді нәтижелерін музыканы оқу үдерісіне енгізу, шығармашылық сипат беру ойластырылды.

Елімізде дарынды балаларды оқыту үрдісі әлемдік тенденциялар аясында және дарынды балалармен жұмыс істеуші мұғалімдердің жеке идеялары негізінде жүргізіліп келді. Мамандандырылған мектеп-интернатының оқушыларына қазіргі қоғам талабына сай сапалы білім беру және оларды бәсекеге қабілетті етіп оқыту мен тәрбиелеу педагогика ғылымы саласында жаңа әдіснамалық негіздегі ғылыми зерттеулерді талап етіп отыр. Өйткені, дәстүрлі оқыту мазмұны мен әдістері мұндай нәтижеге жетуге кепілдік бермейтінін күнделікті іс-тәжірибе көрсетіп отыр.

Қазіргі ғылым археологиялық және этнографиялық деректерге сүйене отырып, Музыканы алғашқы қауым қоғамының кезінде-ақ өнердің би, поэзия т.б. түрлерінің ұрықтарын бойына жасырған синкретизмдік комплекстің «құрсағында» ұзақ уақыт «өсіп-жетілу» процесінен өтті деп санайды. Өнердің арғы атасы саналатын мұндай синкретизмдік комплекстер көпшілікке қажетті салт-жора ретінде, сонымен қатар бірігіп еңбек ету процесінде адамдардың рухани санасын тәбиелеу әрі қатынас құралы мақсатын атқарған. Мол диапазонды қамтып, бірінен соң бірі жалғаса беретін белгісіз биіктіктегі дыбыстардың әуел бастағы тәртіпке келтірілмеген тізбегі (құс әніне, аңдардың дыбысына еліктеу) кейін логикалық мәні жағынан тұрақты және жанама (тұрақсыз) биіктік бөлшектерге дараланған бірнеше тондардан ғана құралатын әуен саздармен алмасты. Мелодиялық-ритмдік формулалардың сан рет қайталануы мен оның қоғамдық тәжірибеде мықтап орын алуы бірте-бірте дыбыстарды логикалық жағынан қалыптастырып, ұйымдастыру мүмкіндігін ұғынуға жағдай жасады. Сөйтіп, музыкалық дыбыс жүйесінде өлшем мен ладтың ең қарапайым түрлері туды. Тарихқа дейінгі немесе қарапайым музыка деп ауызша музыка есептеледі. Оның мысалы - аустралиялық немесе америкалық аборигендердің бір-біріне ауызба-ауыз айтылатын музыкасы. Бұл кезен музыкалық шығармалардың жазба түрінде сақталуының шығуымен аяқталады. Ең алғашқы сына жазулы

музыкалық мәтін Ниппурдың археологиялық қазбаларында табылған, оның жасы 4 мың жыл деп болжамданады.

Ғалымдар ең алғашқы тіркеген музыкалық аспап - сырнай. Б.з.б. 35-40 мыңжылдық деп болжамдалған көне мүсіндердің қасында табылған.

Ежелгі Мысыр музыкасы

Пирамидалардың қабырғаларындағы иероглифтердің арасында, ежелгі папирустарда, «Өлгендердің кітабы» және «Пирамида мәтіндері» атты жиынтықтарды діни ұрандардың жазбалары табылған.

Ежелгі Грекия музыкасы

Ежелгі әлемнің музыкасының даму шыңы Ежелгі Грекияның мәдениетінде байқалады. Негізі «музыка» терминнің өзі де ежелгі грек мифологиясындағы тоғыз құдай әйелдерді белгілеп, «музалар өнері» деген грек сөздерінен шыққан. Осы Грекияда алғашқы рет дыбыстардың музыкалық өлшемдермен салыстырмалылығы Пифагормен ашылған.

Адамның сезгіш қабілеттіліктердің жұмысшы дамытуынан ажырағысыз музыканың дамытуы тарихи контекстте - өзгеретін мәдени шарттардағы музыкалық материалының адамын акустикалық игеруді жүріс музыканың тарихының өте іргелі деңгейін құрайды. Музыканың би және поэзияның ұрықтары сонымен бірге болған шеңберінде алғашқы қауымдық синкретикалық өнері кешірек үстем болатын тұрған көп сапалардан айырылды.

Музыкалық дыбыстың әр түрлі халықтарының сатылық ауыз әдебиетінде сөйлеу артикуляциядан қалыспай биіктік бойынша аумалы қалыспай. Мелодия көтерулер және сөздік мәтіннің ритмикаға байланыстысы және бидің ырғақты реттегі қарама-қарсы биік аймақ біріктіретін (экмелика ) басылуларын глиссандирующих жиынтық көбінесе болады. Адамдардың психофизиологиялық күйлерімен музыкалық түстеуді арқасында бастапқы байланыстың қызу айқындылығымен істетіп қойыл бұл алғашқы дауыс биіктік қарама-қарсылығы дегенмен, қорытып айтқанда, кербезбен; процесстер, (халық музыкасы) салттарда тұрмыс-салтқа, Трудовоелерде музыка тартулар қосқандықтың арқасында. Бұл байланыстардың алғашқы музыкалық жанр қалыптастыратын тұрақтылығы (және, нақтылы сапта олардың бекітуіне салдар) биіктіктердің тұрақтануына алып келеді.

Нақ сол, дыбыс ырғағы қоғамдық музыкалық санада дауыстың тембрі және сөйлеу артикуляциядан бөлінеді; нақсүйер дәреже көрініп қалады. Мелодияның ол негізделген дыбыс қатарлары пайда болады. Музыкалық сап жазып алынған дыбыс биіктік басқа дыбыстар туралы (музыкалық қабілет ) акустикалық дағдылар, биік диапазондағы дыбыстың жағдай тұтқыр ерекше музыкалық жадқа дамыту ойлайды. Интонациясы болып қалыптасады. Ол, бір жағынан, алғашқы жанрмен музыка тарту контекстке қатысты олардың өткені мәндерін интонация формула сақталған ізді сияқты сөз сөйлейді; басқа жағынан - интонацияға мағынаның жинауын процесс сырттай созылады, музыка және сөз, музыка тарту және оның әлеуметтік мәдениет контекстінің құрастыратын жаңа байланыстарынан.

Өсімтал музыкалық мәдениеттердің кәсіби өнерінде билеу қозғалыстың интонациясына әсер, ырым ахуалдары, өнердің басқа түрлерінің ерекше әсерлері сақталынады. Қатарда жанрлық бағыттардың музыкасына сөз, тұрмыстық немесе салттық контексттен тікелей тәуелділіктен біртіндеп босайды. Бейнелі түрде - ойдағы формада әйтсе де көп мәнді байланысты қорытып айтқанда сақтайтындығымен және әлеуметтік контекстпеннен, интонация элементтері және олардың (гармония, музыкалық форма) ұйымының заңдары логикалық дербестікті және меншікті тарихи өмірлерді алады. Бір уақытта айқындауға және қайғыруды дәлдік қабілетті автономды музыкалық тіл және жалпыланғандық көрініп қалады ойла.

Норвегиялық ғалымдар Аре Бриан мен Гера Скейтенің пікірінше, музыканың маңызды рөлі өзін тұтас бір бөлшекті сезіну болып табылады. Бұл функция Homo Sapiens эволюциясы барысында дамыды және генетикалық деңгейде беріледі.

Адамда музыканы тыңдау дофаминнің бас миының жолағын босату салдарынан эйфориямен сүйемелденуі мүмкін.

Адамдардың, қояндардың, мысықтардың, теңіз шошқалары мен иттердің музыканың әсерінен қан қысымы өзгеруі мүмкін, жүрек жиырылу жиілігі ұлғаяды, сондай-ақ тыныс алу қозғалысының ырғағы мен тереңдігі дем алудың толық тоқтауына дейін азаяды. Пинчер тұқымдары тобындағы иттерде бұл өзгерістер басқа иттерге қарағанда күштірек (қысым 70 мм сынап бағанасына өзгереді).

Музыка сырт көрініс, яғни бейнелеушілік аз рөл атқарады. Пластикалық өнерден, әдебиеттен, театрдан айырмашылығы – ол образдарды түгелдей дыбыстық үн құралдары арқылы суреттейді. Алайда музыкада табиғат көрінісін көркем бейнелеу кездесіп отырады. Мысалы, табиғат үні (жел гуілі, судың гүрілі, құстың әні, т.б.), адамның дауысы, күнделікті өмірде кездесетін дыбыстар музыкада азды-көпті көрініс табады. Сондай-ақ музыкада заттардың сезім арқылы қабылданатын кейбір белгілері ассоциация (құс әнімен орман суретін меңзеу), аналогия (мелодияның байсалды, кең тынысты қозғалысынан жазық дала көрінісін елестету) және есту, көру сезімдері байланысының көмегімен қиялда қайта жаңғыру арқылы бейнелейді.

Музыканың ерекшелігі бұл ерекше эстетикалық құндылық өнердің қолданбалы және көркем мақсаттарының байланысында ашылады. Алғашқы жанрлардың құрастыруы қолдану заңдастырылған суреттеу құралдары түсінетін (қолданбалы музыка) қолданбалы есептердің музыкасының орындауымен байланған. Шарттар музыканың құндылығы бұл нормативтік үлгілеріне оның формасының типтілігі, жақындықтан тәуелді болды. Автономды музыкалық тіл және музыканың таратуын ерекше саланың құрастыруы, маңызы бірдей емес тұрмыс-салт та, салтанат та, мәдени де, жаңа мақсаттың ұғынуларына келтірді: біртума іске асыру жеке авторлық (композициялық) ойла. Музыканың құндылығы шарт бұл композитор сайланған құралдардың ішкі мағыналы керектігінде музыкалық шығарманың біртума құрылымында бір уақытта тұрады. Автономды музыкадағы көркем

сапаның төмендетуі (мысалға, салондық музыка) авторлық ойлауды үйреншіктілік, немесе қолдану біртума эффекттер, шығарманың қарама-қайшы ішкі тұтастығындағы өзіндік мәні бар бағыты да нәтижесі болып табыла алады.

Музыкалық өнердің ерекшелігінің ерекше тұрғысы - оның (кез келген музыкалық құбылыс интонациялар және интонация кешендерінің қайтымсыз тізбегі ретінде бар болады) уақытша табиғаты және көркем - мағыналы бүтіндіктің байланысы. Музыкадағы бүтіндіктің алғашқы түрі импровизациямен елестеткен - белгі үшін музыка тартуды процесспен, рұқсатсыз функционалды айырып танылатын құралдар бастады. Бүтіндіктің әсері интонациямен ағайындас бір-бірі импровизация құрайтын элементтер арқасында бастапқы саранды, ырғақты, гармониялық үлгінің вариант бола осы жағдайда жасалады. Вариациялық форманың импровизациясы жақын, алайда, функциялар өзгешеленеді бастады.Мысалы, музыкалық бүтіндіктің өте күрделі түрі функцияда бастайтын бітірілген музыкалық формалармен дамыту және аяқтау соната формасында экспозиция, өңдеу, репризаның арнайы музыкалық құралдарымен бейнеленген елестеткен. Уақытша процесс форма бұл себеп және салдарды түр бойынша бір-бірімен сабақтас фазаларға мүшелейді. Мұндай салыстыруға қабілетті тыңдаушыларға тән ықыласының белсенділігінің формаларының қабылдауы жадта арғы-бергі салыстырып, ұстап қалып, дамыту музыкалық келешек таңдандыруға ойлайды ойла. Дыбысталу ұзақтықтың бітірілген формаларында ерекше кеңістікті алады: қабілеттілік байланысының логикасында жиірек музыкалық табандатқан мұэдап кету. Осылай форма және кристалдаған форманың диалектикасы пайда болады. Музыкалық шығарманың аяқталғандығы, өз кезегінде, шығарманың бітірілген түрінің тыңдаушының жадында тастап кететін орындаушылық интерпретациядағы іс жүргізетіндігімен аударып қояды.Ол сынағыштықтағы танысуда басқа орындаулар, түсіндірулермен, осы шығарманы әр түрлі ұғынумен процесске жаңадан өрістейді. Музыкалық өнер туралы өте сезгіш өнерлерді ара-арасындалар туралы сияқты айтады. Поэзия немесе кескіндеме, мысалға, мүмкін емес ғана емес деңгейде физиологиялық реакциялар, музыкамен қабылдансын қабылдана алады, керісінше парасаттың қосындысысыз шығарсын, және мұндай тыңдау және музыка тартуды көкжиек жеткілікті (нақтылы сарындар, дискотекадағы билары, сөзді бұзылыстары бар аурулардың ән салуы және логикалық аппараттың бұзылуымен арқылы тиімді ойлауды ажыратуды медитацияланатын тәжірибе) кең. Музыканың нейрофизиологиялық әсері баяғыдан дәрігерлікте қолданылды. Сонымен бірге, музыкасын баяғы заманнан жүретін әдетіншелерді абстрактілі өнермен - философия және музыканың көркем балама өте қорытылған болып мақұлдайды. Николай Кузанскийдің қайта тууды дәуірінің кардиналы жасауды аспапты музыкада Кеңістік көрді. Мысалы, музыканың қабылдауының ерекшеліктері орын және уақыттың көп факторларынан тәуелді болады

Адамның музыкалық іс-әрекетінің негізгі үш түрі бар. Олар

- шығармашылық (музыкалық шығарушылық),

- орындау,
- қабылдау.

Яғни автор музыканы тудырса, орындаушы қайта жаңғыртады, ал тыңдаушы оны есту арқылы қабылдайды. Музыканы насихаттау, ғылыми тұрғыда зерттеу, музыка сыны, музыка кадрларын даярлау сияқты іс-әрекеттің басқа да түрлерімен қосыла отырып, шығармашылық, орындаушылық өнер және қабылдау негізінен қоғамның музыка мәдениеті болып қалыптасады. Осы секілді музыка салаларының әрқайсысының өзіндік құрылысы болады. Мысалы, дамыған музыкалық мәдениеттің алуан белгілерімен дараланатын шығармашылық түрлері бар. Олар:

1) Мазмұны жағынан:

- лирикалық,
- эпикалық,
- драмалық,
- қаһармандық,
- трагедиялық, т.б.; басқаша айтқанда байсалды және жеңіл музыка;

2) Орындаушылық жағынан:

- вокалдық ( жеке адам орындайтын)
- аспаптық музыка (ансамбльдік, оркестрлік, аралас музыка);

3) Өнердің басқа түрлерімен және сөзбен қосылу жағынан:

- театр музыкасы,
- би музыкасы,
- бағдарламалы аспаптық,
- мелодрама (музыка фонында көркемсөз оқу)
- сөзбен айтылатын вокалдық музыка;

4) Дыбыс шығару жағдайына байланысты:

- арнайы жағдайда тыңдалатын музыка (мұнда тыңдаушылар орындаушылардан бөлек болады)
  - ойын-сауық және
  - концерттік музыка
- күнделікті өмірде дағдылы жағдайда көпшілік орындайтын әрі тыңдайтын музыка.
  - көпшілік-тұрмыстық
  - әдет-ғұрып музыкасы

Осы 4 түрлі жанрлық топтың өзі одан әрі

- ойын-сауықтық музыка, яғни музыкалық театр, драмалық театр және кино музыкасы;
- концерттік – симфониялық, камералық және эстрадалық музыка;
- көпшілік-тұрмыстық – ән және би музыкасы;
- әдет-ғұрыптық – дін және дәстүрлі музыка, т.б. болып дараланады.

Ал көпшілік-тұрмыстық музыкасынан ішінара

- ән (гимн, бесік жыры, серенада, т.б.),
- би (гопак, вальс, полонез, т.б.) және

- марш (сап маршы, қаралы марш) жанрлары бөлініп шығады;

5) Композициялық түрі және музыкалық тілі жағынан (орындаушылық тәсілдерімен қоса) бір бөлімді және циклдік жанрлар болады. Мысалы,

- ойын-сауық музыкасы: опера, балет, оперетта, т.б.;
- концерттік музыка: симфония, сюита, увертюра, поэма, аспаптық концерт, оратория, кантата, трио, квартет, т.б.
- Әдет-ғұрып музыкасынан: хорал, месса, реквием, т.б. бөлінсе, осы жанрлардың әрқайсысы ішінара жанрлық түрлерге жіктеледі:
  - Мысалы, операда - оперетта, оратория, кантатада; ария, ансамбль, хор,
  - балетте – адажио жеке биленетін вариация;
  - симфонияда - соната,
  - камералық-аспаптық ансамбльде - анданте және скерцо, т.б. кездеседі.

Музыка (music)- кескіннің сұлулығын және эмоционалды бейнелілікті білдіру үшін вокалды немесе инструменталды дыбыстарды араластыратын өнер түрі, әдетте ырғақтың, мелодияның, әсіресе, батыс музыкасының, үйлесімділіктің мәдени стандарттарына сәйкес.[6]. «Музыка» ұғымы, әдетте, мелодияға жиналған биіктігі әртүрлі дыбыстардың жиынтығы және белгілі бір ырғақты және метрлі I бейне деген мағына

Әдетте, мелодияда белгілі бір тональдылық немесе лад болады, еуропа музыкасында сүйемелдейтін аккорд немесе контрапункт түрінде көрініс табуы мүмкін үйлесімділікті қажетсінеді.

Музыка — әрбір адамзат қауымдастығына белгілі бір түрінде тиесілі өнер. Ол салт-дәстүр, әдет-ғұрып, қозғалыс үйлесімділігі, қарым-қатынас және ойын-сауық тәрізді әртүрлі қоғамдық мақсаттар үшін пайдаланылады.

Қазақ халқы ұлт болып құрылу кезеңінен бастап музыка мәдениеті қалыптасы бастаған. Ән мен күйлерде халық өмірінің әр кезеңдегі тіршілік-тынысы бейнеленеді. Халық музыкалық творчествосы диатоникалық мажор мен минорлық дажтарға негізделеді. Орындаушылық дәстүрлердің түрлері домбыра немесе қобыздың сүйемелімен ән салу, музыкалық аспаптарда күй тарту, т.б. дамыды. Қазақ музыкасының тарихи даму жолында ұлттық өнердің өшпейтін классикалық шығармаларын тудырған дарынды

- күйші-композиторлар:
  - Құрманғазы,
  - Ықылас
  - Тәттімбет
  - Қазанқап,
  - Сармалай т.б.
- әнші-композиторлар:
  - Біржан Қожағұлұлы
  - Ақан сері Қормасаұлы
  - Мұхит Мерәліұлы т.б.

Қазіргі таңда музыкалық театрлар, көркемөнерпаз үйірмелері, хор ұжымдары ашылған. Музыка фольклорын жинау және оны зерттеу

жұмыстары жүргізілуде. Музыка творчествосының жаңа жанрлары, музыкалық аспаптардың сүйемелімен хор орындау қалыптасты, орындаушылық өнер көбейді. Қазақ филармониялар мен Қазақ опера және балет театрлар өмірге келді. Ұлттық опера, көпшілік әндері мен романстар, камералық симфониялық және хор музыкасы қалыптасты.

Қабілеттілік ілімі жөніндегі алғашқы зерттеулер ағылшын психологі Ф.Гольтон есімімен байланысты. Ол адамдардың жеке дара ерекшілігі мәселесін зерттеген. Ол өзінің «Таланттық тұқым қуалаушылығы оның заңдылығымен шығу тегі әдіснамалық тұрғыда негіздеп, келесі заңдылықтарды белгіленді

-өте жоғарғы қабілеттілігі болмаса, ешбір адам қоғамда жоғары дәрежеге, атаққа, даңққа ие бола алмайды:

-өте жоғары қабілетілігі бар адамдардың тек өз бөлігі ғана қоғамда жоғары дәрежеге, атаққа, даңққа ие бола алмайды.

Неміс педагогі және психологі Э. Мейман дарындылық мәселесін зерттеуді теориялық турғыда жалғастырып, соның негізінде «дарындылық қатар туа біткен дарындылық пен кейіннен игерілген дарындылықты бірлікте карауға тырысты Э.Мейман дарындылықтың педагогикалық аспектілерің оқу мен тәрбиенің дарындылықтың дамуына әсерін, дарындылық, қабілетілік коэффициентін» көрсетті. В.Штерн ақыл-ой қабілетілігіннің келесі анықтамасын ұсынды: «Ақыл – ой қабілетілігі- өз ойын саналы түрде жаңа талаптарға қарай бағыттайтын, жаңа міндетермен өмір жағдайына бейімдейтін жалпы ақыл-ой қабілеттілігі». В. Штерннің пікірінше, дарынды деп жаң талаптарға әт түрлі салада, әр түрлі жағдайларда тез–тез бейімделе алатын адамды айтуға болады.

XIX ғ. қазақ халқы ағартушыларды халықты сауаттандыру, жеке тулғаның қабілетін дамыту мәселерін көтере бастады. Ағартушы Ы.Алтынсарин “Табиғи ақыл өзін қоршағанда жаңа құшағына ала алса, оны дамытып, өзі көрмегенді де танып білуге мүмкіндік жасайтын тек қана өркениетке жетелейтін озық білім” дейді.

Ш.Уәлиханов шығармашылығына жеке тұлға тәрбиесіндегі білім мен тәрбиенің шешуші рөлі көрсетілген. Оның жалпы қазақ халқының ақыл–ой қабілеттілігі жөніндегі пікірі мынандай: «Қырғыз- қайсақтар табиғатынан ақыл-ойы жүйріктігімен, таңқаларлық кемшіліктігімен ерекшеленеді». Ш.Уәлиханов тәрбиеге үлкен маңыз бере отырып, адам қабілетінің дамуына оның табиғи бейімділігінің мәні зор екендігін алға тартады.

А.Құнанбаев адамды қоршаған орта – табиғаттың бір бөлігі дей келе, табиғаттың адам баласына берген керемет сыйы – туғаннан бастап білуге, түсінуге деген ұмтылысы деп есептейді. Бірақ, бала өсе келе осы қасиетті біртіндеп жоғалта береді. Ақын адамның ойы мен санасы еңбек іс-әрекеті кезінде қалыптасады деп тұжырымдайды: «Кей қасиет туа бітеді, ал кейбірі еңбек арқылы қалыптасады».

Сонымен қазақ ағартушылары қабілеттіліктің туа бітетін қасиет екенін мойындай отырып, адам қабілеттілігінің дамуына білім мен тәрбиенің, еңбектің, қоршаған ортаның зор ықпалының бар екенін айтады.

XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанда педагогикалық теория негіздерінің қалыптасуына ат салысқан көрнекті қайраткерлер Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаевтардың педагогикалық мұраларында білім беру үрдісінде балалардың қызығуы мен қабілеттілігінің қалыптастыру мәселесін ескерту керектігі баса айтылған.

Ж.Аймауытов әдістемелік еңбегінде эксперименттік зерттеу нәтижесіне сүйеніп, мамандықты дұрыс таңдай білуге арналған кеңестерін ұсыналды. Оның пікірінше мамандық таңдауда адамның жеке қасиеттерін темпераментін, қабілеттілігін, мінезін, күш-жігерін ескеру қажет. Сонымен қатар Ж. Аймауытовтың ойынша әрбір адамның белгілі бір мамандыққа деген туа біткен білімділігі бар, сондықтан адам өзінің табиғатына тән қызметпен айналысқан тиімді болады.

М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» еңбегінде адамның жалпы рухани дамуы туралы айта келіп, тәрбиені ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық деп бірнеше түрге бөліп қарастырады. Ол жеке тұлғаға тәрбие мәселесін интеллектуалдылық қабілеттілікпен тығыз байланыста қарастырады.

Дарындылық теориясының негізгі кешегі кеңес психологтерінің еңбектерінде көрініс тапқан. Л.Вигодский, Б.Ананьев, В.Крутецкий, Н.Лейтес, В.Тепловтардың психологиялық тұжырымдары дарындылыққа интегралдық жеке тәрбие ретінде жүйелі көзқарас тууына негіз болды, адам қабілеттігінің құрылымдық бөліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Дарындылық мәселесін зерттеушілердің еңбектері көп болғанымен дарындылықтың мән-мағынасы жөнінде олар ортақ бір пікірге келе қойған жоқ. Сондықтан біз баланың дарындылығы деп, оны өз құрдастарымен салыстырғанда бірдей жағдайда білімді игеру деңгейінің жоғарылығы мен аса ерекше байқалатын шығармашылық қабілеттінің байқалуы деп түсінеміз.

«Дарындылық» ұғымы «Сый» (дар) деген сөзден шыққан, дамудың қолайлы ішкі алғышартарын білдіреді. Бұл ұғымға педагогикалық энциклопедияда анықтама: «Дарындылық-белгілі бір іс-әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғары деңгейі».

«Дарындылық» ұғымы қабілетілік ұғымына өте жақын. Дарындылық пен қабілетілік ұғымдары өткен ғасырдың 40-50 жылдарында психолог Б.Тепловтың еңбектерінде тоғылығырақ зерттеледі оның дәлелдеуінше, белгілі бір күрделі іс-әрекеті жүзеге асыруда қабілетіліктің бір ғана түрі жеткіліксіз, сондықтан бірнеше түрлерінің жиынтығы қажет болады. Белгілі бір іс әрекеттің ұтымды орындалуына тікелей әсер етуші қабілетіліктің ерекше сапалық жиынтығын дарындылық дейді ғылым.

В.Крутецкин өзінің музыкалық қабілетіліктің құрылымын зерттеген еңбегінде «Егер қабілетіліктер деген ұғымды жеке психологиялық қасиеттер деп түсінсек, онда дарындылық дегенді адамның ерекше қабілеттіліктерінің жиынтығының бірлігі деуге болады» деп тұжырымдайды. Сонымен қатар, «дарындылық» қабілеттіліктің жоғарғы деңгейін белгілейді.

Дарындылық ұғымымен қатар шығармашылық, талант, данышпандық ұғымдарына да тоқтала кетейік.

Шығармашылық-өзінің жаңашылдығымен, өзгешілдігімен ерекшеленетін өнім алуға мүмкіндік жасайтын жеке тұлғаның бойындағы қабілетіліктің, білім мен біліктіліктің, түрткінің болуы.

Талант – қабілеттіліктің жоғары деңгейі.

Бұл ой ол суретшінің, өнертапқыштың, ғылымның және кез келген істі шығармашылықпен шешуді талап ететін өзгеде мамандық иелерінің өзгешелігімен, тұпнұсқалығымен ерекшеленетін еңбектерінің болуымен сипатталады.

Данышпандық–қоғам өмірінде тарихи маңызы бар, шығармашылық пен сиппаталатын дарындылықтың жоғарғы деңгейі. Данышпан адам өз ісінің аумағында жаңа ғасыр тудырады.

Әрине, бұл ұғымдар жеке адамдық қасиеттер өзара бір–бірімен тығыз байланыста пайдаланалады.

Соңғы уақытта өмірдің жылдам өзгеруіне байланысты маманға деген жоғары талаптардын қойылуы бұл ұғымдарға жиі жүгінуді қажет етуде. Осыған орай жоғарыда аталған ұғымдардын мән- мағанасын ашып, оларды қалыптастыру мәселесіне қатысты көптеген ғылыми еңбектер туындауда. Солардын бірі – Н.Лейпестің редакцияларымен 1996 жылы жарық көрген «Дарынды балалармен ересек балалардын психологиясы» кітабы. Осы еңбегінде Н.Лейпес дарындылық ұғымына мынандай анықтама береді.

«Дарындылық-баланың өз құрдастарымен салыстырғанда бірдей жағдайда білімді игеру деңгейінің жоғарлығы мен аса ерекше байқалатын шығармашылық қабілетінің байқалуы».

Бұл ой тұжырымдарды дарындылық тек педагогикалық қана емес, әлеуметтікте мәні бар құбылыс деуге болады. Осы бағыттағы зерттелген ғылыми еңбектерге талдау жасай келе, дарындылық ұғымына төмедегіше анықтама береміз. Дарындылық- адамның бір не бірнеше іс-әрекет саласында жоғары, қатардағылардан ерекше нәтижеге жету мүмкіндігін анықтайтын көп өлшемді, ықпалдастырылған құрылым.

Жас жеткіншектерді заман талабына сай тәрбиелеуде олардың жеке қабілеті мен бейімділіктерін, олардың дарындылығын ескеру маңыздылығы күнен-күнге арта түсуде.

Н.Ожеговтың сөздігінде дарындылық «табиғаттан берілетін ерекше қабілет» деп түсіндіріледі. Адами ойлау, ізденімпаздық-табиғаттың адамзатқа берген тамаша сыйы. Бұл қабілет барлық адам бойынан табылары да сөзсіз. Дегенмен, табиғат оны бәріне бірдей етіп бөлмей, біреуге көптеу, біреуге аздау, ал үшіншілеріне мүлдем жарытпай таратытыны да анық.

Біз дарынды деп белгілі бір қабілеті көпшіліктің орташа қабілетінен ерекшелетіндерді айтып жүрміз. Өмір сүретін орта, берілетін тәрбие осы ерекшеліктің одан әрі дамуына көмектеседі немесе оны мүлдем жоқ қылады.

Көптеген ғалымдар дарындылықты генетикалық нәрсе деп қарастырып, оны белгілі бір даму сатысының соңғы нәтижесі деп түсіндіріледі.

Дарындылықтың тұқым қуалайтындығы, ұрпақтан ұрпаққа берілетіндігі сөзсіз.

Канада ғалымы Д.Хебб «генотиптік интеллект» деген ұғымды енгізді. Бұл таза тұқым қуалайтын интеллект сыртқы ортамен қарым-қатынас орната отырып, «фенотиптік интелектіні» құрайды. Соңғысының деңгейі ойынша ген арқылы берілу мен сыртқы ортаның әсерінің арасындағы қатынас. 8:2. Мұнда 8-тұқым қуалаушылық, 2-сыртқы орта. Осыдан ол мынадай қорытындыға келеді: ой-өріс (интеллект)-бұл мәдени-әлеуметтік орта мен индивидтің (адамның) тәжірибесінен пайда болатын өнім, ал осы тәжірибені ассимиляциялап (жинақтап) тиімді пайдалана білуінің 80% генотиптік құрылымға байланысты.

XIX-XX ғасырлар тоғысында ассоциативтік психологияда дарындылық мәселесіне функциональдық көзқарас туындады. А.Бен, В.Вундт, Д.Милль, Г.Спенсер, Т.Циген сияқты психологтар ой-өріс дарындылығын диагностикалау үшін бес негізгі функцияны өлшеп, зерттеу керектігін айтады. Олар: ой, зейін, ерік, қабылдау және есте ұстау. Тек XX ғасыр басында ғана ғалымдар нағыз дарынды ғылыми қызмет, ғылыми ойлаудан іздеу керектігін айта бастады. Содан әртүрлі, өзара қарам-қайшы шиеленіскен көзқарастарды жүйелей отырып, ғалымдар дарындылықты жалпы және арнаулы деп екіге бөліп қарастыруға көшті. Неміс алымы В.Штерн жалпы дарындылық-интеллектіден өзгеше, оны индивидтің өз ойын жаңа талаптар, мақсаттар мен міндеттерді орындауға саналы түрде бағыттай алатын қабілеті деп түсіндіреді. Арнаулы дарындылық дегеніміз-бұл белгілі бір бағытта ерекше қабілеттер таныта білуі. Мысалы, қолөнер, сурет, ақындық және т.б. Сонда көптеген біріне-бірі байланыссыз арнаулы факторлар түбінде ақыл-ой қабілетін, яғни интелектіні құрайды. Сонымен жоғарыда қарастырып отырған мәселе бойынша ойымызды қорытындыласақ, дарындылық-тұлғаның жалпы, интегралды қасиеті екендігі анық көрініп тұр. Тек қана бір салада ерекше қабілетті болып, ал өмірдің басқа жақтарынан дәрменсіз болу табиғатта сирек кездесетін құбылыс. Атақты суретшілердің көпшілігі өлең жазған және керісінше ақындарддың біразы сурет, қолөнермен қосымша шұғылданып, жақсы туындыларымен халқын тамсндырған.

Дарындылықты немесе ерекше қабілеттілікті балалық шақта жалпы, универсалдық тұрғыдан қарастырған жөн. Ал уақыт өтісімен, тұлғаның есею імен бұл қабілет өзінің арнаулы қырларын көрсетеді, пәндік дәрежеге, мазмұнға ие болады.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай қабілеті, белгілі бір іс-әрекетке бейімділігі жас кезінен-ақ белгілі болады. Бейімділік дегеніміз-бұл адамның белгілі бір іс-әрекетпен айналысуға бет бұрысы, оған көңілінің ауруы, яғни оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі. Сондықтан бала кезде ерекше көзге түсетін бейімділіктердің келешекте олардың қабілеттерінің көрсеткіштері екенін ұмытпай, дер кезінде көре біліп, соған сәйкес келетін қабілеттерді дамыту мүмкіндігін жасау әрбір ұстаздың міндетті түрде атқаратын қызметі болмақ.

*Ең жоғарғы қабілеттілік-таланттылық.* Талант дегеніміз не? Бұл сөздің түп төркіні грек, латын тілдерінде өлшемнің ең жоғарғы белгісі делініпті. Асылдан да, алтыннан да артық тұратын өлшем. Тарихта халыққа басшылық етіп, әр салада жаңалықтар ашып, таңдаулы шығармалар жазып, керемет істер жасаған дарынды адамдарды қабілеттері үшін аса жоғары бағалаған.

Қабілетті, дарынды балалар көбінесе шапшаң, тез ойлайтын, көп көлемде білім меңгеретін, оны ұзақ уақыт ұмытпайтын болып келеді.Түсінігі өте жоғары, сезімтал, ойға алған нәрсесін, алдына қөойған мақсатын қалайда орындауға тырысатын, адамгершілік сезімі ерте дамып, моральдық қасиеттерге бай, қиял-күші басым болады.

Қабілетті және дарынды оқушыларды ерте айқындау, оларды тәрбиелеу білім беру жүйесін жетілдірудегі негізгі міндет болып табылатынына бүгінгі таңда ешкім күмән келтірмейді. Негізгі міндетті көздеу үшін бағдарламалар мен ережелер әзірленген:

-қабілеттілікті ерте айқындауды қамтамасыз ету;

-оқушының шығармашылық мүмкіндігін көрсететін диагностика жүргізу;

-қабілетті балалармен жұмыс істейтін мұғалімдерге арналған педагогика-психологиялық кепілдемелер зірлеу;

-дарынды балаларға практикалық көмек көрсету.

*Дарынды және қабілетті оқушыларды айқындаудың негізгі жолдары:*

Оқушының шығармашылыққа және мамандыққа қызығушылыған өнер, әдебиет, техника, ғылым салаларындағы олимпиадаларға, конкурстарға қатыстыру арқылы дамыту.

Үйірмелер, факультативтер, ғылыми зерттеу жұмыстары арқылы дарынды оқушыларды тәрбиелеу және дамыту.

Пәндерді таңдаулы, практикумдарды, жеке кеңес беруді енгізу.

Дарынды және қабілетті жастармен жұмыс істеудің өзінше қиындығы, шешілмей келе жатқан көптеген келелі мәселелері бар екенін айтып өту керек.

1.Жалпы білім беретін мектептердің көпшілігінде психолог маманнның жоқтығынан дарынды балаларды дамыту, олардың ерекшеліктерін зерттеу, диагностикасын жүргізу жолдары өз деңгейінде емес.

2.Ауыл мектептерінде оқушының шығармашылық тұлғасын тәрбиелейтін аранайы әдебиет, оқулық, әдістемелік басылымдар өте қажет.

Нарыққа байланысты қаржылай көмектің жоқтығы дарынды, қабілетті балаларды және өте жоғары шығармашылық мүмкіндігі бар оқушыларды зерттеуге, тәрбиелеуге, оқытуға кері әсерін тигізіп келеді.

*Дарынды оқушыларды таңдау және тәрбиелеу*

Қабілетті дарын иесі арнайы білімге соншалық мұқтаж болуы-табиға нәрсе. Оларға дұрыс тәлім-тәрбие берудің алғы шарты-дарын иелерін жастайынан таңдай білу.

*Дарынды және қабілетті балалардың ерекше белгілері:*

1.Өзгеше ойлау ерекшеліктері.

2.Көп көлемде білімді меңгеру қабілеті.

3.Түсінік қабілетінің жоғары деңгейде болуы.

4.Тез ойлап, белгілі бір нәтижеге жетуі.

5.Таңдау қабілетінің кең болуы.

*Дарынды оқушылардың музыкалық және одан тыс сезімдері тұрғысынан өзгешеліктері:*

-сезім мүшелерінің қабылдауының ерекше болуы (түс, дыбыс);

-физикалық және интелектуалдылық дамуда ерекше бір ілгерілеу шапшаңдығы;

-жан дүниесінің тереңдігі;

-теориялық және көркемдік құндылықтарға ерекше мән беруі;

-талап және ішкі күш-жігерінің жоғары деңгейде болуы;

-жиі-жиі ойға берілу, қиял күшінің басымдылығы.

*Дарынды балалардың әлеуметтік тұрғыдан ерекшеліктері:*

-өз талап-тілектерін орындауы, адамгершілік мәселесінде ерте дамуы;

-әлеуметтік мәселелерде тиімді және нақты шешімдер ұсынуы;

-әлеуметтік мәселелерді дұрыс түсіне, қоғамның әділет, әсемдік, турашылдық сияқты жоғары талаптарымен шұғылдануы;

-жоғары моральдік қасиеттерге ие болуы;

-өзіне-өзі сенімділік.

Дарынды оқушылардың дүниетанымын кеңейту, шығармашылық қызметке баулу, ізденушілік қасиеттерін жетілдіруде сыныптан тыс жұмыстарды жүргізудің маңызы зор. Үйірме жұмыстарын, физика және музыкалық кештерді, олимпиадаға дайындық, конференция, КВН, дәстүрлі емес сабақ түрлерін жүргізуді ұйымдастыру жұмыстарын, өзін-өзі басқару әдісі бойынша жүргізеді. Өздіктерінен ғылыми-бұқаралық әдебиеттерді, әдістемелік журналдарды, оқу ізденгіштік, зерттеушілік іскерліктерді шығару жолдарын көрсету. Музыкадан конкурстар ұйымдастырып, оны қорытындылап, жеңімпаз оқушыларды марапаттап отыру да оқушылардың белсенділігін, сенімділігін арттырады.

Танымдық белсенділік баланың психологиялық - денелік дамуының алғы шарты мен нәтижесі болып табылады. Осыған байланысты балалардың жоғары психикалық үрдісін қабылдау, зейін, ойлау ерекшеліктері анықтайды.

Барлық психикалық танымдық үрдістердің ішінен ойлау жетекші үрдіс болып табылады. Барлық танымдық процестер үрдістердің қасиеттері мен қатар бір-бірімен сипатын анықтай отырып, олармен бірге және тығыз байланыста болып бірізділікте жүреді. Демек оқыту үрдісінде ынталандыру- бұл ең алдымен бала ойлауын дамыту болып табылады.

Ойлау адам өмірінде аса қымбат орын алады. Ойлау арқылы ғана заттардың, көріністердің араларындағы байламды белгілеп, оларда бар себептерді табады, келешекте оларға не болатынын ойлап шығарады. Келешекті болжай алады. Сондықтан тәрбиеші баланың дұрыс ойлап үйренуіне көп күш жұмсауы керек. Өйткені дұрыс ойлау ұрпақтан ұрпаққа табиғи түрде беріледі, оның үстіне тәжірибе арқылы да қалыптасады

Адамдарда тану екі негізгі формада жүзеге асады: сезімдік тану формасы және абстракциялық ойлау формасы. Сезімдік тану, түйсік, қабылдау, елестету сияқты жолдармен көрініс табады, оның көмегімен біз заттардың жеке қасиеттерін ажыратамыз. Сезімдік тану- бұл тек ойлаудың бастапқы сатысы, адам дүниені түйсіне отырып қабылдайды.

Сонымен ойлау қызметінің белсенділігін арттыру үшін балалардың танымдық қызметін дамытатындай өзіндік пікір, қорытынды шығаруға түрткі болатын ойындар ұйымдастыру қажет.

Ойын арқылы балалардың негізгі іс -әрекеті және олардың айналадағы өмірден алған білімдерін, әсерлерін жинақтаған тәжірибелерін өз бетінше іс жүзіне асырады. Ойын барысында берілген тапсырмаларды шешуде балалардың ақыл- ойы дамиды. Міне, осыдан баланың логикалық ойлау, қиялдау қабілеті шыңдалады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың бойына оқу қызметін меңгерту, ол танымдық белсенділікті дамытудың басты бағыты болып саналады.

Танымдық белсенділікті психологиялық -педагогикалық құбылыс ретінде анықтау, бұл мектепалды даярлық кезеңіндегі балалардың тұлғалық сапасының ерекшелігіне талдау жасауға, тәрбиелеу мен оқыту үрдісін қалыптастыру жағдайлары мен құралдарын қарастыруға мүмкіндік береді. Себебі меңгерілген білімнің сапасы мен беріктігіне тек балаларды оқыту, дамыту және тәрбиелеудің нәтижесі емес, сонымен қатар балалардың өзіндік танымдық іс -әрекетіне қатынасының қатысуымен тәуелді болып келеді.

Танымдық белсенділік баланың психологиялық- денелік дамуының алғы шарты мен нәтижесі болып табылады. Осыған байланысты балалардың жоғары психикалық үрдісін қабылдау, зейін, ойлау ерекшеліктері анықтайды.Барлық психикалық танымдық үрдістердің ішінен ойлау жетекші үрдіс болып табылады.

Барлық танымдық процестер үрдістердің қасиеттері мен қатар бір-бірімен сипатын анықтай отырып, олармен бірге және тығыз байланыста болуып бірізділікте жүреді. Демек оқыту үрдісінде ынталандыру- бұл ең алдымен бала ойлауын дамыту болып табылады.

Ойлау адам өмірінде аса қымбат орын алады. Ойлау арқылы ғана заттардың, көріністердің араларындағы байламды белгілеп, оларда бар себептерді табады, келешекте оларға не болатынын ойлап шығарады. Келешекті болжай алады. Сондықтан тәрбиеші баланың дұрыс ойлап үйренуіне көп күш жұмсауы керек. Өйткені дұрыс ойлау ұрпақтан ұрпаққа табиғи түрде беріледі, оның үстіне тәжірибе арқылы да қалыптасады

Адамдарда тану екі негізгі формада жүзеге асады: сезімдік тану формасы және абстракциялық ойлау формасы. Сезімдік тану, түйсік, қабылдау, елестету сияқты жолдармен көрініс табады, оның көмегімен біз заттардың жеке қасиеттерін ажыратамыз. Сезімдік тану- бұл тек ойлаудың бастапқы сатысы, адам дүниені түйсіне отырып қабылдайды.

Сонымен ойлау қызметінің белсенділігін арттыру үшін балалардың танымдық қызметін дамытатындай өзіндік пікір, қорытынды шығаруға түрткі болатын ойындар ұйымдастыру қажет.

Ойын арқылы балалардың негізгі іс -әрекеті және олардың айналадағы өмірден алған білімдерін, әсерлерін жинақтаған тәжірибелерін өз бетінше іс жүзіне асырады. Ойын барысында берілген тапсырмаларды шешуде балалардың ақыл- ойы дамиды. Міне осыдан баланың логикалық ойлау, қиялдау қабілеті шыңдалады.

Негізінде баланың логикалық ойлау қабілеті дегеніміз – қарапайым математикалық алғашқы ұғымдарын меңгертуден басталады десек қателеспейміз. Оны жүйелі түрде шыңдау тәрбиешінің басты міндеті. Педагогика және психология зерттеулері бойынша балалық шақ – баланың жеке тұлға болып өзін - өзі сезінуінің алғашқы сатысы, демек адамгершілік қасиеттер, ақыл –ойы, логикалық және басқада қасиеттерін қалыптастырудың ең негізгі кезеңі болып табылады.

Бала белсенділігі туралы XVI – XVIII ғасырдағы негізделген алғашқы әрекеттер (Я.А. Коменский, Ж.Ж. Руссо) және бұл ұстанымдарды А. Дистервегтің, К.Д. Ушинскийдің және XIX ғасырдың басқа да прогрессивті ұстаздардың қолдауы физиологиялық және психологиялық деңгейде адам белсенділігінің мәнін методологиялық бағалаушылық пен расталады (И.В. Сеченов, В.М. Бехтерев, И.П. Павлов, Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, А. Леонтьев).

Осы зерттеулердің нәтижесінде тұлғаның белсенділігі оның табиғи жаратылысы жағдайы, сонымен бірге, тұлға іс-әрекет барысында қалыптасатындығы, іс-әрекет қандай болса, тұлға да сондай болады деген қорытындылар жасалынады. Демек, жеке тұлғаны жан-жақты дамыту үшін оқу белсенділігінің мәні ерекше.

Шынымен-ақ, балалардың оқу белсенділігін арттыру арқылы өздігінен білім алуды қажетсіну қазіргі таңда шешуін күтетін өзекті мәселелердің бірі екені айқын.Адамның белсенділігінің табиғатын тани білу, еңбек және моральдық белсенділік дәрежесі бойынша адамның қоғам мен ұжым үшін жарамдылығын жете анықтау мұғалімінің басты міндеті.

Белсенділік деп адамның іс-әрекеті үстіндегі жағдайын айтады. Тіршілік және іс-әрекеттері барысында адамның қарым-қатынас жасау, таным және өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі дамиды.

Бала белсенділігінің ең алғашқы формасының бірі қарым-қатынас жасау белсенділігі. Бұл адамның бүкіл өмірінде дамитын белсенділік. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес басқа адамдар мен қарым-қатынас жасау белсенділігінің мазмұны өзгеріп отырады. Мектеп жасына дейінгі балалар ересек адамдардың әрекеттеріне үңіле қарап, үйренеді, оларға еліктейді. Балалардың саналы түрде істейтін мұндай әрекеттерін ырықты немесе ерікті белсенділік дейді. Бұл жастағы балалардың үлкендердің әрекеттеріне және олармен өзара қатынас жасауға еліктеу рөлді ойындарды атқару барысында байқалады.

Көбінесе балалардың ойындарда адамдардың іс-әрекеттері, тұрмысы, өзара қатынасы қамтылып көрсетіледі, ұжымдық өмір дағдылары қалыптаса бастайды. Ойын барысында балалардың құрдастарымен де өзара қатынасы өзгереді. Олар басқа балалармен ойнауға тілек білдіреді, еңбекке байланысты тапсырмаларды бірігіп, орындауға, өз қылықтарын ережеге бағындыруға, керексіз әдеттерді тежеуге, кедергіні ығыстыруға үйренеді.

Әр түрлі ойын баланың дүниетанымын кеңейтіп, қарым-қатынас жасау белсенділігін дамытады.Қарым-қатынас белсенділігі әсіресе, мектеп жасындағы балаларда айқын көріне бастайды. Ата-аналармен, мұғалімдермен, құрдастары және достарымен, үлкендермен балалардың қатынас жасауында әр алуан ерекшеліктер болады. Қарым-қатынас жасау белсенділігі жеке адам қасиеттерінің (мархабаттық, қайырымдылық, қамқорлық, өзі үшін және басқа адамдар алдында өзінің қылықтары жайлы жауапкершілік сезімі т.б.) қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Баланың даму барысында таным белсенділігі артады.

Мектеп жасына дейінгі (5-6 жас) балалар заттарды түсіне, формасына қарап ажырата бастайды, олардың құрылысын, пайдалану тәсілдерін білгісі келеді. Балалардың бір нәрсені құмартып, білуге талаптануын таным ынтасы дейді. Балалар өте байқағыш, әр нәрсеге үңіле қарайды, кейде терең ойға шомылады.Мектеп жасындағы балалардың таным ынтасын қалыптастыруда білім беру тәсілдерінің ерекше маңызы бар. Оқу барысында балалар түрлі заттардың, құбылыстардың мәніне, ғылыми ұғымдар мен заңдылықтарға терең түсінуге, алған теориялық білімдерін практикада еркін білуге үйренеді. Балалардың таным белсенділігі олардың шығармашылық іздену қабілетіне, мұғалімнің теориялық сауаттылығы мен шеберлігіне байланысты. Жеке адамның санасының қалыптасу барысында өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі ерекше орын алады. Бала даму барысында өзін-өзі жетілдіру мақсатын көздей талаптанып әр түрлі әрекет жасайды.

Балалардың өзі-өзі тәрбиелеу ісін жетілдіру үшін олардың жас және дербес ерекшеліктерін еске алып, оқу тәрбие жұмысының барысында сана сезімін ояту, өз бетінше жұмыс істей білуге үйрету – мұғалімнің басты міндеті.

Кеңес педагогикасында адамның қоғамдық-саяси белсенділігі күрделі моральдық-еріктік сана ретінде қаралады. Онда қоғамдық жұмысқа деген ынтасы, тапсырманы орындаудағы жауапкершілігі, орындаушылығы мен инициативтілігі, өзіне және жолдастарына талап қойғыштығы, қоғамдық тапсырмаларды орындаған кезде басқаларға көмектесуге әзір тұруы, ұйымдастырушылық іскерлігінің болуы осылардың барлығы бірінен-бірі ажырамастай ұштасып жатады. Осы көрсеткіштердің әрқайсысы оқушының қоғамдық іс-әрекетке қатынасын және оның белсенділік дәрежесін сипаттайды.

Белсенділік адамның табиғи қасиеттерінің бірі болып табылады. Белсенділіктің өзіне және жеке тұлғаның қоршаған ортамен тәрбиелік (сыртқы) әсерлерге қатысты ішкі ұстанымдарына байланысты ол әр түрлі бағыттарда қалыптасуы мүмкін. Егер баланың осы әсерлерге деген көзқарасы

теріс болса, ол тәрбиешісі қалағанынан қайшы бағытта дамиды. Мұндай жағдайда мұғалімнің үлгерімді жақсартуға шақырған әрбір сөзі балада жасырын, кейде тіптен ашық қарсы әрекет тудырады. Тәрбиеші, оның педагогикалық әсері ішкі өрісте, яғни тәрбиеленушінің санасы мен сезіміне оң әсерін тигізбесе, барлық жағдайларда әрдайым осылай болып отырады.Осының нәтижесінде, жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуында көрініс табатын барлық әсерлер мен ықпалдар екі топқа - ішкі және сыртқы болып бөлінетін болды. Қоршаған ортаның әсері мен тәрбие жеке тұлғаның дамуының сыртқы факторларына жатады. Табиғи әсерлер – бейімділік пен әуестік, сонымен қатар, адамның сезімдері мен күйзелістері, оның сыртқы әсерлердің ықпалымен пайда болатын сылтаулары мен қажеттіліктері – барлығы ішкі факторларға жатады. Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы осы екі фактордың өзара байланысының нәтижесі болып табылады.

«Дамыта оқыту деп – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс - тәсілдері баланың даму заңдылықтарына сәйкестендірілген оқытуды» атайды. Оқыту арқылы баланың психикасында жаңа құрылымдар пайда болуы, яғни жаңа сапалық өзгерістер болуы тиіс деп есептейді. Сондықтан да жаңа сапаға ие, шығармашыл, қабілетті адамдар тәрбиелеу үшін дамыта оқыту жүйесін ең негізгі басшылыққа алар нысана деп білеміз.
Оқыту барысында баланың ақыл - ойын, қиялын т. б. танымдық үрдістерін дамытып қоймай, баланы әртүрлі әрекеттің субъектісі болып қалыптасуын қамтамасыз етуді алдыңғы қатарға шығарды.
Дамыта оқытуды ұйымдастыру, балаға ақыл - ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек. Дамыта оқыту үрдісінде оқушы оқу әрекетімен шұғылданып, теориялық ойлауға икемделеді, білімді өзі меңгеруге мүмкіндік алады.

Дамыта оқыту сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым - қатынас. Мұғалім бұл жағдайда танымдық іс - әрекетті ұйымдастырып, оқушының шығармашылығын арттырады.
Дамыта оқытуда баланың ізденушілік - зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Осыған байланысты Д. Б. Эльконин, В. В. Давыдовтардың жасаған жүйесі 3 негізгі құраушыдан тұрады.
1. Оқу мақсаттарының қойылуы.
2. Оны шешу жолын бірлесе қарастыруы.
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеуі.
Сабақты жақсы оқитын оқушылармен ғана белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек ету ойластырылса, әр оқушының оқуға деген қызығушылығы артады.
Дамыта оқыту ұлы неміс педагогы А. Дистербергтің әйгілі «Неміс мұғалімдерінің білім беру ісіне басшылық» атты еңбегінің де негізі болып табылады. Дамыта оқыту деп ол баланың білім алуға әрекет етуін ұйымдастыратын оқытуды атаған. «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін іздenуге жетелейді» - деген. Ал ойлауға үйрететін сабақты дамыта оқыту сабақтары деп білеміз.

«Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, ынтасын оятып, танымдық белсенділіктерін арттыра отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау».
Әр сабағымды қызықты, өзгеше өткізу үшін, әр пән бойынша көптеген жұмыстар жасауға тура келеді.
Танымдық белсенділік дегеніміз – оқушының оқуға, білімге деген ынта - ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Мысалы: мұғалімнің баяндап тұрған материалын түсіну үшін, оқушының оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейтіп толықтыру үшін, өздігінен кітап оқуы, бақылау, тәжірибе жасау, жазу, сызу сияқты жұмыстар істеуі керек. Өйткені өтілген материалды саналы қайталауда, жаңадан білім алуда, оның жолдары мен дағдыларына үйренуде белсенділіксіз мүмкін емес. Яғни оқушылардың белсенділігі ауызша, жазбаша жұмыстарда, бақылау эксперименттер жүргізу жұмыстарында, бір сөзбен айтқанда, оқу үрдісінің барлық кезеңінде қажет.
Ал, «таным – ойдың білмеуден білуге қарай дәл емес, білуден неғұрлым толық дәл білуге қарай ұмтылатын ой - өрісінің күрделі үрдісі».
Танымдық белсенділік көп түрлі тұлғалық қатынастардың қалыптасуымен тығыз байланысты. Танымдық әрекеттің белгілі бір ғылым саласымен таңдаулы қатынасы, танымдық әрекеті, оларға қатысу және қатысушылармен танымдық қарым - қатынасы маңызды келеді. Сонымен бірге, адамның барлық жоғарғы таным процестерінің өзінің даму деңгейінен белсендіруде танымдылық белсенділік тұлғаның шындықты қайта құру әрекеті нәтижесінде ұдайы ізденіске жетелейді.
Баланың жеке тұлғасында танымдық белсенділігінің дамуы бес - алты жас аралығында қарқынды келеді. Бұл әсіресе баланы логикалық тапсырмаларды белсенді орындауы, жауап кілтін табуға ширақ келуі, білуге деген ұмтылысы танымдық ойындар арқылы оқу әрекетінің міндеттерін шешуде айқын көрінеді.
Оқу үрдісінде оқушының белсенділігі, негізінен екі түрлі сипатта болады: сыртқы және ішкі белсенділік.
Сыртқы белсенділік дегеніміз – оқушы әрекетінің сыртқы көріністері (белсенді қимыл қозғалыстары, практикалық әрекеттері, мұғалімге зейін қойып карауы, әрекеті т. б.) бірақ осы кезде ол басқа нәрсені ойлап отыруы да мүмкін.
Оқушының ішкі белсенділігіне оның белсенді түрде ойлау әрекеті жатады.
Оқушы белсенділігі қандай болғанда да ой дербестігіне сүйенеді.
Оқыту үрдісінде оқушылардың белсенділігін дамытуды мақсат еткен мұғалім сабақтың барлық кезеңдерінде олардың ой дербестігін дамытуға тырысады.
Оқушыда белсенділік бір қалыпта болмайды, оның қарапайым және күрделі шығармашылық т. б. белсенділік түрлері болады.
Соңғысы оқушының логикалық ойлау қабілеті мен дербестігін керек етеді.
Оқушыларда жас ерекшеліктеріне және психикалық даму дәрежесіне қарай белсенділіктің бірнеше түрі қалыптасып дамиды: қимыл, сөйлеу, ойлау, таным, өзін - өзі тәрбиелеу, қызығушылық, шығармашылық т. б. белсенділіктер.

Мұғалімнің шығармашылық ізденісінің ең бастысы – оқушының ойлау қабілетін дамыту және оқуға деген ынтасын қалыптастыру. Баланы бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарын көрсету керек. Шығармашылық – бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкілхалықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс - әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді.

Оқу материалын терең меңгеруге тек оқушылармен жүргізетін жаттығу жұмыстарының нәтижесінде қол жеткізуге болады. Сондықтан мұғалім оқушылардың танымдық қабілетін дамытуда мына қағидаларға сүйенеді:

1. Жаттығу жұмысы пәннің мәніне, тақырыпқа логикалық байланыста болуы керек.
2. Жаттығуларға сұрақтар жүйесі оқушылардың ойлау қабілетін дамытарлықтай болуы тиіс.
3. Жаттығу жұмысы сабақтың барлық кезінде болуы керек. Жаңа сабақты түсіндіруде, бекіту кезінде, білімді тексеруде, сондай - ақ қайталауда да қолданылады.

Қазіргі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндетінің тұрғаны баршамызға белгілі. Осы орайда, оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытудың маңызды мәселе екендігі туындайды.

Ғылыми зерттеулерге сүйенетін болсақ, оқушы шығармашылығын дамытуда «шығармашылық тапсырмалар» үлкен рөл атқарады. Шығармашылық тапсырма ретінде біз оқушыдан ұдайы тек ақпарат өндіру емес, шығармашылықты талап ететін тапсырмаларды қарастырамыз. Себебі тапсырмалар белгісіздіктің кіші және үлкен элементтерінен және бірнеше дұрыс жауаптардан тұруы мүмкін. Шығармашылық тапсырма кез - келген интерактивті әдістің мазмұны мен негізін құрайды. Оның айналасында жариялылық пен ізденімпаздықтың негізі пайда болады. Шығармашылық тапсырмалар оқу барысына үлкен мағына беріп, оқушыларды ынталандырады.

Шығармашылық тапсырма жеке дара күйінде мұғалімдер үшін де шығармашылық тапсырма болып қалады. Шығармашылық тапсырмалар мына төмендегі талапқа сай болуы керек:

1) Бір мағыналы және тым қарапайым жауабы немесе шешімі болмайды;
2) Оқушыларға тәжірибелік тұрғыдан пайдалы болып табылады;
3) Оқушылардың өмірімен байланыста болады;

4) Оқушылардың қызығушылығын тудырады;
5) Оқытудың мақсатына барынша сай келеді.
Оқушы қарастырғанда В. П. Беспальконың IY деңгейіне яғни шығармашылық деңгейге тоқталу қажет. Мұнда әр оқушы өзіндік шығармашылық жұмыспен айналысады. Оқушы ойынға қызығу арқылы шығармашылық тапсырмаларды жеңіл әрі белсенді түрде орындайды.
А. И. Субетто: «Ойын - әркез бақытты өмір үлгісі. Ойын тудырушы, тудыра отырып шығармашылықты өрнектейді, адамды шығармашылыққа даярлағандай өмірге де дайындайды» десе, В. А. Сухомлинский: «Ойын кезінде балалар алдында әлем, дүние айқындалады, жеке тұлғаның шығармашылық қабілеті ашылады. Ойынсыз толық мәнді ақыл - ойдың дамуы болмайды, болуы мүмкін де емес» деген. Ойын - өз алдына оқыту үрдісі, жеткіншектерді еңбекке дайындаудың белсенді құралы. Ойын сабақтары түрлерін таңдап алу, оны жүргізу мұғалімнен үлкен шығармашылық ізденісті талап етеді.
Қоғамдағы өзгерістерге сәйкес оқушыларға бүгінгі таңда тиянақты білім беріп, танымдық қабілетін дамыту, танымдық белсенділігін арттыру үшін олардың әр пәнге қызығушылығын, өздігінен даму дағдыларын қалыптастыру, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеу – мектептің басты міндеті. Бастауыш сынып оқушыларын жан - жақты дамытып, қоғам құрылысына белсене қатысуға әзірлеу мектепте оқыту және тәрбиелеу арқылы жүзеге асады.
Оқушылардың оқу - танымдық іс - әрекеті белсенділігін қалыптастыруда олардың қабілеттерін дамытуға, танымдық жан қуаттарының оянуына ықпал етіп, ізденіс, талабын ұштауға білім деңгейін жетілдірудің маңызы ерекше.
Оқушылардың оқу - танымдық іс - әрекеті – күрделі процесс. Ол іс - әрекет мақсатын, мазмұны мен қорытындысын, түрлері мен әдістерін, мотивтерін, деңгейлерін қамтиды.
Оқу үрдісі оқушылардың оқу - танымдық әрекеті негізінде жүзеге асады, ал оқу - танымдық әрекеті негізінде оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасады. Белсенділіктің ең жоғары көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде пайдалана білуі болып табылады. Танымдық белсенділік оқушының оқуға, білуге деген ынта - ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі.
Сабақ барысында оқушының бойында танымдық белсенділік пайда болса, сонда оқушыларда ақыл - ой қабілеттерінің мынандай элементтері дамиды: зеректік, зейіндік, байқағыштық, ойлау мен сөйлеу дербестігі, қызығушылығы т. б.

Танымдық іс - әрекет оқушылардың негізгі іс - әрекеті болып табылатын күрделі үрдіс бола отырып, ол оқушы міндеттерінің шешіліп, мақсаткерлік, мотив, танымдық ақпаратты қабылдаудан бастап, күрделі шығармашылық үрдістің қалыптасуымен аяқталатын түрлі сезімдік көріністермен т. б. сипатталады.
Бұл қызыға оқыту мен тәрбиелеу нәтижесінде қалыптасады. Оны

қалыптастырудың негізгі жағдайлары:
- оқытудың мазмұны, ғылым мен техниканың соңғы табыстары, бұрыннан білетін мағлұматтың жаңа қырынан ашылуы;
- оқушылардың таным әрекетін ұйымдастыру формалары, құралдарын және әдістерін жетілдіру.
Бұған жататындар сабақта қолданылатын көрнекі құралдардың тиімділігін арттыру, танымдық ойындар ұйымдастыру, пәнаралық байланыстарды тудыру, оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру, білім тексеру мен бағалаудың алуан түрлерін ұтымды пайдалану арқылы оқытудағы кері байланысты жетілдіру.
- Мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы арасындағы қарым - қатынасты сыйластық ізеттілік түрінде орнатып, жүрек жылынуының болуын қамтамасыз ету. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділігін және қызығушылығын арттыру үшін мұғалім келесі әдіс - тәсілдерді қолдануына болады:
1. Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау.
2. Арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру.
3. Оқушылардың логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу (сөзжұмбақ, құрастырмалы ойындар).
4. Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс (кері есеп құрастыру, мәтін мазмұнын өңдеу, шығарма, шағын әңгіме мәтінін құру т. б.).
5. Әңгіменің ұқсастығын салыстыру бөліктерге бөлу, ат қойғызу.
6. Қиялдау арқылы сурет салғызу, рөлге бөліп оқыту.
7. Ұнатқан кейіпкерлерге мінездеме беру.
8. Мәтін, ертегі, әңгімені өз бетінше аяқтау.
Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда оларды білім деңгейлеріне қарай топқа бөліп, әрқайсысымен жекелеп жұмыс жүргізудің маңызы зор.
Дүниетану сабақтарында да оқушылардың танымдық белсенділіктерін, қызығушылықтарын және шығармашылық қабілетін арттырып отыру қажет. Жалпы оқушылардың шығармашылығын дамытуда «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясымен «Дамыта оқыту» технологиясын тиімді деп есептейміз және сабақтарымызда жиі қолданамыз. Енді сол жұмыстарымыздың кейбір түрлеріне тоқталып өтейік.

Дидактикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған өзіндік жұмыс білімді тереңдетуге, толықтыруға, дағды мен іскерлікті қалыптастыруға, танымдық әрекетке қызығуды туғызуға, таным үрдісінің әдіс- тәсілдерін игеруге, танымдық қабілетінің дамуына , адамның дербес жұмыс істеу мәдениетін көтеру шығармашылық пен жұмыс істеуге және ғылыми жұмыстармен айналысуға мүмкіндік жасайды.

Осы тұрғыда жаңа технологияның тиімді әдіс – тәсілдерін, яғни Ж.Караевтың “саралап, деңгейлеп оқыту технологиясы”, М.Жампейсованың “Модульдік оқыту технологиясы”, СТО стратегияларының элементтерін пайдаланып, оқушының ізденушілік, зерттеушілік әрекетін жас ұрпақтың

бойына сіңіре отырып, оқушылардың танымдық белсенділіктерін дамыту ұстаздардың басты міндеті болмақ. Ол үшін әрбір ұстаз үнемі шеберлігін арттырып отырмаса, бала деңгейінің дамуы төмендейді. Осының бәрі бір күннің іс -әрекет емес, оған уақыт керек. "Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады" деп, ұлы Абай.

Оқушы жүрегіне жол тауып, оның білімге деген құштарлығын арттырып, өзін өзі тәрбиелеуін ғылыми деңгейде ұйымдастыру үшін, әр оқушының дара ерекшеліктерін ескеріп, білім алуға қабілетін зерттей отырып, тұлғаның негізінің ашылуына жол көрсететін ұстаз. Ұстаз өзінің құзырлығының деңгейін бағытты жетілдіріп, ой, іс бірлігін қатар дамыту қажет.

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақ қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында» -деген Елбасы Н.Ә.Назарбаев.

Танымдық белсенділік дегеніміз – оқушының оқуға, білімге деген ынта — ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Мысалы: мұғалімнің баяндап тұрған материалын түсіну үшін, оқушының оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейтіп толықтыру үшін, өздігінен кітап оқуы, бақылау, тәжірибе жасау, жазу, сызу сияқты жұмыстар істеуі керек. Өйткені өтілген материалды саналы қайталауда, жаңадан білім алуда, оның жолдары мен дағдыларына үйренуде белсенділіксіз мүмкін емес.

Танымдық әрекеттің негізінде оқушыларда танымдық белсенділік қалыптасады. Сабақ барысында оқушының бойында танымдық белсенділік пайда болса, оқушылардың ақыл — ой қабілеттерінің мынадай элементтері дамиды: зеректілік, байқағыштық, ойлау және сөйлеу дербестігі т.б. Оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту және қалыптастыру мәселесіне зерттеушілер, педагогтардың, әдіскерлердің көптеген еңбектері арналған. Мектептің ғасырлар бойғы даму тарихында алдыңғы қатарлы педагогикалық ой өкілдерінің танымдық әрекетке қатысты, әсіресе, танымдық белсенділікті дамыту идеяларын зерттеу және талдау негізінде төрт бағытты бөліп көрсетуге болады.

Танымдық әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл — ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекетті орындаудың тәсіл — амалдарынан тұрады. Танымдық белсенділікті бір ғана белгімен көрсетуге болмайтын ұғым, оның алуан қырлы сипатын айқын көреміз. Сондықтан оқу барысында оқушының таным белсенділігін арттыруда олардың өз бетінше танымдық ықылас — ынтасын шығармашылық әрекетін дамытатындай етіп ұйымдастырады. Шәкірттің қабылдауы негізінен, мұғалімнің сабақты жүйелі түрде жүргізуіне байланысты. Оқушылардың жаңа материалдарды қабылдауына негіз болатындай даярлық жұмыстары жүргізіледі. Оқушылардың оқу-танымдық қызметін арттыру дұрыс әрі нақты әрекеттер негізінде іске асады. Баланың өзіндік сезімдік танымы негізінде қабылданған білім, дағды, ептілік әлдеқайда нәтижелі әрі жемісті болады. Танымдық белсенділіктің үш дәрежесі бар:

1-Дәреже – жаңғыртушы белсенділік – шәкірттің материалды жадылап, қайта жаңғыртуға, оны үлгі бойынша қолдануға , меңгеруге ұмтылысымен сипатталады. Белсенділіктің 1 – дәрежесіне тән көрсеткіш – оқушының бойында білімін тереңдетуге деген ұмтылыстың болмауы.

2-Дәреже — түсіндіруші белсенділік-оқушының оқығанын зерделеуге, оны өзіне белгілі ұғымдармен байланыстыруға, білімін жаңа жағдайларда пайдалану жолдарын меңгеруге ұмтылысынан көрінеді.2-дәрежеге тән көрсеткіш оқушының бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге ұмтылуынан, қиындыққа тап болғанда оны жеңудің жолдарын қарастыруынан байқалатын үлкен дербестігі.

3-Дәреже – белсенділіктің шығармашылық дәрежесі — оқушының тапсырманы шешудің тың жолдарын іздестіруге деген ұмтылысымен сипатталады.Бұл дәреженің ерекшелігі — мақсатқа жетудегі табандылық, танымдық ынтаның негіздері мен әр алуандылығы.

Педагогикалық-пихологиялық әдебиеттердегі талдауда көрсетілгендей «танымдық белсенділік» терминінің негізінде белсенділік жөнінде түсінік жатыр. Ол әртүрлі салада талдауды талап етуші көп аспектілі феномен ретінде көрінеді: биологиялық (П.К.Анохин, В.М.Бехтерев, И.М.Сеченов т.б.); психологиялық (Б.Г.Ананьев, Л.С.Выготский, В.С.Мухина, Б.Ф.Ломов); әлеуметтік (А.Н.Леоньтев, А.В.Петровский, Л.Рубенштейн); педагогикалық (Я.А.Коменский, Д.Локк, Ж.Ж.Руссо, К.Д.Ушинский, Г.И.Шукина, Т.И.Шамова).

Биологиялық аспект — биологиялық белсенділік адамның ортаға бейімделуін қамтамасыз ететін оған тұқымқуалау қасиеті. Белсенділік көзі болып сыртқы орта және ағзада тұратын және өтетін ішкі үрдістер болып табылады.Адам өзіндік табиғи сапаларының күшімен, әлеуметтік мәнділік күшімен де белсенді келеді.

Психологиялык аспект — белсенділік адамның жаңа қарым — қатынасына айналады, бұл адам жеке тұлға ретінде көрінгенде және белсенді әрекет қарым-қатынас иесі болған жағдайда болады. С.Л.Рубенштейн адамның белсенділігін былай түсіндіреді:«Сыртқы себептер мен сыртқы әсерлер әрқашан ішкі шарттар арқылы әрекет жасайды».

Әлеуметтік тұлғалық аспект — белсенділік болмыстың қоғамдық формаларын құруға және адамның қоғамдық мәнін жүзеге асыруға бағытталған іс — әрекет болып табылады.

Педагогикалық аспектідегі — белсенділік баланың таным іс- әрекетіне деген қатынасын сипаттайды. Педагогикалық аспект тұрғысынан белсенділіктің үш түрін бөліп карауға болады: 1) ақыл — ой белсенділігі; 2)интеллектуалды белсенділік; 3)танымдық белсенділік;

Ақыл — ой белсенділігі элементарлы іс-әрекеттен бастап шығармашылықтың күрделі түріне дейінгі барлық деңгейдегі нағыз әмбебап іс-әрекет шарты болып табылады. Н.С.Лейтес былай бекітті: ақыл-ой белсенділігі-кез келген денісау балаға тән, бірақ әртүрлі деңгейде болады. Өз бақылауының кең материалында Н.С.Лейтес «балалық шақтың әр кезеңі — белсенділік дамуының өзіндік сапалы сатысы» деген қорытындыға келді.

Интеллектуальды белсенділік- өзіндік шарттарға сай ой әрекеті ретінде түсіндіріледі.Бұл терминнің кең өріс алуы, жиі қолданылуы Д.Б.Богоявленскаяның жұмыстарымен байланысты.Оның пікірі бойынша, интеллектуалды белсенділік интеллектуалды емес факторлардан көрінетін жүйенің интегралдар қасиеті болып табылады.

Танымдьқ белсенділік — Танымдық белсенділік адамға өте маңызды және күрделі құрылым ретінде өзінің психологиялық анықтамаларында көптеген тұжырымдамаларға ие. Маңызды әлеуметтік күшіне байланысты бұл мәселе қазіргі диалектикада, білім беру тәжірибесі мен тәрбиеде негізгі болып саналып отыр.

Оқыту жұмысын тек сабақ арқылы ұйымдастыру мүмкін емес. Сыныптық — сабақ жүйесінің негізгі кемшілігі — оқушылардың дара ерекшеліктерін дамытуға жеткілікті мүмкіндіктердің болмауы — оқытуды ұйымдастырудың басқа жолдарын іздестіруге себеп болды. Сондықтан оқушылардың сыныптық-сабақтағы танымдық әрекетін дамыту, толықтыру мақсатында оқыту жұмысын ұйымдастырудың қосымша түрлері қолданылады. Олардың қатарына семинар, экскурсия, факультатативтік, қосымша, конференция сабақтары, үйдегі оқу жұмысы, тәжірибелік - зертханалық және пәндік үйірме жұмыстары, олимпиада, сынақ және емтихан, өзіндік жүмыс түрлерін жатқызуға болады.

Семинар сабақтары көбінесе оқылған лекция тақырыбына байланысты негізгі өзекті мәселелерді талқылау, оқушылардың танымдық ойлау қабілеттерін дамыту, өзіндік шығармашылық белсенділіктерін шыңдау мақсатын көздейді. Тақырып сұрақтарына сай пікір алмасу, өз көзқарастарын дәлеледеу, мұғалімдерге оқушылардың оқу материалын қаншалықты меңгергенін, соған орай сенімдері мен түсініктерінің қалыптасқандығын бақылап, тексеріп, бағалап және бағыт-бағдар беріп отыруға мүмкіндік туғызады.

Экскурсия жұмысының мақсаты — оқушылардың сабақта алған теориялық оқу материалдарын практикамен жалғастыру, бекіту.

Сондықтан оқушылардың танымдық белсендідігін арттыруда маңызы зор. Ол барлық оқу пәндерінде, әсіресе физика, химия, биология, тарих сабақтарында кеңінен қолданылады. Бұл оқушылардың оқу процесін бақылай білуге жаттықтырады және оқу материалын өмірмен байланыстыра алуға үйретеді. Оқытуды экскурсия жолымен ұйымдастырудың үш түрі бар:

1. кіріспе экскурсия деп аталады. Ол сабақта күрделі тарауда тақырыптарды өтер алдында үйымдастырылады.

2. ілеспелі экскурсия деп аталады. Ол белгілі бір тақырыпқа арналып, сабақ барысында оның орта шенінде немесе өн бойында жүргізіледі.

3. қорытынды экскурсия. Ол күрделі немесе тақырыпты өтіп болғаннан кейін оқушылардың сабақтар жүйесінде алған теориялық білімдерін пысықтау,бекіту мақсатын көздейді.

Факультатив түрі оқушылардың сұранысы мен қызығушылығы негізінде әртүрлі пәндерге байланысты ұйымдастырылады. Оның қызметі көпжақты: оқушыларды ғылымға қатыстыра отырып, олардың

дүниетанымын тереңдетеді және кеңейтеді; белгілі бір пәнге қатысты танымдық қызығушылықтарын тұрақты қалыптастырады. Оқушылардың пәнге бейімділігін ескере отырып, факультативтік оқуды олардың қалаған мамандықтарына сай психологиялық және практикалық дайындығын арттыру және кәсіби бағдарын қалыптастырудың нәтижелі формасы ретінде қолдануға болады.

Конференция ретінде өткізілетін сабақ түрі кейбір тақырыптарды меңгерту, оның ғылыми дәрежесін көтеру мақсатын көздейді. Оқу жұмысын ұйымдастыруда мұғалімнің тағы бір міндеті — оқушылардың сабақтан тыс кездерінде танымдық әрекеттерін тереңдету, үлгермеушілікті болдырмау. Пәндік үйірме жұмыстары сабаққа қарағанда бағыты, мазмұны, ұйымдастыру тәсілі мен уақыт өлшемі тұрғысынан өзіндік ерекшеліктері бар. Олар оқушылардың қызығушылығы мен пәндерге бейімділігін дамытуда және тапсырылған жұмыстарды нәтижелі орындауға қолайлы жағдай туғызып отырады.Оқушылардың пәндік үйірме жұмыстары оқыту процесін жандандырып, оның сапасын көтеруге әсер етеді. Үлгере алмаушылықты жою үшін жеке немесе бір топ оқушылармен қосымша және консультация сабақтары да ұйымдастырылады.

Үйдегі оқу жұмысы — оқушылардың үйде өз бетімен орындайтын оқу жұмыстары сыныпта өткен сабақтардың жалғасы ретінде саналады. Оқушының үйдегі оку жұмысын сыныптағы оқу жұмысымен жалғастырып, толықтырып отырса, онда олардың алған білімдері терең және берік болады. Бұл жұмыстың танымдық қызметімен бірге оның тәрбиелік мәні де зор. Себебі, үй жұмысын күнделікті орындау барысында оқушылардың дербестігі, ойлау қабілеті артып, өздігінен білім алуға жүйелі түрде дағдыланады. Соның негізінде білім мен біліктілік өте берік меңгеріледі, оқушының ақыл- ой әрекетінің жеке дара дәстүрі қалыптасады. [6]

Танымдық белсенділік көп түрлі тұлғалық қатынастардың қалыптасуымен тығыз байланысты. Танымдық әрекеттің белгілі бір ғылым саласы мен таңдаулы қатынасы, танымдық әрекеті, оларға қатысу және қатысушылармен танымдық қарым-қатынасы маңызды келеді. Сонымен бірге адамның барлық жоғары таным процестерінің өзінің даму деңгейінен белсенділендіруге танымдық белсенділік тұлғаның шындықты қайта құру әрекеті нәтижесінде ұдайы ізденіске жетелейді. Балалардың жеке тұлғасында танымдық белсенділігінің дамуы бес-алты жас аралығында қарқынды келеді. Бұл әсіресе баланың логикалық тапсырмаларды белсенді орындауы, жауап кілтін табуға ширақ келуі, білуге деген ұмтылысы танымдық ойындар арқылы оқу әрекетінің міндеттерін шешуде айқын көрінеді.

Әрбір қимыл дамып қалыптасудың белгілі бір кезеңінде ғана болып, тек өзіне ғана тән рөлді атқарады. Өзіндік әрекеттің үшінші компоненті құралға танымдық оқу әрекеті жатады. Өзіндік әрекет арқылы жүзеге асырылатын танымдық оқу әрекетінің түпкі мақсаты- тұлғаны қалыптастыру. Өзіндік жұмысқа бейімделу өзіндік танымдық әрекетті қажетсінуді тудырады. Оның белгілеріне: білімді қажетсіну, білімді ғана емес оны игеру жолын тереңірек меңгеруге құштарлық, оқу материалына сын көзбен қарау,

бір мәселе бойынша өз көзқарасының болуы, өз бетінше ойлау, өзінің тіршілік әрекеті және ары қарай білімін көтеру үшін жаңа білім алуға ұмтылуы жатады. [5]

Көптеген ғалымдар оқыту әдістерін мазмұнына, қолданылуы мен іс-әрекет түрлеріне, мақсатына, мәніне қарай түрліше топтайды. Оқытуда инновациялық әдістерді қолдану жақсы нәтиже береді деп ойлаймын. Біз жалпы оқыту әдістерін талдап, жүйелей отырып, оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудағы әдістер тобын мынадай негіз бойынша топтадық:

Ақпараттың берілуі мен қабылдау сипаты бойынша – дәстүрлі әдістер жүйесі (әңгіме, әңгімелесу, көрнекілік дәріс сарамандық жұмыс, шығарма т.б.)

Оқушы мен мұғалімнің өзара әрекеті бойынша –топтаған әдістер жүйесі: баяндау, проблемалық баяндау, ішінара іздену, зерттеушілік әдісі. Мұғалім іс- әрекеті компоненті бойынша – а) оқу – танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру және жүзеге асыру ( сөздік, көрнекілік, практиаклық, өзіндік жұмыс ).

б) бақылау және өзіндік бақылау әдістері ( ауызша және жазбаша бақылау, лабораториялық және практиаклық жұмыс бағдарламаланған бақылау, т.б).

в) оқу танымдық әрекеттегі мотивация және реттеу әдісі (қызығушыылкты қалыптастыру әдісі: танымдық ойындар, өмірдегі жағдайларды талдау)

Сабақ барысында оқушының бойында танымдық белсенділік пайда болса, сонда оқушыларда ақыл — ой қабілеттерінің мынандай элементтері дамиды: зеректік, зейіндік, байқағыштық, ойлау мен сөйлеу дербестігі, қызығушылығыт.б. Сөйтіп, оқудағы белсенділік — оқушының іс — қимыл жағдайы ғана емес, осы іс -қимылдың сапасы, онда оқушының қызмет мазмұны мен сипатына қатынасымен, өзінің рухани -ерік, күш-жігерін оқу-танымдық мақсаттарға жетуге жұмылдыруға деген ұмтылысымен айқындалатын тұлғасы көрінеді. Өз бетінше ізденімпаздықпен жұмыс істей білу, яғни оқу материалын таңдау, жаңаны қабылдау мен меңгеру, алған білімдерін іс жүзінде қолдана білу, оңтайлы әдістерді таңдап алу, белгілі бір нәтижеге жетуге ұмтылу т.б. оқушылардың шығармашылық дербестігін қалыптастырудың алғы шарты болып табылады. Шығармашылық дербестік, өзіндік жұмыс істеу шеберлігі мен дағдылары өзінен-өзі пайда болмайды, ол мақсатты оқу қызметінің нәтижесі және өз кезегінде шығармашылық, практикалық сипаттағы әртүрлі тапсырмаларды орындау үрдісінде қалыптасады.

Оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруға бағытталған сабақтар түрлерін төртке бөліп қарастыуды ұсынамыз:

• Танымдық
• Коммуникативтік
• Шығармашылық
• Әдіснамалық

Өзіндік жұмыс пен шығармашылық сабақтарды өткізу оқушының танымдық белсенділігін арттырудың құралы, сапалы білім берудің шарты, оқу үрдісін ұйымдастыру факторы, оқытудың жекелік бағдары болып табылады. Танымдық әрекеттегі белсенділік компаненттерін бір арнаға біріктірген тиімді болады: мотивациялық, еріктік, мазмұнды-операциялық, бағалау- нәтижелік.

Тәжірибелік – экспериментік жұмыстарда зерттеліп дәлелденген жоғары сынып оқушыларының танымдық-белсенділігін қалыптастыру көрсеткіштерімен өлшемдерін , деңгейлерін жалпы білім беретін орта мектептерде оқу үрдісін жетілдіруді ұйымдастыруда қолдану тиімді.

Оқу үрдісінде оқушылардың танымдық-белсенділігін қалыптастыру жеке тұлғаның өзіндік ақыл-ой дербестігін, шығармашылық әлеуетін көтереді. Оқушылардың танымдық-белсенділігін қалыптастыратын педагогикалық шарттар жиынтығы мен тиімді әдіс-тәсілдерді, оқытудың түрлі формаларын қолдану арқылы оқушылардың білім деңгейін көтеріп, танымдық ой- өрісін арттыруға болатынын эксперимент жұмыстарының қорытындыларынан көруге болады.

Оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруда өзіндік жұмыстың маңыздылығын зерттей келе мынадый ұсыныстар туындады:

- Мектептегі жоғары сынып оқушыларына конференциялар, дебаттар, дөңгелек столдар, іс-шаралар жыл сайын жүргізіліп отырылуы керек.
- Өзіндік жұмысқа бейімдеудің дидактикалық жүйесін тиімді жүзеге асыратын оқытудың жаңа технологияларын жасап іске ендіру.
- Оқушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік жұмыстарын дамыту барысында кешенді мақсатты бағдарлама жасау.
- Оқушының қабілеті мен білімін көтеру мақсатында оқу жоспарларын жасау.
- Оқу үрдісінде ауқымды түрде педтехнологияларды қолдану, компьютер арқылы ақпараттандыру. Қосымша танымдық сабақтарды көбейту.

Қоғамның әлеуметтік дамуына сай, келешекте білім берудің жаңа технологиясына сай жоғары сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастырудың әдіснамалық, ғылыми-теориялық жақтары жете зерттеуді қажет етеді. Сонымен қатар оны болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауда жеке проблема ретінде арнайы зерттеуге болады.

Музыканы оқыту білім беру мазмұны мен мақсатын дұрыс анықтаумен ғана шектелмейді. Оқыту мақсаттарына қандай амал, жолдармен жету керектігі музыкалық білім беру дидактикасындағы ең маңызды мәселе болып табылады. Себебі білім берудің тиімділігі әрдайым оқыту әдістерін дұрыс таңдауға тікелей байланысты болады.

«Әдіс» термині гректің «metodos», яғни ақиқатқа, күтілетін нәтижеге қол жеткізудің жолы, амалы деген ұғымды білдіреді. Педагогикалық әдебиеттерде әдіс ұғымына берілген көптеген анықтамаларды кездестіруге болады. Жалпы алғанда оқыту әдістері білім берудің мақсаттары

мен міндеттерін шешуге бағытталған жолдар және амалдар жиынтығы болып табылады.

Оқыту әдістері келесі үш белгімен сипатталады. Олар: оқыту мақсаты, меңгерту амалы және оқыту субъектілерінің өзара әрекеттесу сипаты. Демек, оқыту әдістері төмендегілерді қамтиды:

- мұғалімнің оқыту жұмысының және оқушылардың оқу жұмыстарының өзара байланысты амалдары;
- олардың оқытудың түрлі мақсаттарына жетудегі жұмыстарының ерекшеліктері.

Мұғалім мен оқушылардың іс-әрекетінде қолданылатын оқыту әдістері – ақпараттандыру (мұғалім оқу материалын баяндайды, түсіндіреді); оқушыларға практикалық дағды, іскерліктерді үйрету; оқушылардың танымдық іс-әрекетін дамыту; мұғалімнің оқушылардың танымдық іс-әрекетіне жетекшілік ету функцияларын орындауы.

Оқыту процесінің мәні және оқыту мақсаттарының көп аспектілігі «оқыту әдістері» ұғымын түсіндіруде сан түрлі трактовкалардың қалыптасуына ықпалын тигізеді:

- «…білім мазмұнын меңгертуді қамтамасыз ететін мұғалім мен оқушының өзара байланыстағы бірізді әрекет ету жүйесі (Педагогикалық энциклопедиялық сөздік); »
- «…білім мазмұнын меңгертуге тұрақты түрде жүргізілетін, яки мақсатқа қол жеткізетін оқушының танымдық және практикалық іс-әрекетін ұйымдастырудағы мұғалімнің бірізді әрекеті « (И.Я. Лернер);
- «…мұғалімнің оқушының танымдық әрекетіне жетекшілік ету амалы» (Т.А.Ильина);
- «…мұғалімнің зерттелетін материалды меңгертуге бағытталған, түрлі дидактикалық тапсырмаларды шешу бойынша оқушының оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру және оқыту жұмысының амалы» (И.Ф. Харламов);
- «… білім мазмұнының белгілі бір бөлігін жеткізуге бағытталған және нормативтік жоспарда көрініс тапқан, оқу жұмысының нақты формаларында жүзеге асырылуы мақсатындағы оқыту мен іс-әрекеті үлгісі» (В.В. Краевский);
- «… оқу процесінің жетекші міндеттеріне, мақсаттарына сай пәннің мазмұнын меңгертуді ұйымдастыру амалдары» (Э.Б. Абуллин);

Жоғарыда келтірілген тұжырымдарды салыстырмалы түрде талдау, арқылы оларда мұғалім мен оқушының іс-әрекеті (оқыту процесінің мәні, оның екі жақты сипаты), оқыту процесінің нәтижесі (дамытушылық, білімділік, тәрбиелік) көрініс тапқанына көз жеткіземіз. Осы ретте музыканы оқыту әдістерін оқу процесінің жетекші міндеттері мен мақсаттарына сай музыка пәнінің мазмұнын меңгертуді ұйымдастыру амалдары деген анықтаманы негізге алуға болады. Себебі онда музыкалық білім мазмұны сияқты оқу процесінің негізгі құрылымдық компоненттері көрініс тапқан.

Мұғалім мен оқушының біріккен іс-әрекетін бейнелейтін оқыту процесінің екі жақты сипаты оқыту әдістерінің де дәл осылай екі

жақтылығын анықтайды. Осыған байланысты мұғалім тарапынан ақпараттық, басқарушылық, оқушылардың танымдық қабілетін дамыту, т.б. және оқушылар тарапынан білімді алу, меңгеру, тыңдау, бақылау, практикалық, лабораториялық жұмыстар орындау сияқты әдістерді атап кетуге болады.

Сөздік әдістер. Бұл әдістің көмегімен ақпараттар жеткізетін құралдар мұғалімнің сөзі және баспа сөздері болып табылады. Оларға әдістер жүйесінде жетекші орын алатындар кіреді: әңгіме, әңгімелесу, түсіндіру,дискуссия, лекция, кітаппен жұмыс.

Көрнекілік әдістер әр түрлі суреттер, репродукциялар, кестелер, үлгілердің көмегімен табиғи түрде немесе символдық түрде бейнеленген қоршаған ортадағы құбылыстармен қылылығын, өнердің, қоғамдық сананың басқа да түрлерімен ұқсастығы мен айырмашылығын ұғындырады.

Талдап қорыту әдісі музыкалық сабақтарды ұйымдастырудың жетекші әдісі ретінде оқушылардың музыка өнеріне саналы қарым-қатынасын дамытуға, көркемдік ой-өрісін қалыптастыруға бағытталады. Музыкалық талдап қорыту әдісі, оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру аиалдарының жиынтығы ретінде, олардың музыка жөніндегі негізгі білімін меңгертуде, жетікші іскерліктерін қалыптастыруда қолданылады. Бұл әдіс біріздiлікті әрекеттерден құралады.

Бірінші әрекет оқушылырға тән бағдарламасының тақырыптарымен танысу, тереңдете меңгертуге қажетті музыкалық тәжірибесін белсенділікпен пайдалануға талпындыру мақсатын жүзеге асырады.

Аталған әдісті қолдануда мұғалімге нақты жағдайға сәйкес ең қолайлы, тиімді, қажетті жақтарын таңдай білу міндеті жүктеледі. Педагогикалық бақылау және баға беру тәсілдері музыка сабақтарында оқушылардың жетістіктері мен кемшіліктерін есепке алуды қолданылатын әдіс. Олар оқушылардың музыкалық даму барысында түзетулер енгізуде қосымша роль атқарады. Бақылау мен тексеру оқу процесінің өзінше жеке элементі болып шет қалмауы, керісінше білімділік, дамытушылық, тәрбиелік, талпындыру функцияларын атқарып отыруы тиіс.

Музыкалық білім беру жетістіктеріне қол жеткізу оқыту әдістерін қолайлы етіп таңдап алуға байланысты. Ол үшін келесі өлшемдерді негізге алуға болады:

- оқу материалының мазмұны мен жалпы мақсаттары;
- оқу пәнінің ерекшелігі;
- дидактикалық талаптар;
- оқушының жас ерекшелігі;
- оқушылардың музыкалық білім саласындағы теориялық, практикалық даярлық деңгейі;
- оқушылырдың музыкалық тәрбиелік деңгейі;
- оқушылардың жеке дара ерекшеліктері;
- мектептің әлеуметтік ортасы, материалдық-техникалық базасы;
- музыка пәні мұғалімінің кәсіби шеберлік және тәжірибе деңгейі.

Мектептегі оқытуды ұйымдастыру формалары педагогика тарихындаең пікірталасты проблеме болып келді. С.И. Ожеговтың түсіндірме сөздігінде «форма – белгілі бір мазмұнымен шарттасатын түр, ұйымдастыру, құру, тип, құрылым, түзіліс» деп пайымдалса, философиялық энцоклопедияда бұл термин «мазмұнның іштей ұйымдастырылуы» - деп тұжырымдалған. Ал, оқытуға келсек, форма – ол оқыту процесінің арнайы түзілімі. Бұл түзілім оқу процесінің мазмұнына, әдістеріне, тәсілдері мен құралдарына, оқушылардың іс-әрекет етуіне сипат алады. Яки оқытудың осындай түзілімі оқу материалын меғгеру барысындағы мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуінде көрініс алады. Олай болса, оқыту формасы деп белгілі бір оқу материалын және іс-әрекет ету амалдарын меңгеруде мұғалім мен оқушының өзара әрекет етуінде жүзеге асырылатын оқыту процесі бөліктерінің түзілімі мен циклдарын айтамыз.

Оқытуды ұйымдастыру формалары дидактика саласындағы түрлі өлшемдерге байланысты былайша жүйеленген:

- оқушылардың саны;
- оқу орны;
- оқыту дәрістерінің ұзақтығы.

Оқушылардың санына байланысты көпшілік, ұжымдық, топтық, микротоптық, жеке оқыту формалары; оқыту орны бойынша мектептегі, мектептен тыс ұзақтығына байланысты классикалық сабақ, қосарлы сабақ, қысқартылған сабақ және бастауыш сыныптарда қолданылатын «қоңыраусыз» еркін созылатын сабақтар болып бөлінеді.

Педагогика ғылымы мен практикасында уақыт талаптарына сәйкес сабақты өткізудің түрлі жолдары қарастырылып, оны жетілдіруде қыруар ізденістер жүзеге асырылды. Сабақта ұйымдастыруда оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіру, ақыл-ойын дамыту, шығармашылықты өздік ізденіске баулу және т.б. проблемалар бойынша толассыз ғылыми ізденістер жүргізілді.

Өнер пәні ретінде ән-күй сабақтарын ұйымдастыру проблемалары жөнінде О.А. Апраксина өз еңбектерінде тұжырымды пайымдаулар жасады. Оның пікірінше, музыка мектеп пәні ретінде өзге сабақтармен ортақ ұқсастығы бар болуымен қатар, оған мынадай ерекшеліктер де тән:

1) Өзге пәндер сияқты музыка сабақтарының құрылымы психологиялық-педагогикалық заңдылықтарға сүйенеді;

2) Өзге пәндерді оқыту сияқты музыка сабақтары жалпы дидактикалық принциптерді ұстанады;

3) Музыка пәнін оқыту өзге пәндермен және ұйымдастыру формаларымен байланысты болады;

4) Ұйымдастыру формаларының әртүрлілігіне қарамастын, музыка сабағы бір тұтастықта болуы тиіс;

5) Өзге пәндермен ортақтастығы – онда негізгі оқыту әдістері де қолданылатындығында.

О.А. Апраксина музыка сабақтарының басқа да ерекшеліктерін ашып көрсетті:

- Бірінші ерекшелігі – музыка сабағы өнер сабағы. Себебі музыка өнері оқушының сезімі мен эмоциялық сферасын қамтитын болмысты бейнелейтін ерекше формасы. Музыкаға оқытуда танымдық процестің өзі тек ой-сананың әрекеті ғана емес, эмоция мен ойдың, сана мен сезімнің бірлігінде жүзеге асырылады;

- Екінші ерекшелігі – музыка адамның психикасына, моторикасына және физиологиялық процестерге кешенді түрде ықпал етеді. Яки адамды түрлі психикалық кейіпке түсіреді, оның бойында түрлі психикалық процестер мен физиологиялық процестер жүріп жатады;

- Үшінші ерекшелігі – міндетті түрде саналылық пен эмоционалдық бірлестік болуына байланысты, сабақтың әр элементі балалардың белсенді қызығушылықты қарым-қатынасын тудырады;

- Төртінші ерекшелігі – музыка сабағында эмоционалдық пен саналылықтың бірлігі ғана емес, көркемдік пен техникалық бірлік те орын алады. Сондықтан тыңдауға, ән салуға арналған репертуар мен қатар жаттығулар да көркем болуы тиіс. Тіпті унисонда орындалған бір дыбыстың өзі де әдемі, әрі көркем орындауды талап етеді. Ондай көркемдік орындаушылық техникасын меңгеруге тікелей тәуелді болады. Сондықтан оқу материалдары ретіндегі музыкалық шығармалардың мәнері образдылығы, көркемдік пен техникалықтың бірлігінде жүзеге асырылуы тиіс.

Сонымен, музыка сабақтары мектептегі өзге пәндермен ортақ белгілерін сақтай отырып, өзіндік ерекшеліктерін де сақтауы тиіс. Ондай ерекшелік, біріншіден, оқу материалы; екіншіден, оқушының танымдық, сондай-ақ оқушының жалпы жалпы және арнайы қабілеттерінің дамуы; үшіншіден, оқыту әдістері; төртіншіден, қолданылатын техникалық құралдар; бесіншіден, музыка пәні мұғалімінің тұлғалық, кәсіптік мүмкіндіктері арқылы көрініс табады.

О.А. Апраксина өнер пәні ретінде музыка пәнінің өзіне тән ерекшеліктерін және оқыту заңдылықтары мен принциптерінен туындайтын білім беру, тәрбиелік, ұйымдастыру талаптарын былай қарастырады:

- музыка сабағының білім беру міндеттерінің нақты айқын болуы;
- музыка сабағының мазмұны оқу бағдарламасына, сабақтың мақсатына, оқушының даярлық деңгейлеріне сәйкес анықталуы;
- музыка оқыту әдістерін қолайлы етіп таңдау;
- педагогикалық байланыстардың болуы;
- музыкалық білім беру педагогикасының ғылыми жетістіктерін пайдалану;
- жеке тұлғаның барлық сферасын дамыту;
- жалпыпедагогикалық іскерліктердің дамуы;
- музыкалық білім, іскерлік, дағдыларын меңгерту;
- музыкалық тәрбие міндеттерінің нақты қалыптасуы;
- музыкалық дүниетанымын дамыту;
- оқушылардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру;
- музыканы оқытудың психологиялық ерекшеліктерін ескеру;

- педагогикалық әдеп, оқушылардың адамгершілік сапа-қасиеттерін дамыту;

- музыка сабақтарын нақты жоспарлау;

- музыка сабақтарының белгіленген құрылымын сақтау;

- музыка оқытудың түрлі құралдарын қолдану;

Музыкалық білім беру педагогикасында музыка сабақтарын өзінің дидактикалық мақсаты, мазмұны және оқыту әдістемесіне қарай түрліше жүйелеу ұсынылған. Соңғы жылдары педагогикалық технология идеясының жандануы, білім беру саласына ғылыми-техникалық жетістіктердің ендірілуіне байланысты сабақ беруді жетілдіру, оны ұйымдастырудың тың жолдары іздестірілуде.

«Музыкалық білім беру педагогикасының жанры» - дегеніміз музыкалық-педагогикалық туынды ретіндегі сабақтың өзіне тән образын, эмоционалдық сферасын, музыкалық-педагогикалық құрылымдарын бейнелейтін мазмұны мен ұйымдастырылуының жиынтықты сипаттамасы. Сөйтіп, сабақтың музыкалық-педагогикалық поэма құрылымдарына сәйкес, ода, аңыз, фреска, вернисаж сияқты түрлі жанрларды тиімді пайдалана білуге болады. Сонымен бірге рондо, вариация, реприза сияқты музыкалық формалардың құрылымы музыка сабақтарының құрылымына сай келеді.

Музыка сабағы - музыкалық білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі формасы. Оның мақсаттары мен міндеттері, мазмұны, әдіс-тәсілдері музыка сабағының типтері мен құрылымын анықтауға арқау болады. Басқа да оқу пәндері сияқты музыка сабақтары мұғалімнің жоғары музыкалық-педагогикалық даярлығын, оқушылардық педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін білуді, музыка сабақтарын ұйымдастырудың бұған дейін белгілі болған амал-жолдарын біліп қана қоймай, оның жаңа жолдарын іздестіруді, сөйтіп музыка сабақтарын оқыту тәжірибесін үнемі байытып отыруын талап етеді.

Музыка пәні мұғалімінің сабақтарды өткізуге даярлығы басты екі кезеңнен оқу пәнін жүргізудегі жалпы және әрбір жеке сабақты өткізуге даярлығынан құралады. Жалпы даярлық барысында мұғалім оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, қарым-қатынасын, бейімділіктерін және музыкалық даму деңгейлерін зерттейді. Музыка пәні мұғалімінің әрбір жеке сабаққа даярлығы да едәуір ізденісті, шығармашылықты талап етеді. Бұл жұмыстың алғашқы кезеңінде оқу материалының мазмұны ойластырылады. Әрине, мұғалім тек бағдарламада қарастырылған оқу материалымен шектелмей, оқулықтарда, көмекші құралдарда берілген дидактикалық материалдарды мейілінше терең меңгеруі тиіс.

Музыка сабақтарын жүргізу үшін типтік бағдарлама негізінде құрылған күнтізбелік-тақырыптық жоспарда бірізділікпен жоспарланған тақырыптардаң білімділік, тәрбиелік мақсаттары, қысқаша мазмұны, сабақтың түрі, әдістері, қолданылатын көрнекіліктері, оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмыстары, білім жетістіктерін бақылау және тексеру формасы, әр тақырыптың өтетін мерзімі көрініс табады.

Музыка пәні мұғалімі сабақты жоспарламас бұрын, ең алдымен оқушылар белгілі бір тақырыпты зерделеу барысында, яки есте сақтау, білу оқу дағдылары және алған білімдерін түрлі ситуацияларды қолдану сияқты нәтижелерге қол жеткізуі керектігін нақтылап белгілеп алғаны жөн.

Жеке сабақтарды ұйымдастыру күнтізбелік-тақырыптық жоспардың негізінде жүзеге асырылады. Әсіресе, қызметін жаңа бастаған оқытушылар сабақтың мазмұнын, оқыту әдіс-тәсілдері нақтылы белгіленген конспект дайындаған дұрыс.

Оқытудың нәтижелерін бақылау мен тексеру оқыту процесінің міндетті компоненттерінің бірінен саналады. Оның мәні пән бойынша оқушылардың меңгерген білім деңгейлерінің білім стандартына сәйкес құрылған бағдарламалық талаптарға сай болуын анықтау болып табылады. Кеінгі кезде оқыту процесінде осы жұмысты тиімділікпен жүзеге асыруда «педагогикалық диагностика» жиі қолданылып жүр:

1) алдын-ала тексеріс, мұғалімнің сабақты өткізуге дайындаған жоспары, материалдары қаралады және түсіндірудің, бекітудің, оқушылардың өздік жұмыстарының тәсілдері, әдісі, формалары жөнінде әңгімелесу жүргізіледі;

2) ағымдағы тексеріс, сабақтардың жүргізілу барысы тікелей бақыланады, оқушылардың білімі, дағдыларының деңгейі, оқушылардың шығармашылық тапсырыстарды орындау сапасы тексеріледі. Бұндай тексерудің барысында оқушылардың ұжымдық топпен бірге және жеке орындайтын музыкалық іс-әрекеттері есепке алынады;

3) қорытынды тексеріс, жарты жылдықта немесе оқу жылының аяғында оқушыларға білім мен тәрбие беру жұмыстарының нәтижелері сарапталады. Оларды сабақ-концерт түрінде де өткізуге болады. Себебі музыка сабағында музыкалық іс-әрекеттер негізінен ұжымдық түрде жүзеге асырылатындақтан, тексеруді де ұжымдық формада ұйымдастыру мүмкіндіктері бар.

Дидактикалық тесттер оқыту нәтижелерін тексеру мен баға беруде кейінгі жылдары көптен қолданылуда. Оларды жалпылама төрт типке бөліп қарастырымыз:

- есте сақтауға және еске түсіруге тиісті мағлұматтар, фактілер, ұғымдар, заңдар, теория туралы білімдерді тексеру;

- зерделенген материалдарға өз бетімен сыни тұрғыдан баға беру іскерліктерін тексеру;

- алынған мағлұматтар негізінде білімдерін жаңа нақты ситуацияларды пайдалана білу іскерліктерін тексеру.

Оқушылардың білім, іскерлік, дағды деңгейлерін тексеру, оқыту процесінің құрамдас бөлігі бола отырып, оқушылардың оқу жұмысын тек қана тексеру емес, тәрбиелік, дамытушылық қызметтер де атқарады.

Тексеру әдістерін таңдау иексерушінің алға қойған мақсаттары мен міндеттеріне тікелей байланысты. Оқушылардың үлгерімі мен білім сапасын тексеруде, оның жүйелілігі мен тереңдігін қамтамасыз ету үшін, бұдан да басқа қалыпты емес түрлері, айталық, өздік баға беру, өзара баға беру сияқты әдістер қолданылады.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы менің іс - тәжірибемде.

Осындай жолмен қалыптасқан білім мен біліктіліктің танымдық маңызы да зор болады. Мен осы бағыттарда сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалана отырып, сабақты жаңаша түрде ұйымдастыруды жүзеге асырып келемін. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының бірнеше әдіс - тәсілдерін күнделікті сабақта қолданып жүрмін. Атап айтсам, ассоциация, екі түрлі түсіндерме күнделік, концептуалды кестелер, Венн диаграммасы, кейіпкерге хат, семантикалық карта, кластерлеу секілді әдістер.

Музыка сабағында жаңа педагогикалық сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолданса, оқушылардың қызығушылықтары арта түсері анық. Мысалы, бастауыш сыныптарында музыка сабағында оқушы өзінің бұрынғы білімдерін жаңа ақпаратпен толықтыра отырып, кеңейте түседі. Сондықтан да музыка сабағында қарастырғалы тұрған мәселе жайлы оқушы нені білуі тиіс. Осы арқылы ойды қозғау, ояту, ми қыртысына тітіркендіргіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңде қызмет ететін: «Ақ сүйек», «Жүзік салу», «Теңге алу, жұпта талқылау», т.б. деген сияқты ұлттық ойындарды әуендете қолдану және сергіту сәттерінде музыкалық түрде көрсету сынып оқушыларының пәнге деген қызығушылығын арттыра түседі. Оқушыны музыка сабағына қызығушылықты ояту кезеңінің тағы бір мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткеніүйрену енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көшірмесімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни, айту, бөлісу, ортаға салу арқылы анық ойы ашылады, тазарады. Осылайша шыңдалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы білімімен ұштастырады. [3]

Ойлау мен үйренуге бағытталған бұл технологияның екінші кезеңі мағынаны тану (түсіне білу). Бұл кезеңде оқушы жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Олардың өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетулеріне жағдай жасалады.

Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауға көмектесетін стратегиялары бар. Соның бірі INSEPT. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында оқушылардың музыка сабағында әнді әндетіп, нотаны оқуға деген ынта-ықыласының артқандығын, адами жақсы қасиеттердің қалыптасқандығын, мұғалімнің шыдамдылық, төзімділік сияқты сапаларымен қатар оқушылардың басқаны қабылдау, түсіну, сыйлауды үйренгендігімен сипатталады, сонымен бірге музыкалық таным процесі артады. Баланы музыка тыңдауға, тыңдай отыра оны саналы түрде қабылдауға баулу музыкалық тәрбие беру жұмысындағы күрделі міндеттердің бірі. Музыканы қабылдау - сабақта қолданылатын іс әрекеттердің іргетасы. Ол деген - музыка тыңдау, хормен ән айту, музыкалық білімділігін арттыру, нота сауаты, ырғақ, музыкалық қимылдар, балалар шығармашылығы - осындай күрделі процесс. Шындықтың көркемдік бейнесін, сәулесін сезіну, ести және толғана білу. Музыка тұтас күйінде, өзінің мәнерлік құралдары арқылы әсер етеді. Олар шығармаларды ойнатып

көңіл - күйін жеткізеді. Шығармалардың негізгі түйіні өмірдегі құбылыстармен, адамның сезімдерімен байланысып, астасып жатқанының бір белгісі ретінде түсінуге болады.

«Абай және оның әндері» атты сабағымда «Абай кім?» деген сауал төңірегінде ассоциация жасауда оқушыларым топтасып жұмыс жасай отырып, тез әрі толық жауап берді. «Абай әндері» тақырыбындағы кластерлеу жұмысында да оқушыларымның жұптасып толық жауап бергенін білдім. Бұдан соң уақытнамалық әдіс арқылы оқушылардан Абай әндері туралы мәліметтерді сұрадым. Бұл әдісте де оқушыларымнан ұтымды әрі жедел жауап ала алдым.

«Күй атасы – Құрманғазы» атты сабағымда үй тапсырмасын сұрау мақсатында «Күй дегеніміз не?» деген сауал арқылы ассоциация әдісін қолдандым. Бұдан соң «ББҮ кестесі» әдісі арқылы оқушылардың өтілгелі тұрған жаңа тақырып аясында не білетіндерін, не білгілері келетіндерін анықтадым. Ән үйрену бағыты бойынша И. Нүсіпбаевтың «Домбырасыз сән қайда» деп аталатын өлеңін айтқыза отырып, өлең тақырыбына кластерлеу жұмысын тапсырдым. Нәтижесінде оқушылар өлеңмен қоса, оның мағынасы мен мазмұнын білді. Құрманғазының «Ақсақ құлан» күйін тыңдап, шығу тарихымен танысқан оқушылар концептуалды кесте бойынша жұмыс жасады. Бұл әдісім арқылы оқушыларға күйдің түрін, дыбысталуын, қасиетін, қолданылуын меңгерте алдым деп айта аламын. «Дара тұлға – Нұрғиса Тілендиев» деп аталатын сабағымда «Нұрғиса кім?», «Нұрғисаның әндері» тақырыптарына ассоциация жасаттым. Сабақты бекіту мақсатында «Екі түрлі түсіндірме күнделік» әдісін қолдандым. Нәтижесінде оқушыларым жек дара жұмыс жасай отырып, өз пікірлерін білдірді. Сабақты бекіту мақсатында Нұрғиса шығармашылығына хронологиялық кесте толтырылды. «Қазақ халқының аспаптары» атты сабағымда аспап атауларына байланысты топтарды топтастырып, ассоциация әдісін қолдандым. Сабақты бекіту мақсатында Венн диаграммасын қолдандым. Оқушылар халық музыкасымен кәсіби музыкасының айырмасын өз беттерінше шығармашылықпен жұмыс істей отырып толтырады. Мұндағы мақсатым оқушы өз қабілетін байқап, өз беттерінше ізденімпаздыққа, өз шығармашылықтарымен топ алдында сөйлей білуге үйрету. «Нұрғиса Тілендиев өмірі мен шығармашылығы» атты сабағымда Нұрғиса атамыздың әндері мен күйлеріне ассоциация жасатып, уақытнамалық кесте, семантикалық картамен жұмыстар жүргіздім. Нәтижесінде оқушыларымның семантикалық карта толтыруда кейбір әндері мен күйлерін шатастырып алып жатты. Қателіктер дұрысталып, оқушыларым бұл тақырыпты меңгерді. Сабақты бекіту мақсатында кейіпкерге хат әдісін пайдаланып, оқушыларымның Нұрғиса атасына деген ыстық ықыластарын білдіргенін байқадым. Сабақ барысында қолданған әдістерім сәтті шықты.

«Ментальдік карта» құрастыру.

Төкпе және шертпе түрлерінің домбырада орындалуының әртүрлі тәсілдерін зерттеңіз. Төкпе және шерпе күйлерінің қандай ерекшеліктері бар деген сұраққа жауап беріңіз? Заманауи оранжировкада және де домбырада

Құрманғазының «Адай » күйінін орындалуын тыңдаңыз? Мына сұраққа жауап беріңіз...қандай айырмашылығы, ұқсастығы бар?

Ой шақыру:

https://www.youtube.com/watch?v=pMSSaWNMNIA аранжировка Песни

https://i.ytimg.com/vi/lZfvvkQor3Y/hqdefault.jpg?custom=true&w=168&h=94&stc=true&jpg444=true&jpgq=90&sp=67&sigh=OPy9lkrFFjpJSwvozwlN5rCC03w Картинки по запросу для фортепиано современных песенКартинки по запросу для аранжировки песен фото

Пікір таласқа арналған сұрақтар:

1.Аранжирова дегеніміз не?

2.Арнажировка заманауи нұсқалары қалай жасайды.

3.Аранжировканың неше түрі бар?

«Венн жүйесі» әдісі:

Оқушылар дәстүрлі бесік жырын және заманауи бесік жырын тыңдайды.

Видеотапсырмаларды көргеннен соң оқушылар екі әнді салыстарып өз ойларымен бөліседі және төмендегі сұрақтар бойынша жауап береді.

1. Видео тапсырмада қандай дәстүрді көре алдыңдар?

2. Екі видео тапсырма бойынша салыстыру жұмыстарын жасай аламызба?

3. Бұл қай салт-дәстүрге жатады?

4. Екі әннің айырмашылығы қандай?

5. Әннің мәтініне мән бердіңдерме? Не жайында айтылып жатыр?

6. Екі әннің динамикалары, екпіні, ырғағы өзгергенбе?

Миға шабуыл:

Видеоматериалды көрген соң пікірталасқа арналған сұрақтар:

Видеороликте не байқадыңыздар?

Сал-дәстүр дегенімізді қалай түсінесіздер?

Видео тапсырмада не туралы бейнеленген?

Қандай салт-дәстүр жырын тыңдадыңыздар?

«Тұсау кесер» салты туралы толық мағлұмат беріңіздер?

«Мағынаны» тану әдісі:

6-сынып. Музыка.

Сабақтың тақырыбы: Балет өнері

1. П.И.Чайковскийдің «Лебединое озеро» балетінен үзінді тыңдаңыз. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

- Орындаушылардың ұқсастықтары қандай?

- Орындаушы қандай бейнелерді сомдап тұр?

- Қандай әдіс-тәсілдермен бейнелейді?

2. Суреттегі тұлғаларды атаңыз. Берілген тұлғалар туралы қысқа мәлімет дайындаңыз.

Картинки по запросу булат аюханов Картинки по запросу майя плисецкая Картинки по запросу с рахметова балерина сауле рахмедова

«Айырмашылығы неде?» әдісі:

2-сынып. Музыка.

Сабақтың тақырыбы: Музыканы тыңдау, талдау және орындау

Д.Б. Кабалевскийдің «Клоуны» (Сайқымазақтар) музыкалық шығармасын тыңда. Музыканың жанрын анықта. Жауабыңды түсіндір.

вокалдық аспаптық

«Көргеніңді айт» әдісі:

2-сынып. Музыка.

Сабақтың тақырыбы: Музыкалық-шығармашылық жұмыстар құру

Тапсырма

«Қарлығаштың құйрығы неге айыр? мультфильмін қара: (https://www.youtube.com/watch?v=KNCovrApSbY)

Топтық жұмыс.

Ұрмалы және шулы аспаптарды қолдана отырып, ертегі кейіпкерлерінің біреуіне музыкалық сүйемелдеу жаса.

2-сынып. Музыка.

Сабақтың тақырыбы: Музыкалық-шығармашылық жұмыстар құру

«Галереяда ой шарлау» әдісі:

Тапсырма Сүйемелдеу жасау үшін берілген аспаптардың ішінен шулы аспаптарды таңда. Берілген ырғақтық суреттемелерді шулы аспаптарда орында.

«Болжау» әдісі:

2-сынып. Музыка.

Сабақтың тақырыбы: Музыкалық- шығармашылық жұмыстар құру

Тапсырма

Топтық жұмыс.

Суреттерге мұқият қара. Суретте бейнеленген пәндер туралы өлең жолдарын құрастыр. Құрастырған өлеңге до, ми, соль ноталарын қолданып, әуен шығар және орындап көрсет.

«DEAL» тәсілі:

2-сынып. Музыка.

Сабақтың тақырыбы: Музыкалық- шығармашылық жұмыстар құру

Тапсырма

Топтық жұмыс.

Суреттерге сүйене отырып «Көңілді қыс» тақырыбына бірнеше сөйлемдер құрастыр.

D –баяндау, суреттеу. тақырыпқа байланысты сөйлемдер құрастырады;

E – түсіндіру. до, ми, соль ноталарын қолданып, әуен шығарады;

A –талдау. шығарған әуенін орындайды;

L –байланыс. шығарған әуенін импровизациялап, сипатын көрсетеді.

«Топтастыру» стратегиясы:

2-сынып. Музыка.

Сабақтың тақырыбы: Музыкалық-шығармашылық жұмысты бағалау және көрсету

Тапсырма

Топтық жұмыс.

Музыкалық-шулы және ұрмалы аспаптарды қолдана отырып, қыс мезгілінде болатын дыбыстарды жаңғырт. Мысалы: конькидің сырғуы, боран, қармен жүру.

Жалпы сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану барысында менде қандай өзгешеліктер болды? 1. Сабақ жоспарымның құрылымы өзгерді. 2. Сыныптағы оқушыларым жұпта, топта, жеке дара жұмыс жасау бағыттарын үйренді. 3. Бірін – бірі бағалауды үйренді. 4. Оқушыларымның ізденушілік қабілеттері артты. 5. Сабаққа деген қызығушылықтары оянды. 6. Оқушыларымның логикалық ойлауы артты. 7. Сабақты жүйелі баяндауды үйренді. 8. Білім сапасы арта түсті. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру.

## Жалпы орта білім беретін мектебі оқушыларының ғылыми жоба жұмыстарының үлгілері

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**
**БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

_______________________мектебі

**Ғылыми жоба**

**Тақырыбы:** Әл-Фараби және домбыра – ұлттық аспаптың құдіреті

**Бағыты:**
**Секция:** Музыка

**Авторы:**
**Жетекші:**

**Шымкент** – 2022 ж.

## Аннотация

Бұл ғылыми жоба жұмысында мыңжылдық тарихы бар ұлы қазақ халқының ұлы даласының ұлттық аспабы домбыра жайлы құнды мәліметтер келтірген. Домбыра - қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол – қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап.

## Аннотация

В этой научной проектной работе приведены ценные данные про казахского национального инструмента - домбра, который имеет историю более многотысяче летие.

## Кіріспе

**Ғылыми жоба жұмыстың өзектілігі.** Домбыра — қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол – қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма – күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі кезде домбыра жеке әнді сүйемелдеуге, күй тартуға, халықтық-фольклорлық музыкада, классикалық шығармаларды орындауға қолданылатын, мүмкіндігі кең музыкалық аспап болып табылады. Домбыра ежелде қазақтың тарихын баяндаған музыкалық аспаптардың бірі.

XIX ғасырда қазақ халқының тұрмысында анағұрлым кең тараған Музыкалық аспап екі ішекті домбыра болатын. Егер бұрынғы заманда көне аспаптар ән, жыр, ертегі-аңыздарды сүйемелдеу үшін ғана қолданылған болса, енді домбыра жеке шығарма орындауға арналып, күрделі аспаптардың қатарына қосылды.

**Ғылыми-зерттеу жоба жұмысының ғылыми жаңалығы:**

Қазақтың ұлттық музыкалық аспабы домбыраның мыңдаған жылдық тарихын зерделеу.

**Ғылыми-зерттеу жоба жұмысының практикалық құндылығы:** Ұлы даламызды мекендеген қазақ халқының музыка өнеріне шолу жасау.

**Ғылыми-зерттеу жоба жұмысының мақсаты:** Әл-Фараби және домбыра – ұлттық аспаптың құдіретін паш ету.

## Домбыра – ұлттық аспаптың құдіреті

**Домбыра** — қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол – қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма – күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі кезде домбыра жеке әнді сүйемелдеуге, күй тартуға, халықтық-фольклорлық музыкада, классикалық шығармаларды орындауға қолданылатын, мүмкіндігі кең музыкалық аспап болып табылады. Домбыра ежелде қазақтың тарихын баяндаған музыкалық аспаптардың бірі.

XIX ғасырда қазақ халқының тұрмысында анағұрлым кең тараған Музыкалық аспап екі ішекті домбыра болатын. Егер бұрынғы заманда көне аспаптар ән, жыр, ертегі-аңыздарды сүйемелдеу үшін ғана қолданылған болса, енді домбыра жеке шығарма орындауға арналып, күрделі аспаптардың қатарына қосылды.




Почта маркасындағы домбыра

Әр түрлі ескерткіштерге, сондай-ақ этнографтардың жазып қалдырған еңбектеріне жүгінсек, домбыра және өзге халықтардың осы тектес аспаптары тіпті сонау орта ғасырларда белгілі болған екен. Мысалы, Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектерінен тамбур аспабы жайында оқимыз.

Өзбектердің домбыраға өте ұқсас екі ішекті дутары алғаш рет әл-Хусейнидің «Музыкалық канон» деген трактатында ауызға алынды. Қазақтың халық аспабы домбыра XIV ғасыр жазбаларында кездеседі. Оның бастағы түрі мен құрылысы қазақтың домбырасынан аумайды, осындай аспап аттарының ұқсастығы да олардың түпкі шығу тегі бір екекін көрсетсе керек.

Өткен жүз жылдықта ұлы халық композиторы Құрманғазымен бірге Дәулеткерей, Тәттімбет, Сейтек, Байсерке, Қазанғап секілді саңлақ күйшілер дүйім жұртты аузына қаратқан еді. Бұлар бармағынан бал тамған майталман

домбырашы болуымен бірге нелер бір ғажап күй де шығарған шын мәніндегі өнер иелері-тін. Солардың арқасында домбырада тартылатын күйлердің музыкалық формасы үздіксіз жетілдіріле түскен-ді. Домбыраның техникалық мүмкіндіктері артқан сайын домбыра тарту өнері де едәуір өрге басып, байи түсті.

Қазақстанның батыс аудандарында домбыра тартудың өзгелерге ұқсамайтын бөлек дәстүрі қалыптасқанын айту керек. Батыс аудандардағы домбыраның негізгі өзгешелігі, көлемі үлкен болып келеді, сондай-ақ шанағы сопақ, мойны жіңішке, перне саны көбірек. Сондықтан мұндай домбыраны тартқанда қолданылатын техникалық, тәсілдерді шанағы жалпақ домбыраға қолдану қиын, өйткені бұл соңғы домбыраның мойны едәуір енді және ондағы перне де аз.

Шанағы жалпақ домбыраның бірнеше нұсқасы кең тараған. Егер батыс аудандардағы домбыраларға 12—14 перне тағылса, ал шанағы жалпақ домбыраға не бары 7—8 ғана перне байланған. Перне санын арттыру процесі өте баяу жүрді және оның өзі орындалатын репертуарға тікелей байланысты еді. Әдетте, жаңа перне онымен алғаш орындалатын күйдің атымен аталынды. Пернелердің бірі домбырада «Түрікпен күйін» орындағанда байланды да, «Түрікпен пернесі» деп аталды. Бейтарап терция интервалын беретін басқа бір перне Қазақстанның батыс аудандарында «Сарыарқа пернесі» деп аталады.

Аңыз-ертегілердің бірінде аспаптағы жоғарғы тиектің қалай пайда болғаны жайында айтылады. Жаумен шайқасып, одан соң алыс сапар шегіп әбден қалжырап келе жатқан батыр жолшыбай демалуға аялдайды. Сайдың ішіндегі саялы жерде жайғасып отырған соң талдан бір шыбық кесіп алады, оған жылқының қылын керіп байлайды да, дыбыс шығармақ болып көреді. Бірақ қолдан жасаған тым жұпыны аспаптан ешқандай үн шығатын емес, тым-тырыс, меңіреу күйінде қала береді. Батыр оны жанына тастай салады да, өзі қисайып жатып ұйықтап кетеді. Ол жанындағы өзі жасаған аспаптан шығып жатқан дауыстан оянады. Қолына алып қараған батыр аспаптың мойын тұсынан титтей ағаш тиекті көреді, оны әлдебіреу ішектің астынан келтіріп орнатып қойған екен. Батыр: «Е, бұл шайтанның ісі болды ғой»,— деп ойлайды. Бәлкім содан бері қалған сөз болса керек, халық арасында жоғарғы тиекті «шайтан тиек» деп атайды. Ішекті жылқының қылынан тағу, жоғарғы тиектің болмауы көне аспаптарға тән сипат.





Қазақ даласының әр өңірінде кездесетін домбыралар жергілікті жер жағдайына, тұрмыс-салты мен дәстүріне, ән, жыр, күй мектебі мен әр өнерпаздың орындаушылық мәнеріне, аспапшы шеберлердің ісмерлігіне байланысты әртүрлі пішімде дамытылып, өзгеріп отырған.

Ән, жыр айтуға арналған домбыраның пернелері 8 – 9, әрі кеткенде 14 – 15-ке жетсе, күй домбырасына 20-дан астам перне тағылады. Олардың құлақ бұрауы да қажетіне қарай (кварта, квинта) өзгертіледі. Домбыра, негізінен, екі ішекті және кейде үш ішекті болып келеді. Домбыра тартуда қағыстардың түрлері өте көп. Мысалы, «сермеп ойнау», «іліп қағу», «шертіп ойнау», т.б.

Қазіргі кезде домбыраның 20-дан астам түрлері бар. Олардың ішінде

ән мен күй домбырасы

торсық
тұмар
кең шанақты (екі нұсқасы)
балдырған
балашық
шіңкілдек
аша
үш ішекті
қуыс мойын
шертер
оркестр домбыралары:

- қоңыр дауысты (альт)
- жіңішке дауысты (прима)
- ащы дауысты (секунда)
- бас домбыралар (екі нұсқасы)
-

Домбыра құрылысы бірнеше бөліктен тұрады: басы, құлақтары, пернелер, мойын, шанақ, бетқақпақ, ілгек және ішектер. Сондай-ақ, оның көптеген қосымша бөлшектері бар (тиек, кемер ағаш, тұжым ағаш, бастырма, ойық, қалқа, түйме, өрнек, желкелік). Домбыра тиегі үш түрлі болады (шайтан тиек, негізгі тиек, табалдырық тиек).

Домбыра дыбыс өткізгіштігі жоғары қарағай, дыбыс жаңғырту қасиеті бар тұт, қатты жынысты үйеңкі, емен секілді киелі ағаштардан, негізінен, екі түрлі әдіспен – құралып немесе ойылып (шауып) жасалады. Құрама домбыралардың шанағы жұқа тілшелерден құралып жасалса, бітеу домбыра тұтас ағаштан ойылады.

Домбыра аспабы халықтық кәсіби өнердің туып-қалыптасуына, өркендеуіне негіз болған. Байжігіт, Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Сейтек, Қазанғап, Сүгір, Тоқа, т.б. даңқты күйшілердің төкпе, шертпе күй дәстүрлерінің тууы, дамуы осы Домбыра аспабымен тікелей байланысты. Олардың дәстүрін, мұрасын бүгінгі күнге жеткізген Дина Нұрпейісова, Ә. Хасенов, Науша Қашағанов, Махамбет Бөкейхановтар, Төлеген Момбеков, М. Хамзин, Қ. Жантілеуов, С. Балмағамбетов, Л. Мұхитов, т.б. сияқты домбырашылар болса, қазіргі майталман орындаушылар – Қаршыға Ахмедияров, У. Бекенов, Р. Ғабдиев, С. Шәкіратов, Б. Ысқақов, Бекболат Тілеуханов, Айгүл Үлкенбаева, А. Райымбергенов, т.б.

Домбыра – тек күй тартуға ғана емес,ән айтқанда сүйемел үшін де қолданылатын аспап. Біржан сал, Ақан сері,Жаяу Мұса, Мұхит, Мәди, Кенен Әзірбаев, Әміре Қашаубаев, М.Ержанов, Ж.Елебеков, Ғ.Құрманғалиев, Қ.Байбосынов т.б. белгілі әншілер домбыраның әнге әр беріп, әншіге демеу болатынын дәлелдеді.

## Домбыраның дамуы

Домбыра аспабының дәстүрлі үлгілерін, халықтық дәстүрдегі перне байлау, домбыра баптау, күй ойнау, домбыра жасау жөнінде зерттеулерді Б. Сарыбаев, Б. Орымбеков, Т. Әсемқұлов, А. Сейдімбек, Д. Шоқпарұлы, т.б. еңбектерінен кездестіреміз. Домбыра құрылымдық, сапалық дәрежесінің кемел деңгейге жетуі барысында бүгінге дейін бірнеше сатыдан өтті:

1932 – 1934 жылдары домбыра аспабын жетілдіру бағытында белгілі аспапшы шеберлер Қ.Қасымов, А.Ермеков, ағайынды И. және Б.Романенколар, Қ.Оңалбаев, т.б. еңбек етсе,

оны 1960 – 1970 жылдары Ә.Аухадиев, О.Бейсенбекұлы жалғастырды.

1934 жылы Халық аспаптар оркестрінің (Қазақ мемлекеттік халық аспаптар оркестрі) құрылуымен байланысты домбыраның прима, альт, тенор,бас, контрабас сияқты түрлері дүниеге келді.

1990 – 2000 жылдары аспап жасаушы-қолөнерші шеберлердің республикалық «Үкілі домбыра» сайыстары өткізіліп, соның ықпалымен домбыра аспабы жаңаша зерттеу, даму, жетілу бағытына бет түзеді.

Шоқпарұлы, С.Ділманов, Ж.Тұрдығұлов, С.Кенжеғараев, т.б. домбыра жасаушы шеберлер шоғыры пайда болды. Олар дамытып, жетілдіріп жасаған домбыралар сырт нұсқаларына, бөлшектері мен ішек сандарына, дыбыс ерекшеліктеріне, дыбыс ауқымына және басқа да қосымша ерекшеліктеріне қарай «үш ішекті», «кең шанақты», «қуыс мойын», «бүктемелі», «желбезекті», «тұмар», «қос шанақты» немесе «қос мойын», «үшем», т.б. деп аталып, халықтық-аспаптық музыка дәстүрін байыта түсуде. Домбыра тектес аспаптар Орта Азиядағы түркі халықтарының барлығында дерлік бар. Мысалы, башқұртта «думбыра», қырғыздарда «қол қомуз», түріктерде «саз», «уд».

Қазақтың музыка мәдениетін зерттеушілер күні кешеге дейін өткен ғасырдағы этнографтардың көп ішекті домбыралар жайында жазып қалдырған еңбектеріне жөнді мән бермей келген еді. Ал Семей облысынан үш ішекті аспаптар мен үш дауысты бірегей күйлер кездескеннен кейін ғалымдар бұл мәселедегі көзқарастарын өзгерте бастады. Қазақтарда бұрын өзінің құрылысы жағынан үш ішекті көне шертерге ұқсас көп ішекті домбыра болғаны жайында бұл күнде қосымша деректер табылып отыр.

Бұрынғы кезде көп ішекті домбыралар Қазақстанның түрлі облыстарында болыпты. Мұны А. Алекторовтың, Д. Исаевтың, П. Юдиннің және басқа этнографтардық мәліметтерінен көреміз. Осындай мақалалардың бірінен мынадай жолдарды кездестірдік.

«Қырғыздардың музыкалық аспаптары қызығарлықтай емес. Олардың бар болғаны бубен, джибизги және думбралар (думбра — үш немесе төрт ішекті аспап, біздің балалайкаға ұқсайды)».

Үш ішекті, кейде шанағының ішінде тартылған қосымша ішектері тағы бар, өте көне домбыралар Семей облысының Абай, Шұбартау және Жақа Семей аудандарында жиі кездесетін.

Семей облысында үш ішекті домбыра тартудың тамаша шеберлері көп болған. Солардың бірі Тілеулі Мамырбековтің репертуарында ондаған күйлер болыпты. Ол кісі, мысалы, «Боз айғыр», «Қара жорға», «Қара атты», «Көк атты», «Боз жігіт», «Асан Қайғы», «Қорқыт» сияқты күйлерді нәшіне келтіре орындаған. Ұлы Абайдың баласы Ақылбай мен немересі Исраил үш ішекті домбыраны шебер тартқан екен. Исраилдің өзі де бірнеше күй шығарған, бірақ өкiнiштiсi, ол күйлер бізге жетпеді. Қазір Семейдегі республикалық әдеби-мемориалдық Абай музейінде үш ішекті домбыра сақтаулы:

Олардың бірі Исраилдің домбырасы. Ол тұтас ағашты ойып жасалған. Бет қақпағы ағаш шегелермен бекітілген, оған тарамыс перне байланған.

Екінші домбыраның шанағы бөлек-бөлек тақтайдан құрастырылған. Жоғарғы және төменгі қақпақтары фанерден жасалған. Он екі пернесі бар.

Үшінші домбыраны ұлы ақын-ағартушы Абай Құнанбаев пен оның досы Н. Долгополов Семей өлкетану музейіне 1885 жылы тапсырыпты. Ол да тұтас ағаштан ойып жасалған. Ағаш шегелермен бекітілген бет қақпақта үш шағын ойық бар. Жоғарғы тиек жоқ. Мойынға бес перне байланған.

Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының аға ғылыми қызметкері А. Серікбаева басқарған фольклорлық экспедиция 1965 жылы жазда Семей облысы Абай ауданындағы М. Әуезов атындағы совхозда болды. Экспедиция мүшелері үш ішекті домбырада М. Әзімханов орындаған жеті бірегей күйді жазып алған. Олардың ішінде: «Қалмақтың би күйі», «Панкратов», «Қазақтың би күйі», «Сары өзен», Ағашаяқтың екі күйі және «Сылқылдақ» бар.

Кейін консерваторияның фольклор кабинетіне осы ауданнан үш ішекті домбыра келіп түсті. Бұл домбыраның шанағының ішіне даусын күшейту үшін квартаға келтіріліп екі металл қосымша ішек тартылған. Аспап тұтас ағашты ойып жасалынған. Ағаш пернелері қозғалмайды. Тиектің ішек үшін жасалған үш кертігі бар. Бұл оны сақтау үшін істелген. Аспап квинта мен квартаға келтіріліп бұралады.

Көп ішекті және екі ішекті домбыралардың құрылысында ұқсастық көп. Көп ішекті домбыралардың мойны қысқа, пернелері жылжымалы болған. Шығыс облыстарда кездесетін екі ішекті домбыралардың да мойны нақ осындай. Екі қосалқы ішегі бар екі ішекті домбыралар да кездеседі. Кейбір домбыраға сым ішек тағыла бастайды. Кейін жылжымалы пернелер тұрақты мыс пернелермен алмастырылды. Қосақталған екі сым ішекті және пернелері тұрақты бірегей домбыра 1967 жылы Талдықорған облысының Панфилов ауданынан табылды. Ол бұл күнде автордың музыкалық коллекциясында сақтаулы.

Екі ішегі аспаптың шанағының және мойнының ішінен өтетін домбыралар да бар. Оларда төрт немесе екі құлақ болады. Құлақ екеу болғанда ішектер мынадай ретпен тағылады: екі ішектің ұштары мойынға

шалынады да мойынның ішіне жіберіледі, одан әрі шанақтың төменгі бөлігіндегі ролик арқылы сыртқа шығарылады, одан соң сырттан керіліп екі құлаққа бекітіледі. Міне, осы себепті құлақты бұрағанда ішкі және сыртқы ішектер бір мезгілде күйге келтіріледі. Дина Нүрпейісова атындағы халық аспаптары оркестріне қатысушы Қапар Темірәлиев 1960 жылы жасаған домбырада төрт ішек бар. Олардың екеуі шанақ пен мойынының ішінен өтеді. Төрт құлақ болуы арқасында әр ішек жеке күйге келтіріледі. Ішкі ішектер сыртқылармен унисон түрінде күйге келтіріледі де, аспаптың даусын күшейте түседі. Мойынның сағасының бір бөлігі ашық қалдырылады, ол ішек үзілген кезде жаңасымен ауыстыру ыңғайлы болуы үшін қажет.

Домбыраға қосалқы ішек тағылуы және ішекті қос-қостан тағу ол кездегі музыкант орындаушылардың аспаптың үнін жетілдіруді мақсат етіп, үнемі ізденіс үстінде болғанын көрсетеді. Қостанай облысының Боровское ауданында шанағының ішіне қоңыраушалар ілінгек домбыралар да кездесті. Мұндай домбыра жасаушы шебердің бірі — Саубай Ахметов екен. Таулы Алтай автономиялы облысының Қосағаш ауданында бұрын халық композиторы Бейсен деген кісі тұрған екен, ол үш дауысты күй шығарыпты.

Үш дауысты күйлерді алғаш зерттеп көргеннің өзінде-ақ олардың өзгеше әуезділігі байқалады. Музыка зерттеушісі Л. Тарасова үш дауысты «Сылқылдақ» күйікің ладо-тональдық, метрикалық, құрылымдық және басқа сипаттарын талдай келіп: «бұл күй бізге бұған дейін: белгілі күйлердің бәрінен мүлде өзгеше екен. Бұған «кінәлі» оның үш дауыстылығы, осы үш дауыстың нәтижесінде өте бір ерекше комплекстер, қазақ музыкасы үшін мүлде өзгеше әрі жаңа әуендер өмірге келген».

Көп ішекті домбыраларды тарту мәнері Қазақстанның, шығыс облыстарындағы домбырашылардың тартысына ұқсайды. Яғни күйлер ішектерді жеке-жеке шертіп ойнау тәсілімен орындалады. мұндай тәсіл республикамыздың бұл аймақтарында үш ішекті домбыраның сақталуына себепші болған. Үш ішекті домбырада орындалатын күйлер өзгеше естіледі және олардың орындалу тәсілі де басқаша.

Екі ішекті және үш ішекті домбыралардың көп ішекті жетігенмен және үш ішекті шертермен үқсастығы да жоқ емес. Үш ішекті домбыра тартудың қалыптасқан дәстүрін қазақтың аспаптық творчествосы дамуының неғүрлым ертеректегі кезеңіне жатқызуға болады. Домбыраның жетілдірілуі аспаптық музыканың дамуымен тығыз байланыста жүріп отырған. Бірі-біріне ұқсамайтын орындаушылық екі дәстүрдің орын алуын құрылысы және сыртқы түрі жағынан басқа-басқа екі түрлі домбыра жасалуына себепші болды. Осының бәрі қазақ халқының музыка мүрасын байыта түсті. Қазақстанның орталық, оңтүстік және шығыс облыстарының орындаушылық дәстүрі әлі күнге дейін жете зерттелінбей отырғанын айта кету керек.

Советтік заманда Қазақстанның аспаптық музыкасы дамытылуына байланысты екі ішекті домбыра жетілдіріліп қайта жасалды да оны тарту шеберлігі биік сатыға көтерілді. 1943 жылы Құрманғазы атындағы Қазақтың халық аспаптары оркестрі ұйымдастырылған шақта домбыраның бірнеше түрі бірден жасалынған-ды. Оркестрге әр жылдары жетекшілік еткен А.

Жұбанов, Л. Хамиди, Л. Шаргородский, Ш. Қажғалиев, сондай-ақ музыка аспаптарын жасаушы шеберлер И. Романенко мен Қ. Қасымов домбыраны жетілдіру және домбыраның мүлде жаңа үлгілерін жасау жолында қажымай-талмай көп еңбек сіңірді. Домбыра мен қобыз Осакаровка музыкалық аспаптар фабрикасында және Алматыдағы мебель фирмасының музыкалық аспаптар цехында жасалынуда. Ал оларда жасалынып шығып жатқан аспаптардын, саны да, сапасы да аспапқа қойылатын талаптан көп төмен. Аспаптарды көптен шығару ісінің жолға қойылмай отырғаны, яғни сапалы аспаптың тапшылығы көркемөнерпаздар үйірмесінің кең қанат жайып дамуына, жас музыканттарды тәрбиелеп баулуға кедергі болып отыр.

Қазақ КСР Министрлер Советі музыкалық аспаптарды шығару және сапаларын жақсарту жөнінде 1968 жылы 27 ақпанда қаулы қабылдаған болатын. Осы қаулыға сәйкес аспаптардың қолданылып жүрген түрлерін қайта жасауды және көне аспаптарды қалпына келтіруді қолға алған эксперименттік лабораториялар жұмыс істей бастады. бұл кезеңде ағаштың физикалық-механикалық және акустикалық қасиетін зерттеп анықтау барысында біраз жұмыстар атқарылды. Аспаптарды жобалау қазақ аспаптарының көне үлгілерін, сондай-ақ халық шеберлерінің тәжірибелері мен дәстүрлерін, этнографиялық материалды зерттеп-игеру негізінде жүргізілді.

## Домбыраны зерттеу нәтижелері

Әр түрлі үлгідегі домбыралардың қақпақтары зерттелінді. Қақпақтың жеке бөлшектерін құрастырып жинағаннан кейінгі серпінін белгілеу үшін кергіш орнатылады. Қақпақты шанаққа отырғызғаннан кейін топты жаңғырық пайда болады. бұл шанақ пен қақпақтың арасындағы бір тұтас жаңғырық болып саналады. Қақпақты өңдеу жұмыстары оның тербеліс жиілігіне өзгеріс енгізеді, сондықтан қақпақ шанаққа бекітіліп, біржола өңделгеннен кейін тербеліс жиілігі қандай болатынын күні бұрын білуге болады. Оның үстіне ағаштық физикалық ерекшелігіне байланысты көлемі бірдей қақпақтардың өзіндік үн шығару қасиеті де әр түрлі. Солай бола тұрса да қақпақты қажетті интервал шамасында дыбыстайтын етіп күйге келтіруге болады. Тақтайшаларды іріктеу, қақпақтың қалыңдығын анықтау және серпінді орнату әрбір қақпақтың ерекшелігіне байланысты, бұл іске аса мұқият болған жөн. Қалаған үнді келтіру үшін қақпақтың бөліктерін дұрыс іріктеудің де маңызы бар. Қақпақ құрастырылғаннан кейін тақтайшалардың санына қарай реттей отырып қажетті үнді алуға болады.

Зерттеу жұмыстарын жүргізу нәтижесінде анықталғандай, егер қақпақтың көлемі неғұрлым кішірек болса, ағаштың тербеліс қасиеті де соғұрлым жиілей түседі. Қақпақты құрастырған және күйге келтірген шақта, сондай-ақ онын, параметрлерін белгілегенде осы жайларды ескерудің маңызы өте зор. Қақпақ бірнеше шағын тақтайды желіммен біріктіру арқылы жасалынады. Қақпақты құрайтын тақтайлардың қасиеттері мен түсі бірдей болуы шарт. Тақтайша ағаштың табиғи жолақтары бойынша бір бағытта

жымдастырылып біріктіріледі. Ені —250 мм, ұзындығы — 400 мм және қалыңдығы —2,5 мм етіп құрастырылған қақпақтың қасиетіне қарай әдемі болады.

Қақпақты күйге келтіру кезінде ескерілетін ендігі бір қажетті іс кергіш орнату. Мысалы, егер кергіштін, ені—5 мм, ал биіктігі—6 мм болса, онда қақпақтың үні бір тон шамасында жоғарылайды. Тәжірибе көрсеткеніндей, қақпақтың алғашқы кездегі тербеліс жиілігін сақтау үшін серіппені бірте-бірте аласарта беру керек. Сынақ жүргізілгенде байқалғандай, қақпақтың тербеліс жиілігіне әсер ететін негізгі факторлар мыналар:

1. ағаштың қасиеті,
2. қақпақтың қалыңдығы мен жұқалығы және жанама түрде әсер ететін факторлар:

қақпақтың сәл ұзартылуы мен қысқартылуы,

өрнектеу.

Қақпақ үнінің тазалығы оның жақсылап жымдастырылуына, құрастырылуына және қалыңдығына байланысты.

Әр түрлі аспаптардың үнін келтіру әдісінде ортақ жайлар көп болғанымен әрбір қақпақты жекеше алып қарау керек. Домбыра қақпағын күйге келтіру де, осы аспаптың құлақ күйіне тәуелді.

Аспапта жұмсақ тембр, майда қоңыр дауыс пайда болады. Қазір домбыраның қақпағы 2—5 бөлек тақтайдан құрастырылып жүр. Тақтай бөлшектерінің санына қарай қақпақты құрастырудың және күйге келтірудің жолдары өзгеріп отыруға тиісті. Егер қақпақ екі бөлшектен ғана құралса, онда оларды бір тонға келтіру қажет, ал егер үш бөлшектен құралатын болса ортадағы тақтай күйге келтіріледі. Төрт бөлшектен құрастырылса ортадағы екі тақтайдың күйге келтірілетін болуы маңызды, өйткені негізгі тонды беретін солар.

Сөйтіп, қақпақ жасаудың бүкіл процесін оны күйге келтірумен бір мезгілде жүргізу қажет, яғни:

қақпақтан өзіміз қажет еткен үнді оны әзірлеудің бастапқы сатысында-ақ алу керек;

егер қақпақтың үні құрастыру ісі басталған кездің өзінде-ақ, тым жоғары болса, келесі тәжірибе үстінде де қажетті үнді ала алмайсыз, сондықтан оны күйге келтіріп және аспаптың шанағына орнатып текке әлектенбеу керек;

аспаптың даусы жақсы болуы үшін қақпақтың үнін си-ге немесе си-бемольға жеткізу қажет;

егер бөлек тақтайшалардың арасы дұрыс желімделмесе қақпақ біртектес ағаштан құрастырылмаса, талшықтардың бағытталуы қисық болса, жарықшақ сызат

түссе, домбыраны күйге келтіру қиындайды.

Тәжірибе көрсеткеніндей домбыра қақпағының үніне қарап аспаптың тембрлік даусын күні бұрын білуге болады. Ал мұның, өзі аспаптарды

көбінесе сапалы етіп жасауға мүмкіндік береді. Қақпақтың үні жақсы болса — жұмсақ, ал үні жоғары болса — ащы болады.



1970 жылы Осакаровка музыкалық аспаптар фабрикасында жасалған бес домбыраға талдау жасап көрген кезде, зерттеу мынаны көрсетті. Қалыңдығы 3,1 мм-ден, —4,1 мм-ге дейінгі қақпақтарды ашып қарадық. Артқы пружинаның биіктігі 5,2—5,6 мм шамасында екен. Мұндай көлем тербелістің қасиетті жиілігін және дұрыс күйге келтіру үшін керек болатын шарттылыққа сай емес. Қақпақтың қалыңдығын бір мм-ге жұқартқан соң және пружинаның биіктігін тағы бір мм-ге кеміткен соң тербеліс жиілігі азайды.

Көптеп шығарылатын домбыралардың дауыс шығару мүмкіндігін жақсарту үшін тәжірибе жүргізудің нәтижесінде алынған аспаптың үнін жақсарту жолында үнемі ойластырып, көп ізденіп келген. Сондықтан да олар домбыраның формасы мен құрылысына ерекше назар аударған.

Қолға алып зерттеген бірнеше домбырамыз тұтас ағаштан ойып жасалған. Сырт қарағанда бұл домбыралар жалпақ сияқты, алайда, шанақтың қуысы тостағанша дөңгеленіп ойылған, ал мұның өзі аспаптың даусы жақсы шығуына мүмкіндік береді. Қақпаққа серіппе орнатылмаған, бұл жағдай шанақтағы қақпақтың үні бір қалыптан өзгермеуіне көмектеседі екен.

Белгілі шебер И. Романенко және басқа да шеберлердің қолымен жасалынған бірнеше домбыраға көрнекті музыканттар талдау жасады. Мысалы, атақты орындаушы Дина Нұрпейісова тартқан Домбыраның қақпағын ашып көрген.

Дина Нұрпейісова аспапқа мейлінше сын көзімен қарап ең сапалысын ғана таңдап алған болуы керек. Оның осы домбырасын 1939 жылы шебер Ермек Арыстанов жасапты.

Аспаптың шанағы жаңғақ ағашынан, мойны — қайыңнан, қақпағы — шыршадан жасалған. Сөйтіп, нақ осы тектес домбыра үшін ең қолайлы

қақпақ қандай болуы керек екені белгілі болып отыр. Қақпақтың тиісті дірілі шыршаны кептіру арқасында алынды. Серіппелердің көлемдері қақпақтың үніне нұқсан келтірмейтіндей етіп жасалған. Сондықтан шанаққа бекіткеннен кейін де қақпақ өз құлақ күйін сол бұрынғы қалпында сақтап қалды.

Құрылысы мен даусының түпкі ерекшеліктері сақталып қайта жасалған домбыра оркестрдің құрамында домбыра қызметін атқара бастады. Нақ осы домбыраның, арқасында дәстүрлі аспаптық музыка — күйлерді орындағанда оркестр даусы ұлттық өзгеше рең танытады. Домбыраның репертуары орыс классикасы шығармаларымен және қазіргі заманғы музыкалық шығармаларымен де байып отыр.

Аңқылдап алтын күрек домбырадан, Құйып тұр жазғы жылы жауғандай боп!
(І.Жансүгіров,Күйші )

Қолымдағы қу ағаш, сөйлеп тұрған бұл ағаш. Қолымдағы ағашым-алып жүрген домбыра.домбыра күнә деген сөз - Тек бір айтқан домбыра
(Қапшаған)

Домбырада шетелдік шығармаларды орындау

Домбыра сияқты екі ішекті музыкалық аспаптың мүмкіндігі зор. Солардың бірі домбырада шетелдік шығармаларды орындау болып табылады. Паганинидің төрт ішекті скрипкасында үлкен қиындықпен немесе басқа да әйгілі шетел композиторларының шығармалары, қазақтың киелі домбырасында оңай және әсем ойналады. Бұл қасиет әрбір музыкалық аспаптың үніне салына алмайды. Мысалы: Моцарттың “Түрік маршы” өте күрделі әрі жоғары теmппен орындалатын шығармалардың бірі. Оның барлық вариациясын күй-сандықпен ойнап шығу тек қана нағыз шебер адамдардың қолынан келеді. Алайда, қазақтың домбырасында осы іспеттес қазақ ұлтының қос ішекті домбырасында дәстүрлі қазақ композиторларының шығармаларымен қоса, шетелдік шығармаларды асқан шеберлікпен әсем орындауға болады. Бұның өзі домбыраның ерекшелігінің бір дәлелі. Киелі домбыраның 20-дан астам түрлері бар.

## Қорытынды

Қорыта айтқанда, домбыра - сан ғасырлардан бері сырын сақтаған, қазақ даласында кеңінен танымал аспап. Дегенмен домбыра әр аймақта әр түрлі болып келеді. Солтүстік, орталық, оңтүстік аймақтарда домбыра көлемі шағын, жеті-тоғыз пернелі болса, Батыс Қазақстан аумағында кездесетін домбыра шанағы жұмыр, мойны ұзын, он екі, он төрт пернелі болып келеді.

Домбыра аспабының негізгі екі түріне байланысты аспапта күй орындаудың екі түрі «төкпе» мен «шертпе» қағыстары қалыптасқан. Сазды күйлер Арқа өңірінде, ал төкпе күйлер батыс аймақтарда кең таралған.

Домбыра шертудің «сұқпа» (сұқ және орта саусақпен шертіп ойнау), «жап тақымта» (ішекті бос күйінде қағып, пернені басып отыру), «іліп-қақпай» (ішекті іліп қағу), «теріс қақпай» (жоғары-төмен) деп аталатын түрлері бар.

Домбыра аспабының екі ішекті түрінен басқа үш ішекті, қос жақты, кең шанақты, шіңкілдек немесе «Балақай домбыра» деген түрлері бар.

Домбыра аспабында халық күйлерін ғана емес, батыс және шығыс классикалық шығармаларын, танымал туындыларын орындауға болады.

## ОҚУШЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖОБА ЖҰМЫСЫ

**Тақырыбы:** Нұрлы даланың музыкасын зерттеген Әл-Фараби және онның музыкалық туындыларын зерделеу

Секция:

Орындаған: .... сынып оқушысы ...

Ғылыми жетекшісі: пәнінің мұғалімі ...

Ғылыми кеңесшісі: РЖА Кеңесшісі, ҚПА профессоры,
«Нобель» медалінің лауреаты Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы

Шымкент, 2022

## АЛҒЫ СӨЗ

Әл-Фараби одан әрі үріп ойналатын аспаптар туралы айта келіп, «олардың арасында бір ішекті қозғап, басқа ішектерді тартатындары да бар» дейді. Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы бүгінде Отырар аталатын, Арыс өзенінің Сырға барып құятын сағасындағы Фараб қаласында дүниеге келді (қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Отырар қаласының маңайындағы ортағасырлық қала). Фарабидің толық аты-жөні Әбу-Насыр Мұхаммед Иби Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан Әл-Фараби. Әл-Фараби түрік тайпасының дәулетті бір ортасынан шыққаны бізге мәлім, бұған дәлел оның толық аты жөнінде "Тархан" деген атаудың болуы. Туған жері қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба-Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу Насыр әл-Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған. Сол тұста өмір сүргендердің қалдырған жазбаларына қарағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған.

Әбу Насыр бала күнінен ғылымға үйір болып өсті, оның бақытына қарай сол заманда Отырарда аса бай кітапхана бар еді. Әл-Фараби парсы, грек тілдерін үйренеді, осы тілде ғылыми трактаттар оқиды. Фараб пен Бұқарада бастапқы білім алған соң әл-Фараби өз білімін жетілдіру мақсатында Бағдатқа аттанады. Фарабидің дүниетанымының қалыптасуына Мерв мектебінің ғылыми дәстүрлері мен философиялық бағдарлары өз әсерін қалдырды. Бағдадта әл-Фараби ғылым мен әртүрлі пәндерді оқиды. Білімге деген құштарлығының арқасында әл-Фараби сол уақыттағы ғылым мен білімнің ордасы саналған Дамаск, Халеб, Каир, Шаш, Самарқан, Бұхара, Мерв, Нишапур, Рей, Хамадан қалаларында да болып, білімін үнемі жетілдірумен болды. Сол қалаларда оқыды, еңбек етті. Шығыстың осы шаһарларында ол өз дәуірінің ең көрнекті ғалымдарымен, көркем сөз деректерімен танысады. Олардан тәлім-тәрбие алады.

Әл-Фараби – көрнекті ойшыл, өзінің замандастарының арасындағы ең ірі ғалым, философ және шығыс аристотелизмінің ең ірі өкілі. Өзінің білімділігі мен сауаттылығының арқасында "Екінші Ұстаз" атауына ие болды. Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы орасан зор (150-ге жуық философиялық және ғылыми трактаттар), ал оның айналысқан ғылыми салалары ол – философия мен логика, саясат пен этика, музыка мен астрономия. Ғылыми еңбектерінің ең әйгілісі "Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактат" деп аталады. Оның атақты “Музыка туралы үлкен трактат” деген шығармасы әлемнің көптеген тілдеріне аударылған.

Әл-Фараби философия саласы бойынша грек ойшылы Аристотельдің "Категориялар", "Метафизика", "Герменевтика", "Риторика", "Поэтика", бірінші және екінші "Аналитика", "Топикасы" және т.б көптеген еңбектеріне түсініктемелер жазды.

Әбу Насырдың Платон және Аристотель философиясындағы идеяларға арналған кітабы оның философия саласындағы аса көрнекті ғалым екенін әрі философия пәнін терең меңгергенін дәлелдейді. Фараби Аристотельдің әлеуметтік-қоғамдық идеяларын дамыта отырып, өз тарапынан да "Кемеңгерлік меруерті", "Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы", "Мәселелердің түп мазмұны", "Ғалымдардың шығуы", "Бақытқа жету", "Азаматтық саясат", "Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері" сияқты көптеген сындарлы философиялық еңбектер жазған. Фараби бұл еңбектерде дүние, қоғам, мемлекет, адамдардың қатынастары туралы заманнан озық тұрған пікірлер, пайымдаулар айтады.

Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Әл-Фарабидің мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды. Оның еңбектері еуропалық Ренессанстың өрлеуіне үлкен ықпал етті. Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарды.

### Әбу Насыр Әл-Фарабидің өмірдеректері мен музыка саласындағы еңбектері

Әбу Насыр Әл-Фараби (араб.: أبو نصر محمد الفارابي, Әбу Насыр Мұхаммад ибн Мұхаммад Тархан ибн Узлағ әл-Фараби ат-Турки 870 – 950 ж. ш.) — әлемгеәйгілі ойшыл, пәлсапашы, әлеуметтанушы, математик, физик, астроно м, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі. Отырар қаласында туған.[1]

Әбу Насыр Әл-Фараби — түркі ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі, "Әлемнің 2-ұстазы"[2] атанған ғұлама. Оның заманы "Жібек жолы" бойындағы қалалардың, оның ішінде Отырардың экономикасы мен мәдениетінің дамыған кезіне дәл келеді. Әбу Насыр Әл-Фараби Орта Азия, Парсы, Ирак, араб елдері қалаларына жиһанкездік сапарлар жасап, тез есейді. Ол жерлерде көптеген ғұламалармен, ойшыл-ақындармен, қайраткерлермен танысып, сұхбаттасты. Тарихи деректер бойынша 70-ке жуық тіл білген. Өздігінен көп оқып, көп ізденген ойшыл философия, логика, этика, метафизика, тіл білімі, жаратылыстану, география, музыка, медицина, музыка салаларынан 150-ге тарта трактат жазып қалдырды. Шығармаларында көне грек оқымыстыларының, әсіресе, Аристотельдің еңбектеріне талдау жасады (Аристотельдің "Метафизика", "Категория", "Бірінші және екінші аналитика" сияқты басты еңбектеріне түсіндірмелер жазған). Арабтың атақты ғалым-географы ибн-Хаукал өзінің "Китаб Масалик уә мамалик" атты еңбегінде және 13 ғасырлырда өмір сүрген ибн-Халликан өзінің "Уфиат әл-аиан фи әл-Заман" атты еңбегінде Әбу Насыр Әл-Фарабидің арғы аталарының аттары (Тархан, Ұзлақ) таза түркі тілінде келтірілген. Болашақ ғалым алғашқы сауатын туған жерінде өз тілімен ашса да, 12 — 16 жас шамасында керуенге ілесіп, білім іздеп Бағдатқа кетеді. Әбу Насыр Әл-Фараби дүниеге келгенге дейін 126 жыл бұрын түркілердің үлкен мәдени орталығы болған Фараб қаласы бейбіт жолмен ислам дінін қабылдаған

болатын. Ол кез санасы ашық әрбір мұсылманға ислам діні ғылымымен шұғылдануды парыз еткен. Осы кезден бастап Әбу Насыр Әл-Фараби араб тілді ғалым болып есептеле бастады.

Қасиетті Құран Кәрім тек діни қағидалар жинағы ғана емес, сонымен қатар талай ілімнің құпия кілтін бойына бүккен ғаламдық кітап болғандықтан, Әбу Насыр Әл-Фараби бүкіл ислам ғалымдарына парыз болған — иджтихад (ойлау қабілетінің шыңына жету үшін беріле еңбек ету) және муджтахид (иджтихадпен шұғылданған адамның өз жаңалықтарын Құран Кәрім мен Хадис Шариф — парыз-сүннет амалдарына негіздеп отыруы) жолына түскен. Кеңес өкіметі тұсында атеистік идеологиканың ықпалымен әл-Фараби діннен тыс ғалым ретінде көрсетілді. Әйтсе де оның ислам бірлігін сақтауға қосқан зор үлесі туралы мынадай дерек сақталған. Тегі түркі болып табылатын баһадүр қолбасшы Мұхаммед Ихшид ибн Тұғыт Әмір ислам жолын бұзған “қармат” елін талқандаған соң, Әбу Насыр Әл-Фарабимен кездеседі. Меккеге барар жолды кесіп “қажылық” жасауға мұрша бермеген қарматтардың жеңілгеніне қуанған Әбу Насыр Әл-Фараби іштей “қажылық” етуге ниет етіп, араб халифының саид-задаларымен әңгімелеседі. Осы әңгімеде ғалым ислам бірлігін сақтау үшін мазһабтар арасын жақындастыру керек деген ой айтып, өзінің араб, парсы және түркі нәсілдері арасындағы алауыздықтарды жоюға күш салып жүргендігін мәлімдейді. “Бабалардан қалған өсиетте түркі халқы әділетшіл делінген еді. Сол сөздің ақиқаттығы мен әділеттілігіне енді көз жеткізіп отырмыз” деп Саид-задалар Әбу Наср Әл-Фарабидің қолын құрметпен қысады.

Әбу Наср Әл-Фарабидің жас кезінен Бағдатқа баруының мынадай екі сыры бар. Біріншіден, сол кездегі Бағдат халифатын басқарған Аббас әулетінің сенімді уәзірлері негізінен түркістандық Фараб қаласынан болған. Екіншіден, Бағдат шаһары ғылым мен өнер жолына бет алған адамдарға қақпасын кең ашып, барынша жағдай жасаған. Бағдатта “Баит әл-хакма” атты ғалымдар үйі және әлемдегі ең бай кітапхана болған. Алғашқы кезде Әбу Наср Әл-Фараби өзін ақын, әнші, күйші ретінде танытып, одан соң ежелгі грек ғалымдарының қолжазбаларын оқу арқылы күрделі ғылыми зерттеулермен шұғылдануға кіріскен. Фарабидің алғашқы ұстаздары Иса пайғамбарды “құдайдың баласы” демей, “пайғамбар” деп таныған несториандық христиандар болған. Ежелгі грек ғылымы мен араб ғылымының арасын қосқан осылар еді. Әбу Наср Әл-Фараби дүниетанымы — екі әлемнің: көшпелілер мен отырықшылар өркениетінің және Шығыс пен Грек-Рим мәдениетінің өзара байланыстарының нәтижесі. Әбу Наср Әл-Фараби заманының әлеуметтік-саяси көзқарастарын, тіл мәдениетін, философиялық-гуманитарлық (философия, логика, этика, эстетика, саясат, социология, лингвистика, поэзия , шешендік, музыка) және жаратылыстану (астрономия, астрология, физика, химия, география, космология, музыка, мед ицина) ғылымдары салаларын терең меңгеріп, осы бағыттарда өзі де құнды ғылыми жаңалықтар ашты.

Әбу Наср Әл-Фараби өзінің философия көзқарастарында басты үш бағыт анық аңғарылады: ол дүниенің мәңгілігін мойындады, танымның болмысқа тәуелділігін растады, ақыл-парасат туралы ілімді саралады. Мәңгілік пен тәуелділік бастауларын құдіретті Алладан, аспан әлеміндегі құбылыстардың мәнінен, ақыл-парасаттан, адамның жан-дүниесінен, түр мен материя арақатынасынан іздеді. Аристотель қағидаларынан өз дүниетанымына жақындарын қабылдады және оны осы тұрғыдан түсіндірді. Әбу Наср Әл-Фарабидің философиялық көзқарасын тарихи жағдайда, оның өз дәуірімен байланысты қарағанда ғана терең түсінуге болады. Орта ғасырларда философиялық ойдың дамуы діни ілім негіздеріне сүйенді. Демек, Әбу Наср Әл-Фарабидің философиялық ілімін де өз кезеңінің діни түсініктері тұрғысынан қарастырған лазым. Бірақ ол бұл түсініктерді философиялық тұрғыдан дамытты. Ол, әсіресе, “Аспан астындағы дүние” ілімінен неғұрлым айқын көрінеді. Бұл Аристотельдің жасампаз ақыл жөніндегі көзқарасын әрі қарай дамыту еді. Жасампаз ақыл — тек “аспан астындағы дүниенің” қозғалыс себебі ғана емес, өз алдына логос. Осы дүниенің заңдылығы — жер бетіндегі дүниеге іштей тән ақыл. Жеке адамның ақылы әлемдік санамен ұштасса ғана дамиды. Соңғысы, яғни әлемдік сана — мәңгі. Адам болса дүние салады, өткінші. Осыдан барып жанның мәңгі екенін және басқа жаққа ұшып кетуін бекерге шығару туады, мұның өзі діни қағидалар мен философияның арасындағы күреске тиек болған тезис еді. Ұлы ойшыл философияға үлкен мән берді, оған көп үміт артты. Ол философияны қоғамды оятатын зерде, парасат шамшырағы, халықты әділетті қоғамға жеткізетін негізгі бағыт, ұрпақтар арасындағы рухани-мәдени сабақтастықты ғасырларға жалғастыратын құрал, әлеуметтік-этикалар күрделі мәселелердің шешімін, уақыт талаптарының жауабын табатын әдіс деп түсінді. Осы деңгейде дұрыс ойланып, оңды әрекеттену үшін философияның 9 қағидасын оқып-білу қажеттігін ескертеді. Мұндағы мақсат — тұтастықты, ақиқатты, ізгілікті, жаңа көздерін іздестіру, соған қол жеткізу. Философ адамды өз болмысын өзі танып білуге тәрбиелеу ісіне үлкен мән берді. Бұл мәселені логикалық, этикалық, педогогикалық, тілдік тұрғыдан кеңінен саралап, бұларды бір-бірімен өзара сабақтастықта қарастырады. Рухани жоғарғы мақсат нышандарын адамдарды өзара байланыстыратын бастаулардан — жан-дүние үндестігінен, әдеміліктен, қайырымдылықтан, бақыттан іздестіреді. “Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы”[4], “Мемлекет қайраткерлерінің қанатты сөздері” және т.б. саяси-әлеуметтік трактаттарында қайырымдылық пен бақыт мәселесіне кеңірек тоқталды. Қайырымдылық дегенде ақыл-ой, әділдік, бақыт және теңдік идеяларын құптаған ежелгі ойшылдар дәстүріне сүйенді. Тек бақыт туралы нақты білімі бар, оған жету жолдарын айқын білетін, соған сәйкес әрекет жасайтын қауым ғана қайырымдылыққа икемді екенін ескертті.

Әл-Фараби сезім мен ойлау, тәрбие мен іс-әрекет жүйесін жетілдіру мәселесіне қайта айналып соғып отырған. Білімсіз адамгершілік молаймайды, білімсіз адам өзгенің абзал қасиеттерін тани алмайды. Жан-дүниені тәрбиелемей үлкен жетістікке жету жоқ. Ғылым мен тәрбие ұштасса ғана

рухани салауаттылыққа жол ашылмақ. Мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымға қолы жетпейді деп ескертеді.

Әбу Наср Әл-Фараби ілімі шығыс ойшылдарына, аристотельдік және жаңа платоншылдық көзқарастарға сүйенеді, оларға жаңа сипат береді. Ол өзінің "Философияны үйрену үшін қажетті шарттар жайлы трактат" атты еңбегінде Аристотелдің философиясын меңгеруге қажет болатын тоғыз шарт жайлы өз пікірлерін ортаға салады.

Аристотельдің "Никомахтың этикасында" (1-кітап, §1) келтірілген схемасын негізге ала отырып, әл-Фараби философияны теориялық және практикалық деп екіге бөледі. Теориялық философия өзгермейтін, өткінші емес заттарды, практикалық философия өзгертуге немесе жасауға болатын заттарды зерттейді. Философия, Әбу Наср Әл-Фарабидің білуінше, адамда ғана болатын "ең ерекше" игілік — ақыл, парасат арқылы меңгеріледі. Ақыл, парасаттың қызметі қалай болса, солай бет-алды жүргізілмеуге тиіс, онда мақсаттылық сипат алады. Оның негізін логика өнері қарастыратын ойлаудың дұрыс әдістері құрады. Әбу Наср Әл-Фарабидің атап көрсетуінше, адам өзінің бақытқа жету жолын логикадан бастаған жөн.

Бір сөзбен айтқанда, Фараби адамдардың өз көздеген мақсатына жетуі оның өзіне ғана байланысты екенін айтады. Адам рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруға тиіс, адам тек ақиқатты, айналадағы дүниені танып-білу арқылы жетіледі деп түйін жасайды.

Әбу Наср Әл-Фарабидің азаматтық, саяси, қоғам жөніндегі ойлары "Фусул ал-мадани" ("Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері") трактатында қаралады. Бұл трактаттың тақырыптары әр түрлі болса да, негізінен бір мақсатқа — адам мен қоғамның арақатынасы, оның жетілуіне арналған. Еңбектің өзіне тән бір ерекшелік сипаты — тәндік және рухани құбылыстардың салыстырылып отыратындығы.

Фараби «Азаматтық саясатта» қоғамды талдауды қаладан бастаса, "Нақыл сөздерде..." ол мұны ең кішкене ұядан, от басынан немесе үйден бастайды. Аристотель сияқты ол үйді бірнеше бөлекке — ері мен әйелі, қожайыны мен қызметшісі, ата-анасы мен баласы, мүлкі және иесі деп бөледі.Үйдің өзіне тән мақсаты болады, бірақ қаланың бір бөлшегі болғандықтан ол қала белгілейтін ортақ мақсатқа қызмет етуге арналады, сөйтіп бұл арада адамның өз басының мүдделерін қоғам мүдделеріне бағындыру туралы пікір айтылады. Бұл жерде Фарабидің қала дегенін мемлекет деп түсіне отырып, оның ойларынан үлкен азаматтық гуманизмнің биік көріністерін табамыз. Мұнда тек жеке басының мүдделері ғана емес, қоғам мүдделерін жоғары санауы үлкен бір азаматтықтың, адамгершіліктің қасиетті көріністері деп білеміз.

Әбу Наср Әл-Фараби адам міндетті түрде адал ниетті болу керек деп есептейді. өйткені жақсы істер істеп, мұның төлеуін күтсе, адам бұл істерін жамандыққа айналдырады. Жетік философ теориялық ғылымдарды да білуге, бұл ғылымдарды басқа ғылымдарда да қолдана білуге тиіс. Платон мен Аристотель нағыз философқа әкімнің міндеттері жүктелуге тиіс деп санады, бірақ Платонның пікірінше философ өзгермейтін

ақиқаттарды меңзеп, мемлекетті басқаруды жоғары мақсатқа жетуге бөгет жасайтын ауыртпалық деп есептейді, ал Әбу Наср Әл-Фараби, керісінше, тіршілік істерден бойын аулақ салмайды, қайта адамдардың ақиқатқа жету жолына түсуіне көмектесуге тырысады. Бұл арада ол дін мен философияны салыстырады. Оның пікірінше дін философияға ұқсас: екеуі де жоғары принциптерге, бір заттардың бастамаларына түсінік береді. Бірақ философия дәлелдеуді, дін сенуді керек етеді. Заң шығарушы өте жақсы пайымдаудың арқасында адамның мүдделеріне сай келуге тиіс заңдарды дұрыс жүзеге асыра алады.

Әбу Наср Әл-Фараби өз заманындағы ғылымның барлық салаларынан, әсіресе, **музыка,** музыка, астрономия, физика, жаратылыстану ғылымдарынан көп мұралар қалдырды. "Ғылымдар тізбегі" деген еңбегінде сол кездегі ғылымды үлкен-үлкен бес салаға бөледі:

1. тіл білімі және оның тараулары;
2. логика және оның тараулары;
3. музыка және оның тараулары;
4. физика және оның тараулары, метафизика және оның тараулары;
5. азаматтық ғылым және оның тараулары, заң ғылымы және дін ғылымы.

Ғалым бұл ғылымдардың бәрінің пәнін анықтап, қысқаша мазмұнына тоқталады.

Әбу Наср Әл-Фараби математик ретінде өзара тығыз байланысты үш салада еңбек еткен. Олар: 1) музыканың методол. мәселелері (музыкалық ғылымының пәні, негізгі ұғымдары мен әдістерінің шығу тегі), 2) музыкалық жаратылыстану, 3) музыканың кейбір нақты тарауларын жасауға қатысуы. Әбу Наср Әл-Фараби музыканы жеті тарауға бөледі (арифметика, геометрия, оптика, астрономия, музыка, статика, механика — әдіс айла жөніндегі ғылым). Ол — алгебраны музыканың дербес бір саласы ретінде қарастырып, алгебра пәнін алғаш анықтаған оқымыстылардың бірі. Осыған байланысты Әбу Наср Әл-Фараби сан ұғымын оң нақты сан ұғымына дейін кеңейту туралы аса маңызды идея ұсынды.

"Ғылымдардың шығуы" деп аталатын трактатында музыканың шығу тегі мен себептерін ашуға тырысады.

Ғұламаның ғылыми-философиялық еңбектерін байыптап қайта қарау барысында оның педагогика тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі болғандығын көреміз. Ол — шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы оқымысты.

Жас ұрпақтың сана-сезімін қалыптастыру үшін үш нәрсенің ерекшелігін жүйелеп, дәйектеп алу шарт:

1. Баланың ішкі ынта-ықыласы, құмарлығы;
2. Ұстаздың шеберлігі, ар тазалығы;
3. Сабақ процесінің алатын орны.

Ғалым дене тәрбиесі мен адамгершілік тәрбиесінің ұқсастығына, оның бір-біріне тигізетін әсеріне ерекше мән берді.

Әбу Наср Әл-Фараби. өзінің “Риторика”, “Поэзия өнері туралы”, “Бақытқа жол сілтеу” туралы трактаттарында этикалық, эстетикалық мәселелерге көңіл бөліп, көркемдік, сұлулық, бақыт, мейірбандық білім категорияларының бетін ашып, солардың негізін дәлелдеп берді.

Этиканы ол, ең алдымен, жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қарады. Сондықтан оның этика жөніндегі тұжрымыдамаларында жақсылық, мейірбандық категориясы басты орын алады. Ғұламаның этикалық ойларынан терең гуманизмнің лебі еседі, ол [адам] баласын жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шоқтығы, сондықтан да оны құрметтеу, қастерлеу керек деп түсінеді. Фараби жасаған қортындының басты түйіні — білім, мейірбандық, сұлулық үшеуінің бірлігінде. Фарабидің гуманистік идеялары әлемге кең тарады. Ол ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптеді. Фараби көркемдік, сұлулық хақында былай дейді: ол өмір шындығының өзіне тән қасиеті, болмыстың, нақты құбылыстардың, әлеуметтік өмірдің көкейдегі елесі. Көркемдік — тән мен жан қасиеттерінің сұлулығын көрсететін белгі деп санайды.

«Китаб әл-mūsīqā әл-Кабир» («Музыканың ұлы кітабы») кітабындағы иллюстрация. "Shahrud" деп аталатын музыкалық құралдың кескіні

*Әбу Наср Әл-Фараби әмбебап музыкант та болған. Саз аспаптарында ойнап, ән салған, өз жанынан ән, күй шығарған. “Музыканың ұлы кітабы” — ғұламаның әрі музыка жайында, әрі физика-музыка жайында жазған тарихи үлкен туындысы. Мұнда музыкалық акустика мәселелері барынша кең қамтылып, дыбыстың табиғаты, тегі, таралуы т.б. жайында көптеген дұрыс, соны пікірлер айтылған. Музыканың тәжірибелік (эксперименттік) және теориялық (музыкалық) негіздерін жасап, физика-музыкалық заңдылықтардың белгілі музыка аспаптарда қалай жүзеге асу жолдарын көрсетеді. Әбу Наср Әл-Фараби ғылми танымның жалпы (универсал) теориялық үш шартын анықтап, соның негізінде музыка теориясын жаңадан қалыптастырды. Ол шарттар: біріншіден, ғылымның барлық түпкі негіздерін — принциптерін білу; екіншіден, осы принциптерден сол ғылымға жататын қажетті қорытындыларды, нәтижелерді шығара білу; үшіншіден, осы ғылым жайлы бұрын-соңды айтылмаған ой-пікірлерді талдай білу, дұрысын терісінен ажыратып, қателерін түзете білу. Музыканың музыка теориясын жасау жолында Әбу Наср Әл-Фараби музыканың көптеген түбегейлі мәселелерін қамтиды. Олар: қатынастар теориясы, комбинаторикалық талдау мәселелері, функционалдық тәуелділіктер және оны кескіндеу, аксиоматика идеясы т.б.*

Абайдың Фараби еңбектерімен таныстығы жөнінде нақтылы мәліметтер жоқ. Дегенмен Сағдидық: «... философияға, даналыққа зор мән берген Абай әл-Фараби, ибн Синалармен таныс болуымен бірге осы ғақпиялар кітаптарынан да мағлұматы бар еді» (Абайдың республикалық әдеби-мемориалдық музейі. Инв. №172, 17-6.), - деп айтылған пікірі Абайдың Фараби еңбектерімен таныс болғандығын анықтай түседі. Абай өз шығармаларында нәр татқан рухани бұлақтар төркінін жасырмайды, ол қайта: «Ғылымды іздеп, Дүниені көздеп, Екі жаққа үңілдім..,» - деп

ескертуінде мәні терең сыр жатыр. Фараби мен Абай шығармаларындағы пікір сабақтастығын, ақын шығармашылығы нәр алған рухани көздерінің түп-төркінін қарастырғанда, алдымен екі ұлы ойшылға ортақ «жан қуаты» немесе Абайдың өз сөзімен айтқанда «өзін танымақтық» жөніндегі көзқарасына айрықша назар аудару қажет.

Адамзат тарихында ғылыми ойдың үздіксіз даму барысында «өзін танымақтың» немесе «жан қуаты» туралы ойлардың қалыптасу жолдарын танып білу күрделі мәселеге айналып, бастан-аяқ қарама-қарсы көзқарастардың өріс алуына түрткі болды. Адамның өзін танымақтық жөніндегі ілімнің алғашқы қадамы көне дүние философтарынан басталса да, оны өз заманында ғылыми жүйеге түсіріп, қалыптастырған Фараби еңбегі ерекше көзге түседі. Жалпы «жан қуаты» немесе «өзін танымақтық» жайлы күрделі ой сарасына қазақ топырағында арғы заманда Фараби, соңғы дәуірде Абайға терең барлап барған. Абай өлеңдері мен қарасөздеріндегі жан қуаты жайлы ой толғануында «жан құмары», «жанның жибили қуаты», «жан қуаты», «жанның азығы» т. б. осы іспеттес философиялық сарындағы ойларын таратқанда: «Жан қуаты деген қуат-бек көп нәрсе, бәрін мұнда жазарға уақыт сиғызбайды» - деп, айрықша ескертуінің өзіндік себептері бар. Бұл тұжырымынан ақынның «өзін танымақтығы» жөніндегі ілімнің тарихымен толық таныстығы анық байқалып, өз тарапынан ойларын кең түрде тыңдаушыларына молынан жеткізе алмаған өкініші де сезіледі. Жан қуаты жөнінде Фараби қолданған филос. терминдер Абайдың өлеңдері мен Жетінші, Он жетінші, Жиырма жетінші, Отыз сегізінші, Қырық үшінші қарасөздерінде сол түпнұсқадағы қапыға немесе қазақы ұғымға сай балама сөздермен беріледі. Ақынның Он төртінші, Он жетінші қарасөзі мен «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек...», «Көзінен басқа ойы жоқ...», «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа...», «Алла деген сөз жеңіл...», «Жүрек - теңіз, қызықтың бәрі асыл тас...» өлеңдерінде арнайы сөз болып, талқыланатын ақыл, қайрат, жүрек жайлы филос. мағынадағы ойларының бастау алар көзі Фараби еңбектерінде жатыр.

## Қорытынды

Ғалым мұраларының бізге жетуін төрт кезеңге бөлуге болады: 1. Орта ғасырдағы араб, парсы және басқа тілдерде жазған ғұламалар арқылы (Ән-Надим, әл-Баиһақи, Ибн Саид әл-Кифти, Хаджи Халифа, Венике, Камерариус т.б.); 2. Жаңа дәуір кезеңдеріндегі Батыс Еуропа мен Америка ғалымдары арқылы (Леонардо да Винчи, Спиноза, И.Г.Л. Козегартен, Г. Зутер, Ф. Диетереци, К. Брокель, Дж. Сартон, М. Штейншнейдер, Д. С. Марголиус, т.б.); 3. 20 ғасыр, әсіресе Кеңес Одағы шығыстанушы ғалымдары арқылы (В. В. Бартольд, Е. Э. Бертельс, Б. Ғафуров, С. Н. Григорьян, В. П. Зубов, А. Сагадеев, Ю. Завадовский, түріктер А. Сайылы, Х. Үлкен т.б.); 4. Қазақстан мен Орта Азия оқымыстылары арқылы (Ә. Марғұлан, А. әл-Машани, О. Жәутіков, А. Қасымжанов, А. Көбесов, М. Бурабаев, Ә. Дербісәлиев, І. Жарықбаев, Ш. Хайруллаев т.б.).

Әбу Насыр әл-Фараби мұраларының Қазақстанда түбегейлі зерттелуі 20 ғасырлардың 60-жылдарында ғана қолға алынды. Оған алғаш бастамашы болған қазақ ғалымдары Ақжан әл-Машани (Машанов) мен Қаныш Сәтбаев еді. Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1100 жылдығына орай шығарылған ЮНЕСКО шешімі бойынша 1975 жылы Алматыда халықаралық конференция өткізілді.

Бұл күндері ҚР ҒМ Ғылым Академиясының философия институтында шығыс философиясы және фарабитану бөлімі жұмыс істейді. Мұнда ғұламаның қазірге дейін қазақ және орыс тілдеріне аударылып, ғылыми түсініктемелері мен алғысөздері жазылып, 20-дан астам трактаттары жарық көрді. Бұл бөлім Әбу Насыр Әл-Фарабидің диалектикасы, гносеологиясы мен әлеуметтік философиясы мәселелері бойынша зерттеулер циклін жүргізіп келеді. ҚазМУ-де Фарабитану орталығы құрылған. Мұнда да Әбу Насыр Әл-Фараби мұраларын аудару, зерттеу, насихаттау жұмыстары маркстік көзқарастардан арылған жаңа, тың бағыттар бойынша жүргізілуде.

Ұлы ғалым, музыка зерттеушісі Әл-Фараби Әбунасыр Мұхаммед ибн Тархан әл-Фараби Қазақстан өлкесінің көне Фараби, кейіннен Отырар қаласы, Шәуілдір ауылында дүниеге келген. 20жасына дейін сонда оқып , тәрбиеленеді де өсе келе Шығыс елдерін аралап білімі мен ғылымын дамытады. Солардың ішінде араб халифатының саяси-мәдени орталығы Бағдатта, Кайрде, Алеппода, Дамаскіде болып көптеген ғылыми зерттеулер жасайды. Шам шахарында көптеген жылдар бойы тұрып ғылыми салаларды игереді. Фараби бабамыздың асыл ғылыми шығармашылығы дүние жүзі мәдениеті мен ғылыми жаңалықтарына Шығыстың Аристотелі деп танылған. Болашақ ұрпаққа қалдырған ғылыми мұрасы, 160-қа жуық трактаты біздің заманымызға жетті.

Әл-Фарабидің еңбектерінің ішіндегі ең шоқтығы биігі ол - музыка саласы. Негізінен алғанда, Фарабидің өзі - асқан музыкант, аспапта шебер орындаушы болған. Ол жайлы ел арасында мынадай бір аңыз -әңгіме бар:

Шығыс патшаларының бірінің сарайында той-думан қызып, бек-патша , бай-манап, қожа-молдалар жиналып үлкен жиын-тамаша құрып жатқан көрінеді. Оған Фараби де қатысады. Бірақ шарап ішіп елірген қауым Фарабиге ілтипат жасамайды. Шыдамаған Әбунасыр бір шетке шығып, домбырасын қолға алып, аса бір мұңды күй орындайды. Оның мұңдылығы сонша жұрттың бәрі ойын-сауықты тастай салып, уайымға беріліп егіліп жылайды. Енді бір сәт аса бір қуанышты, көңілді күйді ойнай жөнелгенде әлгі жұрт еңселерін бірден көтеріп, балаша билеп, жын қаққандай сақылдап ойнап кетеді. Мұнан соң Фараби бір түрлі жаймашуақ, бір сарынды қоңыр ырғақты күй ойнағанда отырғандар музыка әуеніне елітіп, бірі қалмай ұйықтап қалады. Оларды ұйықтатып тастап Фараби жайына жүріп кеткен екен.

Музыка зерттеу саласында Фараби әр алуан шығармаларымен қатар «Музыка туралы үлкен кітап» атты көлемді еңбек қалдырды. Бұл жұмыс музыкалық дыбыстың сипаты мен құрылымынан бастап, музыканың поэзиямен байланысына дейінгі музыканың эстетикалық – теориялық

принциптерін шешуге бағытталғын. Музыка зерттеу саласындағы еңбектерінде Фараби музыканың адамға емдік қасиетін, жағымды әсерін жан-жақты дәлелдеді.

Фараби жалаң орындаушы ғана емес , аса ұлы музыка зерттеушісі , асқан теоритик болған. Оның «Музыканың ұлы кітабы» деп аталатын көлемді шығармасын бүкіл музыка тарихшылары біраузыдан музыка теориясы жайлы жазылған үлкен еңбектердің қатарына қосуы тегін емес. Мәселен, француздың көрнекті музыка зерттеушісі, осы еңбекті 1930-35 жылдары француз тілдеріне аударған Р.Эрланже: «…Фарабидің бұл салада кейіннен араб тілінде жазған авторлардан айырмашылығы жер мен көктей» десе, ағылшынның қазіргі музыка зерттеушісі  Г.Фармер: «Музыканың ұлы кітабы» Фарабиді орта ғасырлардағы музыка жөнінде жазған ең үлкен автор болды деген пікірімізді дәлелдеп отыр» деп жазған.

Фарабидің пікірінше, музыканың ғылыми іргетасы тәжірибе-бақылау мен физика-көркем өнер ғылымдарының қағидаларынан тұрады, ал оның негізгі мақсаты мен адамның эстетикалық мұқтаждығын қанағаттандыруға тиісті, оның бір ұшы поэзияға тіреледі, өйткені поэтикалық тіл мен музыка тілі бір-біріне етене болып қабысқан кезде музыканың әсерлігі мен эфектісі күшейе түседі, яғни музыка ғылым ретінде көркем өнерға жақын тұрса, өнер ретінде поэзияға туыстас.

Кейбір деректерге қарағанда Фараби шығарған әндер осы күнгі Иран, Ирак, Түрік және басқа да Шығыс елдерінде орындалады. Оның өзі жасаған «Канун», «Уд», «Қыпшақ» деп аталған аспаптары болған сияқты. Фарбидің музыка теориясына арнап бірнеше еңбек жазғаны баршамызға мәлім. «Музыканың ұлы кітабы», «Музыка жайлы талдау», «Ырғақтардың классификациясы», «Ғылымдардың шығуы», «Ғылымдардың энциклопедиясы» атты туындыларында музыка ғылымын талдауға арналған тараулар бар. Ғалым музыка ғылымының шығуын материалистік тұрғыдан түсіндіреді.

Фараби музыка ілімін жасауда сөз жоқ ертедегі грек оқымыстылары Пифагор, Аристотель, Евклид, Аристоксен, Птоломейдің еңбектеріне сүйенеді.  Алайда Фараби бұл авторлардың идеяларын сын көзбен қарап, логикалық сарапқа салып, ғылымның жаңа жетістіктері негізінде қайта талдап шығады. Олардың дұрыс-бұрыс жерлерін дәл басады. Сондықтан да Фараби бұл салада гректерден көп озық кеткен. Мәселен, ежелгі грек ғұламалары аспаптарды зерттеуді тіпті қолға алмаған. Ал, Фараби музыкалық аспаптарды зерттеуді тыңнан бастап, көркем өнер мен физиканы жетік білгені сонша , олардың музыка іліміндегі мүлт кеткен жерлерін дәл тауып түзетеді, дамытады. «Мен тек музыка ғылымын бағалаушы ғана емеспін, музыка өнерін бағалаушыдамын, сондықтан да ертедегі гректерге қарағанда, көбірек зерттеуіме, ізденуіме мүмкіндігім болды» деп жазды. Фараби Шығыстың ғылымы мен өнері ескі грек ғылымы мен өнерінің жай ғана көшірмесі болды деп кемітетін буржуазия ниеттес оқымыстылары бұған не дер екен.

Фарабидің музыка саласында жазған «Музыканың ұлы кітабы» атты трактаты құрғақ музыкалық шығарма емес, бүкіл орта ғасырлық ғылымдардың сындарлы ескерткіші. Мұнда ғылымның философиялық мәселелері мол қамтылған, музыканың тәжірибелік және теориялық негізін қалап, музыкалық аспаптарды қалай жүзеге асыру жолдарын көрсетіп береді. Нақтылы айтқанда , Фараби теориялық ғылым жасаудың үш шартын қойып, осы шарттар негізінде музыка теориясын өз бетінше жаңадан жасап шығады. «Музыканың ұлы кітабы»: музыка ғылымына кіріспе, музыка ғылымының негіздері, музыкалық аспаптар, музыкалық композиция атты үлкен –үлкен тараулардан тұрады.

Бұл еңбек ІY ғасырда –ақ латын тіліне аударылып, Европада музыка ғылымының дамуына үлкен әсер етті. Мәселен, бұл еңбекте музыканың теориясы мен практикасында қазір қолданып жүрген он екі жарты тондық музыкалық жүйенің бастамасы бар.

«Музыканың ұлы кітабының» бірінші тарауында мелодия, музыкаға бейімділік, практикалық және теориялық музыка, музыканың шығуы, музыкалық білім беру, музыкалық өнер, сезім және ақыл қорытындысы, бастапқы , негізгі принциптер, музыкадағы табиғи нәрселер жайлы айтылады.

Екінші тарауында музыка ғылымының негіздері жайлы баяндаса, үшінші тарауында музыкалық аспаптар жайлы айтылады. Ал төртінші тарауында ырғақ, фонема және фраза, тондар жайлы айтылады.

Фараби бұл еңбекті замандастарының өтініші бойынша жазған, оның себебі жайлы былай дейді:

«Сен ежелден келе жатқан байырғы музыка өнерін білгің келіп, түсінікті әрі жеңіл , жұрттың кәдесіне жарайтын кітап жазуды өтінген едің… Сол тапсырмаңды осы уақытқа дейін орындай алмай келдім. Себебі бұл мәселе жөнінде жазған ертедегі ғалымдардың еңбектерін тегіс, мұқият қарап шығуға тура келді.

Мен қарап шыққан еңбектерде бұл өнердің кейбір жақтары мүлде ескрусіз қалған сияқты. Көпшілік кітаптарда музыка мәселесі , әсіресе, оның теориясы бір-біріне байланыссыз жазылған. Алайда бұл кемшіліктер ертедегі ғалымдар қабілетінің нашарлығынан кетті. Ал енді олардың музыка жөнінде жазған еңбектері не жоғалып кеткен немесе арабшаға нашар аударылған болуы керек. Бұл мәселенің олқы болып отырғанын мен осылай түсіндіре аламын. Міне, сол себептен мен сенің тілегіңді орындауды өзіме борыш санап, осы кітапты жаздым».

Музыка зерттеушісі Әбунасыр Мұхаммед ибн Тархан әл-Фарабидің әлем өнеріндегі басты жаңалығы музыканың теориясын жасағандығында. Себебі осы уақытқа дейін музыка зерттеушілерінің сөзіне сүйенер болсақ, «Әл-Фараби жасаған музыкалық теория нақты әрі айқын».

## ОҚУШЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖОБА ЖҰМЫСЫ

**Тақырыбы:** Нұрлы даланың ұлы әнші-сазгерлері

Секция:

Орындаған: .... сынып оқушысы ...

Ғылыми жетекшісі: пәнінің мұғалімі ...

Ғылыми кеңесшісі: РЖА Кеңесшісі, ҚПА профессоры, «Нобель» медалінің лауреаты Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы

**Шымкент, 2022**

## Шәмші Қалдаяқов

**Шәмші Қалдаяқов** (15.8. 1930, Отырар ауданы Шәуілдір ауылы – 29.2.1992, Алматы) – композитор, Қазақстанның халық артісі (1991). Шымкент, Тараз, Жетісай қалаларының құрметті азаматы. Кіші жүздің Жағалбайлы руынан[1]

Аса көрнекті сазгер, ән жанрының әйгілі майталманы, Қазақстан мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер, осы заманғы қазақ эстрадасының негізін салушылардың бірі, Қазақстанның халық әртісі.

Оңтүстік Қазақстан облысының Қызылқұм ауданында дүниеге келді. Бала кезінен бойындағы бар талантын алқалы жиын, аламан бәйгелерде көрсете білді. 1950 жылдан бастап шығармашылықпен түбегейлі түрде шұғылданды. 1956-1962 жж. Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториясында В.В.Великанов класында оқыды. Шәмші әндері ғажайып саздылығымен, сылдырап аққан бұлақ суындай тап-таза сыңғырымен, лирикалық наздылығымен ерекшеленеді. Оның шығармашылық жағынан сіңірген еңбегі қазақ эстрадалық әндерінің әуенін ұлттық нақышпен құнарландыруында, яғни халықтық қайнармен қабыстыруында жатыр. Ал бұл оның қазақ жұртының музыкалық дәстүрі сүтін еміп өскендігіне дәлел.

Осылайша бағзы мен бүгінгі мақамдарды керемет ұштастыруы Ш.Қалдаяқов туындыларының даңқын дүрілдетіп шығарып, дүйім далаға кең жайылуға кепілдік берді. Мұхтар Әуезов өмірден озар тұсында университет студенттері алдында сөйлеген әйгілі сөзінде Шәмші саздарын Ақан, Біржан өнерпаздығынан кейінгі бір "жыл келгендей жаңалық" сезіндіретін үздік құбылыс ретінде бағалағаны мәлім. Жұрт аузында "бүкіл қазақ еліне ән салдырған Шәмші" атануының сыры сонда. Сазгер әндері, әсіресе, 60-70-

жылдардағы жастардың аузында жүрді. Кешеулеген "хрущевтік жылымық" дәуірінің жас адамдары шетел композиторлары мен орындаушыларына, мәселен, "Биттлзге" калай ынтықса, қазақстандық өз сазгерлерімізді де солай сүйіп тыңдады. Бұл соңғысы мен арасында, әрине, Қалдаяқов бірінші орында тұрды.

Әсем да ақылды көкөрім жасты ғана емес, ересек, егде қауымның да, сан түрлі мамандық, алуан ұлт адамдарының да көңілін баурап алды. Халық арасында әсіресе күллі отаншылдық, елшілдік нотасын тап басқан "Менің Қазақстаным" туындысы айрықша мәшһүр болды. 1986 жылы Желтоқсан көтерілісіне қатысушы ұл-қыздар Алматы алаңдары мен көшелерінде Шәмшінің осы әнін ұрандай шырқап шықты. 2005 жылдан "Менің Қазақстаным" туындысы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны болып бекітілді.

Өмірбаяны

---

- Сарыағаштағы Қапланбек малдәрігерлік техникумын бітірген (1950).
- 1951 – 1954 жылдары Қиыр Шығыста әскери борышын атқарды.
- 1955 жылы Ташкенттегі музыка училищесінің музыка теориясы факультетіне қабылданды.
- 1956 – 1962 жылдары Алматы мемлекеттік консерваториясының композиция факультетінде (профессор В.В. Великановтың класы бойынша) оқыды.
- 1950 жылдан бастап шығармашылық қызметпен айналысты.[3]

Ол Шымкент облысы Отырар ауданында 1930 жылы 15 тамызда дүниеге келген. Оның әндері республикамыздың қай өңірі болмасын жиі айтылып, ән сүйер қауым арасына барынша кең тараған. Ән өнерімізде жарық жұлдыздай сәуле шашып, айырықша із қалдырған Ш.Қалдаяқов күллі қазақ халқының ұлттық мақтанышы сазгердің серісі. Біз ес білгелі бері еліміздің кең байтақ даласымен аспанында қалықтаған, махаббат пен сағыныш сезіміне толық қайталанбас Шәмші әуендері енді XXIғасыр әлеміне бет алып әуелей беретіні ақиқат. Табиғат ерекше дарын иесі еткен дара тұлға Шәмші Қалдаяқовты қазақ баласы есінен шығармас. Шәмші ағамыздың «Қорлан» әнін шырқаудағы өзіне ішкі сырын ашып айтпай сөз шешендігіне салып бұра тартып кететіні де бар. Кең жүрегімен табиғат берген дархан, дарынды Шәмші ағамыз өзінің жүрек тербейтін, қиял қозғайтын, терең ойға шомылдыратын ғажап әндерімен халқын байытатын, олардың өмір сүруге құштарлығын арттыратын Шәмші Қалдаяқов пионинoны да, домбыраны да жосылта тартатын еді. Бірақ, домбыраны екпіндете, төпелеп тартқанын көрген емеспіз. Бір әсем әуенді шерте бастайтын да қоңырлата былқылдата ала жөнелетін. Қысқаша айтқанда тұла бойы тұнған өнер болатын.



Қазақтың музыка өнерінде Шәмшінің орны ерекше 300-ге жуық әні бар. Ш.Қалдаяқов кеудесін қағып, мен атақты композитормын деп бір сәтте мақтанған жан емес. Қашанда өзінің қарапйымдылығымен ізгілігі мол адам ретінде бүкіл қазақ халқының жүрегінен мәңгі орын алды. Өзінің шығарған өлеңінің бірі «Тамды аруы». Шәмші ағаның қалың жұртқа махабатты жырлаған композитор ретінде белгілі. Тамды аруы махаббат жайлы болғанымен ол махаббат бостандығын аңсап жазылғанән. Яғни, жас жігіттің басынан өткен қайғылы оқиғаға себеп болған. Бұл махаббат бостандығын аңсаған әнді Шәмші ағамыз өзінің шеберлігімен дүниеге әкелді. Ал, «Сағынышым менің» әнінде ерекше аңсау , терең толғау бар. Айта берсек әр әннің өзіндік тарихи сыры бар. Ең бір көшпелі тарих -ән тарихы. Кешегі Кәрібаевтың Жамбыл вальсімен қанағаттанған лектің рухани көші небір аймаңдай дарындармен дараланып, сән салтанаты асқан келешектің көркем келбетін көз алдымызға келтіре білген нұрлы көші еді.

Көш жуан ортасынан ойып орын алған композитордың бірі әрі бірегейі де Шәмші Қалдаяқов болатын. Шәмшінің тағдырын да біртуар тұтас бір тағдыр иесінің 18 жыл соңғы жылдарында осы топырақта ғажайып шығармашылық ғұмыр кешкі «Мойынқұмда ауылым», «Дүнген қызы», «Фосфорлы Жамбыл» секілді атақты әндері осында дүние есігін ашып, төрткүл дүниеге тарады. Әу баста Шымкент өңірінде атақты әндері осында дүние есігін ашып, төрткүл дүниеге тарады. Әу баста Шымкент өңірінде басталған Шәмші Қалдаяқов атындағы Халықаралық ән фестивалі Жамбылда жалғасын тауып, талай таланттардың тұсауын кесті. Шын таланттың ғажайып дарынның шапағаты тиді деген осы. Дарыны иісі қазаққа ортақ

Шәмшідей аяулы жанның ән ғұмыры әлі талай ұрпақтың ой білімімен, парасатымен жаңаша жаңғырып жалғасын таба берері сөзсіз. Бұл еңбекті сол төккен тердің төл басы Тараз тойына тарту деп қабылдауымыз ләміз.

Қазақ өнері орны толмас қазаға душар болды. 1992 жылы 29 ақпанда жасы 62 ге қараған шағында ұзаққа созылған ауыр науқастан, көрнекті халық әртісі Ш.Қалдаяқов көз жұмды. Шығармашылық жұмыспен 1950 жылдардан бастап айналысқан 1956-1962 жылдарда Алматы консерваториясында оқыды. Шәмшінің тұнып тұрған сыр шындығымен, шынайылылығымен және сезімге терең бойлауымен ерекшеленетін алғашқы әндерінің өзі композитордың атын елге жайып, халықтың сүйікті перзентіне айналдырды. 40 жылдан астам шығармашылық қызметінде Ш.Қалдаяқовтың 300-ге жуық музыкалық туынды жазды. Олардың дені ән жанрында Ш.Қалдаяқовтың өзінің қайталанбас қол таңбасы халықтың бояуы қанық талантымен қазақ халқының қазіргі әнін, өнерін биік белеске көтерді. Қазақ даласын әнмен тербеткен Ш. Қалдаяқовтың тағдыры мен ғұмырына осы төрт жол өлең түгелімен арналғандай. Оның әндерінсіз ешбір мереке де, ешбір той-думан да өтпейді. Оның әндерін еңбектеген баладан бастап, еңкейген кәріге дейін шырқайды. Ал «Шәмші аға» деген сөз «Ән аға» деген сөзбен тұтасып, синоним болып кеткелі қашан...

Танымал әндер жазудағы табысы үшін композитор 1965 жылы Қазақстан Комсомол сыйлығын алды. Ал, 1991 жылы оған Қазақстан Республикасының Халық артисі.

Қалдаяқов ұлттық музыка өнерінің ән жанрына аса айқын, соңғы леп ала келген сазгер ретінде көрінді. Оның әндері құлаққа жағымды, жүрекке жылы қабылданып, жұртшылықтың сүйіспеншілігіне бөленді. Композитор шығармаларының тақырыптық, мазмұндық ауқымы аса кең. Елге, жерге, Отанға, ата-анаға, жарға, дос-жаранға деген сүйіспеншілік – Шәмші шығармаларының басты тақырыбы. Оның азаматтық лирикаға тұнған, республикамыздың кең байтақ жерін жырға қосатын:



Шәмші Қалдаяқовтың Алматыда Республика сарайының солтүстік жағына қойылған ескерткіші

- «Ақ ерке – Ақ Жайық»,
- «Арыс жағасында»,
- «Сыр сұлуы»,
- «Жарқырайды Жезқазған»,
- «Қарқаралы»,
- «Фосфорлы Жамбыл»,
- «Байқоңыр»,
- «Талдықорған – әнім менің»,
- «Ырысты өлке – Шардара»,
- «Отан»,
- «Теріскей»,
- «Мойынқұмда»,
- «Отырардағы той»,
- «Көгілдір Көкше»,
- «Өмір өзен», т.б. туындыларын жұртшылық ерекше ықыласпен қабылдады.

Композитордың марш екпінді, жігерлі, шаттықпен шырқалатын:

- «Менің Қазақстаным»,
- «Теңізде – толқында»,
- «Бақыт құшағында»,
- «Бәрінен де сен сұлу» сияқты әндері халық арасына кеңінен тарады.
- «Ақмаңдайлым»,
- «Ақсұңқарым»,
- «Қайдасың»,
- «Еркежан»,
- «Ана туралы жыр»,
- «Құшақ жайған қандай адам»,
- «Қайықта»,
- «Қыз сағынышы»,
- «Ақ бантик»,
- «Кешікпей келем деп ең»,
- «Қуаныш вальсі»,
- «Әнім сен едің»,
- «Сағынышым менің»

әндері Р.Бағланова, Р.Абдуллин, Б.Төлегенова, Р.Мұсабаев, З.Қойшыбаева, т.б. әншілердің репертуарынан берік орын алды.

Қалдаяқов артында мол музыкалық мұра қалдырды.

Марапаттары

Республика жастар сыйлығының иегері болды (1965).

Шымкент қаласындағы Шәмші саябағында орнатылған Шәмші ескерткіші

1992 жылдан бастап сазгерлер мен әншілер үшін Қалдаяқов атындағы халықаралық байқау-фестиваль дәстүрлі түрде өткізіліп тұрады. Шымкент қаласында облыстық филармония, бір көше, Алматы қаласында бір көше, композитор туған өлке – Шәуілдір ауылындағы музыка мектебі – Қалдаяқов есімімен аталады. Шымкент филармониясының алдына Қалдаяқов ескерткіші орнатылған. 1991 жылы Қалдаяқов жайлы ғұмырнамалық «Жылдарым менің, жырларым ме-нің» (реж. Т.Ахметов) деген деректі телефильм түсірілді. «Шәмшіғұмыр» естеліктер мен мақалалар жинағы жарық көрді (2002).

Шығармалары

- Әндер, А., 1967;
- Бақыт құшағында. Әндер жинағы, А., 1971;
- Сағынышым менің. Әндер, А., 1978;
- Менің Қазақстаным. Әндер, А., 1981;
- Шәмші әлемі. Әндер, А., 2000.

Қазақстанның бейресми әнұраны атанған Шәмші Қалдаяқовтың "Менің Қазақстаным" әнінің мәтіні аз кем өзгертілді. Мәтін авторы ретінде Н.Назарбаев өз ұсыныстарын енгізді. Ол алғаш рет Елбасын ұлықтау рәсімі кезінде орындалды.

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны (2006)**

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой!
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің — Қазақстаным!
Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,

Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің — Қазақстаным!

## Ескендір Өтегенұлы Хасанғалиев

**Ескендір Өтегенұлы Хасанғалиев** (13 ақпан 1940, Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы - 30 сәуір 2021, Алматы[1]) — әнші (лирикалық баритон), композитор, музыкант. Қазақ КСРнің Халық артисі (1984). Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері (2006). Батыс Қазақстан облысының Құрметті азаматы (2010).



### Өмірбаяны

- Байұлы тайпасының Қызылқұрт руынан шыққан.
- Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының вокальды-хорлық факультетін Е. Виноградов пен Н. Шарипованың класы бойынша курсты бітірген.
- Әль-Фараби атындағы Шымкент мәдениет институтын бітірді.
- 1970 жылдан бастап, Қазақ радиосы мен теледидарының солисі. Е. Хасанғалиевтің орындау мәнері жоғарғы кәсіби деңгеймен ерекшеленеді. Ол Қазақстанның белгілі эстрадалық әншілері орындайтын көпшілікке жақсы танымал әндердің авторы.

Хасанғалиевтің "Әдемі", "Асыл арман", "Өмірімнің жазы", "Атамекен" әндерін тек Қазақстан тыңдармандары емес, шетелдерде де ықыласпен қабылдайды. Е. Хасанғалиев шығармашылығына тақырыптың әмбебаптылығы, материалды берудің көп салалығы тән. Ол музыканы қазақ, орыс, ұйғыр, татар, неміс ақындарының сөзіне жазды.қазіргі қазақ композиторларының ән-романстарын нақышына келтіре, шебер орындайды. Хасанғалиев - танымал композитор. Оның бірнеше ән жинағы жарық көрді.

Хасанғалиев әндерінің тақырыбы сан алуан. Ол қазақ, орыс, татар, неміс ақындарының туған ел, еңбек, жастық шақ, махаббат тақырыбындағы өлеңдеріне көптеген ән жазды. Хасанғалиев гастрольдік сапармен Моңғолия (1975), Болгария (1982), Югославия (1968), Алжир (1969) , Сирия мен Ливан (1973), Швеция және Финляндия (1970), т.б. елдерде болды.

Мемлекеттік Марапаттары

---

- 1970 жылы Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты;
- 1979 жылы Қазақ КСРнің Еңбек сіңірген артисі құрметті атағы;
- 1984 жылы Қазақ КСРнің Халық артисі құрметті атағы;
- 2000 жылы «Құрмет ордені» мен марапатталды.
- 2002 жылы «Астана» медалі;
- 2006 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері атанды;
- 2007 жылы «Платинды Тарлан» сыйлығының лауреаты;
- 2011 жылы «Қазақстан тәуелсіздігіне 20 жыл» медалі;
- 2015 жылы «Қазақстан конституциясына 20 жыл» медалі;
- 2015 жылы «Қазақстан халқы ассамблиясына 20 жыл» медалі;
- 2015 жылы Ақорда салтанат сарайында елбасы Н.Ә.Назарбаевтың өз қолынан ең жоғарғы мемлекеттік марапат «Отан ордені» мен марапатттады;
- 2016 жылы «Қазақстан тәуелсіздігіне 25 жыл» мемлекеттік мерекелік медалі.
- 2010 жылы Батыс Қазақстан облысының Құрметті азаматы;
- 2010 жылы Орал педагогика иниститутының құрметті профессоры;
- 2010 жылы Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің құрметті профессоры;
- 2015 жылы Алматы облысы, Үштөбе ауданының құрметті азаматы;
- 2015 жылы Алматы облысы, Кербұлақ ауданының құрметті азаматы.

**Атамекен**

- Жасыл жайлау, түкті кілем, көк кілем
- Көк кілемде көп аунаймын, көп күлем
- Маңдайымнан сипап өткен самалды
- Қазағымның алақаны-ау деп білем
- Қайда жүрсем Атамекен
- Көкейіңде жатады екен
- Күннің өзі ұясына
- Қимай оны-ай батады екен
- Жасыл жайлау, түкті кілем, көк кілем
- Р Е К Л А М А

- Көк кілемде көп аунаймын, көп күлем
- Күннің нұрын, айдың аппақ сәулесін
- Қазағымның махаббаты-ау деп білем
- Қайда жүрсем Атамекен
- Көкейіңде жатады екен
- Күннің өзі ұясына
- Қимай оны батады екен
- (Күннің өзі ұясына
- Қимай оны батады екен)
- Жасыл жайлау, түкті кілем, көк кілем
- Көк кілемде көп аунаймын, көп күлем
- Асқар тауын аспаныммен таласқан
- Қазағымның мәртебесі-ау деп білем
- Қайда жүрсем Атамекен
- Көкейіңде жатады екен
- Күннің өзі ұясына
- Қимай оны-ай батады екен
- Қайда жүрсем Атамекен
- Көкейіңде жатады екен
- Күннің өзі ұясына
- Қимай оны-ай батады екен

- Үйленген. Жары: дәрігер - фтизиатр, Құрмет орденінің иегері Дарико Хасанғалиева
- Баласы: композитор, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Біржан Хасанғалиев қыздары бар.

## Ермек Бекмұхамедұлы Серкебаев

**Ермек Бекмұхамедұлы Серкебаев** (4 шілде 1926, Петропавл - 16 қараша 2013, Алматы) — әйгілі оперaлық және камералық әнші (баритон), педагог, КСРО халық әртісі (1959), ҚазКСР халық әртісі (1956), профессор (1982), қоғам қайраткері. Социалистік Еңбек Ері (1986).

Өмірбаяны

Керей тайпасның Тарышы руының Ақсары бөлімінен шыққан. Әкесі - Бекмұхамед Хусайнұлы Серкебаев (1896-1976), педагог, жазушы, ақын, драматург, Қазақстан Жазушылар одағының алғашқы мүшелерінің бірі, білім беру саласында еңбек етті. Анасы - Зылиха Сабырқызы (1906—1997), бастауыш кластар мұғалімі болды. Ермек Серкебаев үшінші сыныптан бастап оқуын Алматыдағы № 54 мектепте оқиды. 1941—1943 ж. П.И.Чайковский атындағы Алматы музыкалық училищесінде скрипка класы бойынша оқып, отбасының материалдық жағдайына байланысты үш жылдан кейін, оны

тастап, Қазақстан радиосына дикторлыққа келеді, оған қоса киностудияның кейбір фильмдерінде осы тұрғыда қызмет атқарды.




- 
- 1947 жылы Қазақ опера және балет театрына солист болып кіреді.
- 1951 жылы Алматы консерваториясын профессор А.М.Кургановтың сыныбында тәмамдап, опера және балет театрына оралады. Студент кезінде Абай атындағы опера және балет театрының шығармашылық ұжымына қызмет істеген. Консерваторияны бітірер жылы Абай рөлін орындайды.
- 1973 жылы Алматы консерваториясының жеке дауыста ән айту кафедрасының оқытушысы болған.
- 1982 жылы профессор атанады.
- 50 астам шетел мемлекеттерінде (Румыния, Пәкістан, Франция, Үндістан, Қытай, Бельгия, Куба, Швейцария, Швеция, Финляндия, т.б.) өнер көрсетті.
- 7-шақырылған КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты.
- 8-11-шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты.

Орыс және шетелдік, сонымен қатар советтік классикалық опералардың негізгі партиялары:

- Қожағұл, Амангелді (М. Төлебаев, «Біржан мен Сара»; М.Төлебаев және Е.Брусиловский, «Амангелді»);
- Абай, Серке (А.Жұбанов пен Л.Хамиди, "Абай"; С.Мұхамеджанов, "Айсұлу");
- Тарғын, Артем (Е.Брусиловский, "Ер Тарғын", "Дударай");
- Онегин, Елецкий (П.Чайковский, "Евгений Онегин", "Пиковая дама");
- Петруччио (В.Шебалин, "Укрощение строптивой");
- Фигаро (Дж.Россини, "Севильский цирюльник");
- Валентин ("Фауст");

- қазақтың халық әндері, орыс және шет ел композиторларының шығармалары.

**Кинодағы рөлдері**

1957 - режиссер Ш.Айманов: "Біздің сүйікті дәрігер" - Тәкен

- 1959 - КСРО, Орталық телевидение: музыкалық фильм "В этот праздничный вечер"
- 1961 - режиссер Ш.Айманов: "Ән шақырады" - Досай Нұрланов
- 1968 - режиссер Ш.Айманов: "Тақиялы періште" - Шыңғыс
- 1976 - "Медеудегі кездесу"

Марапаттары

- Вокалистер конкурсының (Будапешт) лауреаты (1953)
- ҚазКСР халық әртісі (1956)
- КСРО халық әртісі (1959)
- ҚазКСР К.Байсейітова атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері (1972)
- КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері (1977)
- Октябрь Революциясы ордені (1984)
- 2 мәрте Ленин ордені
- Еңбек Қызыл Ту ордені
- Социалистік Еңбек Ері (1986)
- Петропавл қаласының Құрметті азаматы (1990)
- "Музыка" номинациясы бойынша "Тарлан" сыйлығының лауреаты (2000)
- "Жыл адамы" фестивалінің жеңімпазы (2011)

**Жаяу Мұса Байжанұлы**

**Жаяу Мұса Байжанұлы** Павлодар облысы Баянауыл ауданы Жасыбай көлінің жағасы, Ақшоқы алқабында дүниеге келген. Әйгілі әнші-сазгер, ақын. Алғаш ауыл молдасынан оқып, сауат ашады. Оң-солын тани келе өнер-білім қуып, Қызылжар, Омбы қалаларына келеді. Омбыдағы орыс мектебінде оқиды, қала өнерпаздарымен араласып, домбыра, сырнай, скрипка аспаптарын тартуды меңгереді, өзінің сезім-күйін әнге қосуға машықтанады, музыкалық әдеби кештерге араласады. Ел ішіндегі әлеуметтік әділетсіздіктер мен сыртқы өктемдікті жай ғана бақылаушы болып қана қалмайды, өзінің ұстанымын тиісті жерінде өнерімен де, іс-әрекетімен де көрсетіп отырады. «Ақ сиса» сияқты әлеуметтік теңсіздікті әшкерелеген әндері ел ішіне тарай бастайды. Ақыры Жаяу Мұсаға «Патша саясатына наразы адам» деген айып тағылып, Тобылға жер аударылады. Тобыл түрмесінде ол генерал-губернаторға хат жазып, әскер қатарына сұранады. Мұсаның өтініші қабылданады. Тобыл, Орынбор, Қазан, Новгород, Мәскеу, Владимир, Петербор қалаларында, Полония, Литва жерінде болады. Кейін Қоқан хандығының саясатына қарсы жұмсалған полковник М.Черняевтің әскерінің құрамында Алатау, Әулие-ата, Шымкент жорығына қатысады. Осы жорықта Ресей әскерінің зорлықшыл әрекеттерін көзімен көрген Жаяу Мұса қатты

налиды, ән-жырына қосады. Алыста жүріп, туған жерін сағынып «Сүйіндік» әнін шығарады. «Толғау», «Арап ұрыға», «Бозторғай», «Хаулау» әндеріне өмірден көрген сондай қиындық қиянаттар арқау болады. Өмірдің көп тауқыметін бастан өткеріп, еліне оралған Жаяу Мұса әлеуметтік-саяси теңсіздікке арналған әндер шығаруды одан әрі жалғастырады. Ақмола уезіне қарасты Құлбай деген байдың немере қызы Сапармен көңіл жарастырып, ұрпақ құрып, саясатшылықпен айналысады.

## Дина Кенжеқызы Нұрпейісова

**Дина Кенжеқызы Нұрпейісова** (1861, Бекетай құмы, Жаңақала ауданы, Батыс Қазақстан облысы - 31 қаңтар 1955, Алматы) – қазақтың әйгілі күйші композиторы, Қазақстанның халық әртісі.



### *Өмірбаяны*

Төлеңгіт руынан шыққан. Халық өнерпаздарының 1937 жылы өткен республикалық байқауына қатысып 75 жасында халық аспаптарын тартатын өнерпаздардың Мәскеуде өткен Бүкілодақтық бірінші байқауында, одан кейін 1944 жылы 83 жасында Орта Азияның бес республикасынан өнерпаздар қатысқан Ташкенттегі он күндікте Дина тағы да жүлделі орындарды жеңіп алады.



Дина ата-ана шаңырағында бұлаңдап өскен жас кезінің өзінде ақ Дәулеткерей, Мүсірәлі, Әлікей, Түркеш, Ұзақ, Есжан, Байжұма, Баламайсаң сияқты күйшілердің күйін нәшіне келтіре тартып, төңірегі «домбырашы қыз» деп атаған. Қаршадай қыздың даңқын естіп, әйгілі Құрманғазы арнайы іздеп келген. Ол Динаның домбыра тартысына сүйсініп, болашағынан үлкен үміт күтіп, батасын берген. Осыдан кейін Динадан көз жазбай, үнемі айналып соғып, додалы күй айтыстарына ертіп барып, домбыра тартудың терең сырларын үйретеді. Дина тоғыз жасынан бастап он тоғыз жасына дейін, қашан ұзатылғанша Құрманғазының баулуында болады. Құрманғазыдай дәулескер күйшінің ұстаз болуы Динаның ғана бақытты болып қойған жоқ, исі қазақтың күй өнерінің бақыты болды.

Немересі Балжан Нұрпейісованың айтуынша, Дина апамыз 18-19 жастың шамасында Мақат баласы Нұрпейіске тұрмысқа шыққан. Сол жылдары құжат аларда оның фамилиясы Нұрпейісова болып тіркеліп кеткен екен. Нұрпейіс Мақатұлы ерте қайтыс болып, олардан Жамал, Қайрат, Жұрынбай есімді ұрпақ қалған. 1885 жылы жастай жесір қалған Дина апамызды қайын інісі Нұралыға атастырады.

Шығармалары

Динаның әсем сазды аяулы күйлері осынау жар қызығын көріп, бала бақытына мейірленген жылдарда туған. Ұзатыларда әкесінің еншің деп мінгізген қарақасқа атына арнап шығарған «Қарақасқа» ат» күйі, өзі пір тұтатын күйшілері Дәулеткерей мен Түркешке еліктеп шығарған «Бұлбұл», «Жігер», «Байжұма» сияқты күйлері, ақылды да айбарлы, сұлу да сырбаз абысынан арналған «Кербез» күйі, үлкен ұлы Жұрымбай 1916 жылғы «Июнь жарлығы» бойынша әскерге шақырылғанда тартқан «Он алтыншы жыл» («Набор») күйі, қадірлес замандастарына сүйсінуден туған «Қосалқа» күйі, балдай тәтті, бауыр етіндей жақын баласы Қоңырға арнаған «Әсем қоңыр» күйі, міне, бұлар Динаның өзіндік қолтаңбасын айқын танытатын біртуар күйлер. Бұл күйлері арқылы Дина қазақ күйлерінің өрісін ұзартып, өресін биіктетумен бірге, өзі де ұлы күйшілермен терезесін теңестірді.

Дина Кеңес заманында да өзінің арман аңсарын, үміт тілегін халқының жолына бағыштап өтті. Жасының ұлғайғанына қарамастан Қазақстанның 20

жылдығына орай «Тойбастар», Отан соғысы жылдарында «Ана бұйрығы», «Жеңіс» сияқты күйлер шығарды. Рас, қоғамның репрессиялық қаталдығы туыдрған жағымсыз саясат пен желбуаз идеология Динаның бұла дарынын қақпайлап бақты. Оны төлтума арқасынан (шабытынан) айырып, әсіре ұраншылдықтың қолжаулығы етпек болды. Ол шығарған күйлерге «Еңбек ері», «Сауыншы», «Сталин», «Делегат», «Көкөніс» деп ат қойып, алаулатып жалаулатып, ресми салтанаттардың ұран күйіне айналдырды.




Соңғы күндері

Дина Кенжеқызы 1955 жылдың 31 қаңтарында 94 жасында Алматы қаласында қайтыс болды. Балжан Нұрпейісова әжесінің соңғы күндері туралы былай дейді: «Ол кісі өле-өлгенше сөзінен жаңылысқан емес. Киелі қара домбыраны бала кезінен серік етіп, құдіретті өнеге тұтқаны соншалық, көз жұмарының алдында бес-он минут бұрын өзінің төсегінің тұсында ілулі тұрған домбырасын алдырып, мәпелей сипап, аялай қағып, Құрманғазының «Қайран шешем» күйін шертті. Әлсіз саусақтары икемге келмей жатса да, күйді көкірегінде жаңғыртып жатып дүниеден озды».



## Құрманғазы Сағырбайұлы

**Құрманғазы Сағырбайұлы** (1818-1889) — қазақтың ұлы күйші-композиторы. Қазақтың аспапты музыка өнерінің классигі.



Өмірбаяны

Туып-өскен жері Бөкей хандығы, қазіргі Батыс Қазақстан облысының Жаңақала ауданына қарасты Жиделі деген жер. Топырақ бұйырған орны – Астрахан облысының бұрынғы «Шайтани батага», қазіргі «Құрманғазы төбе» деп аталатын жер.

Шыққан тегі – Кіші жүз, он екі ата Байұлынан өрбіген Сұлтансиықтың Қызылқұрт бұтағы болып табылады. Құрманғазының жетінші атасы Ерші деген кісі от тілді, орақ ауызды, сөз дарыған адам болыпты. Ал, нағашы жұрты – Беріш руы. Қалмақ шапқыншылығы кезінде асқан ерлігімен көзге түскен Ағатай батырдың есімі исі Берішке ұран болған. Одан берідегі Өтеміс би, Махамбет Өтемісұлы, Исатай Тайманұлы бір ғана Беріш руының емес, исі қазақтың ардақты ұлдары.[2] Құрманғазының әкесі Сағырбай (шын аты Дүйсенбай деген сөз бар) өнерге мойын бұра алмаған, шаруа адамы болыпты. Құрманғазының бесінші атасы Балтабай әулеті шетінен домбыраға тіл бітірген өнерпаз болса керек. Ал жетінші атасы Ерші деген кісі от тілді, орақ аңызды, сөз дарыған адам екен. Күні бүгінге дейін ел ішінде «Ершінің еркегін қойып, әуелі әйелімен айтысып ал» деген сөз бар. Құрманғазының нағашы жұрты - Беріш руы. Ерлік пен еркіндікті дәстүр еткен елдің қызы, Құрманғазының анасы Алқа да келін болып түскенше даланың ерке желіндей еркін өсіп, еркек - шора болып, ойын - тойдың шырайын келтірген. Кейін Игіліктың қызы Әуеске үйленгенде Құрманғазы үшін Беріш руы енді қайын жұрты болады.

Құрманғазының бала кезінен - ақ ең айткыш тілі, ең сезімтал тілі қос ішекті домбыра көмейінен шығатын күй тілі еді. Сондықтан да, ол сахараның даңғыл көкірек дәулескер күйшісі Соқыр Есжанды алғаш көріп тыңдасымен-ақ домбырасынын тілін мен дінін түсініп, ұйып тыңдайды. Сондықтан да, өзінің замандастары Шеркеш, Байжұма, Баламайсаң сияқты күйшілердің күйін құныра тартып, сол күйлерден уақыттың ең шыншыл сырын ұғады. Ал Құрманғазының ұстазы - Ұзақ болатын.

1830 жылы Беріштен шыққан Исатай Тайманұлы және оның жан досы, дауылпаз ақын, дәулескер күйші Махамбет Өтемісұлы бастаған Жәңгір-ханға шаруалар көтерілісінде Құрманғазы да болады. Сол жылдарында «Кішкентай» деген күй шығарады. 1857 жылы Құрманғазыны түрмеге отырғызады. Сібірге айдатайын деп жатқан жерден ол қашып құтылады. Екінші рет оны Орынбор түрмесіне қамайды, бірақ генерал-губернатор

Перовскийдің қолдауымен құтқарылады. Түрме тақырыбына бірталай күй шығарады: «Қайран шешем», «Ертең кетем», «Кісен ашқан», «Түрмеден қашқан», «Арба соққан», «Перовский маршы», «Не кричи, не шуми», «Машина».

1880 жылы Астрахан түбіндегі Сақмар елді мекеніне қоныс аударады. Қауым арасында ерекше құрметке бөленген Құрманғазы, Дина Кенжеқызы Нұрпейісова, Ерғали Есжанов, Меңдіғали Сүлейменов сынды мирасқорларын жинайды. Сол дәуірде әйгілі болған Көкбала, Менетай, Менқара, Сүгірәлі, Торғайбай, Шора сынды домбыра тарту шеберлері де Құрманғазыны ұстаз тұтқан.

Құрманғазы сахараның даңғыл көкірек дәулескер күйшісі Соқыр Есжанның алдын көріп, Дәулеткерей сияқты жайсаң күйшімен сырлас болып, Шеркеш, Байжұма, Баламайсан сияқты күйшілердің өнерінен өнеге алған.

Өмірінің тарихы мен тізбесі

- 1823 – қазіргі Атырау облысы, Құрманғазы ауданында дүниеге келген.
- 1836-1840 – малшылықты қойып, өнер соңына түседі. Күйші Ұзақтың жанына еріп, ел аралайды.
- 1830-1840 – композиторлық өрісі ашылып, ондаған күйлерін дүниеге әкеледі.
- 1845-1850 – Жем, Сағыз бойы мен Маңғыстау, Үстірт өңірлерін аралайды. Адай жеріндегі үлкен нағашылары Төремұрат пен Нарынбайлардың елінде өмір сүреді.
- 1850 – Маңғыстаудан келген соң, Орынбор түрмесіне қамалады. Көп ұзамай одан қашып шығады.
- 1857 – 26 қыркүйекте Орда түрмесіне түседі.
- 1857 – қараша айының басында абақтыдан қашады.
- 1857-1860 – басқа ауылдарда жасырынып жүреді.
- 1860-1863 – елге оралады.
- 1864 – абақтыдан қашып кеткені үшін және “мал ұрлады” деген айыппен Орда абақтысына жабылып, онда 2 жыл 7 ай жатады.
- 1868 – Журналист Н.Савичевпен кездеседі.
- 1868 – Орал түрмесіне түседі.
- 1870 – Астраханьнан шақырту келіп, қайтадан түрмеге жабылады.Онда Саранжап деген қалмақпен танысып, түрмеден қашып шығады.
- 1882 – Краснояр түрмесінде жатады.
- 1884 – билеуші Мақаш Бекмухаммедовтен көмек сұрап, “Ақ паспорт” алады.
- 1885-90 – Сахмаға көшіп келеді “Демалыс” деген күй шығарады.
- 1890-95 – жаймашуақ өмір кешіп, аң аулап, құс салады. Шәкірт тәрбиелейді.
- 1896 – Астрахань облысы, Володар ауданындағы “Алтынжар” деген жерде қайтыс болады.[3]

## Шығармалары

Құрманғазының ғұмыр кешкен уақыты, әсіресе оң солын танып, өмір-тіршілікке белсене араласа бастаған кезі мейлінше күрделі еді. Бұл кезең патшалық Ресей жүргізген отаршыл саясаттың ең бір қарқын алған, әбден құныққан, шектен шыға басынған кезі болатын. Қашанда ел басына келген нәубеттің ауырлық тауқыметі ең алдымен еңсесі биік ерлердің иығына түсетін әдеті. Замана зобалаңы Құрманғазыны да от-жалынымен шарпып бағады. Оның «Түрмеден қашқан», «Кісен ашқан», «Ертең кетем», «Бозқаңғыр», «Пәбескі», «Терезеден-есіктен», «Бозшолақ», «Бұқтым-бұқтым», «Не кричи, не шуми», «Арба соққан», «Аман бол, шешем, аман бол!», «Қайран шешем» сияқты күйлері замана басқа салған зобалаңның бір-бір бекеті сияқты. Ол қатал тағдырдың кез келген талқысына өнерімен жауап беріп, өнерімен белгі қалдырып отырған.

Құрманғазы өмірге ғашық күйші. Тіршіліктің нұрлы сәттеріне ол балаша қуанып, қалтқысыз сезімге бөлене алады. Оның «Қызыл қайың», «Ақжелең», «Адай», «Сарыарқа», «Балбырауын», «Серпер», «Назым», «Балқаймақ», «Бұлбұлдың құрғыры», «Ақсақ киік», «Төремұрат», «Қуаныш» сияқты күйлері өмірге іңкәр жанның жүрек лүпілі сияқты.[4]

Құрманғазыны суреткер ретінде айрықша даралап көрсететін қасиет – ол концептуалды күйші. Бір ұрпақ емес, екі ұрпақ емес, бірнеше ұрпақтың тағдырына ықпал ететін заманалық құбылыстарға бойлай үңіліп, ой толғау Құрманғазының рухани болмысына тән. Оның «Жігер», «Көбік шашқан», «Кішкентай», «Ақбай» сияқты күйлері өзі ғұмыр кешкен заманның тарихи-әлеуметтік болмысына берілген күйші философтың бағасы.

Сол сияқты «Айжан-ай», «Айда бұлбұл, «Алатау», «Амандасар», «Бас Ақжелең», «Демалыс», «Лаушкен», «Ойбай, балам», «Саранжап»«Теріс қақпай», «Ұзак Ақжелең» күйлері кеңінен танымал.[5] Құрманғазының асқақ рухы бір ғана музыка саласына сиятын құбылыс емес. Мұндай тегеурінді дарынның болмысы біртұтас ұлттың рухани болмысына айғақ бола алады. Ұлт тағдырындағы тарихи ұлы өзгерістердің барша қуаныш-қайғысы қашанда біртуар перзенттерінің тағдыр-талайымен шендесіп жатады. Бұл, орайда, Құрманғазы өзінің қайталанбас өнерімен ғана емес, өмірімен де туған халқының бүкіл қасиетіне, сол бір алмағайып аласапыран кезеңнің хал күйіне ең жарқын айғақ бола білді. Ол өзінің қанатты күйлерімен поэзиядағы Махамбет сияқты ғылымдағы Шоқан сияқты, майдан даласындағы Кенесары сияқты, өршіл рухына қылау түсірмей, замана тауқыметін қайыспай арқалап ғұмыр кешті.[6][7]

## Күйлерінің шығу тарихы

Құрманғазы күйшінің алғашқы шығармаларының бірі – “Кішкентай”. Бұл күй көтеріліс басшысы Исатайға арналған. Оның шығарған “Ақбай”, “Ақсақ киік”, “Көбік шашқан”, “Түрмеден қашқан”, “Адай” деген күйлерінде нұрлы болашақ, халық үміті, үстем тапқа деген ыза-кек шебер суреттеледі. Күйші “Сарыарқа” күйі арқылы туған жерді, кең байтақ даланы көз алдына келтіреді. Құрманғазы күйлері тыңдаушысын бай сазымен, кербез нақышымен, жігерлі қуатымен борандатып, ұшқыр екпінімен баурап әкетеді.

Күйлерінің көпшілігінің тақырыбы бар, құрылымы жағынан бір жүйеге түскен ауқымды туындылар. Күйші домбыраның орындау әдістерін, аспаптың дыбыстық және техникалық бай мүмкіндіктерін мейлінше толық қолдана білген. Құрманғазы күйлерінің ерекшеліктеріне – күйдің шарықтау шегінің, яғни кіші саға мен үлкен сағаның жазыла түсуінің арқасында домбыра диапазоны толық игеріліп, күйдің өзіндік өлшемі мен ырғағы шығарманың өне бойында ауытқымай сақталып отырады. “Балбырауын”, “Ертең жетем”, “Бұқтым-бұқтым”, “Балқаймақ”, “Боз қаңғыр”, “Не кричи не шуми”, “Айжан-ай”, “Лаушкен” т. б. көптеген күйлері жайлы төменде толық анықтамалар беріледі:

- Қайран шешем

Ақбайдың шабармандары Құрманғазыны арбаға байлап жүргелі жатқанда шешесі Ақбаланы көреді. Әлпештеп өсірген анасына әлі күнге дейін қайырымды іс істемегеніне өкініп, енді тағы міне айдалып бара жатқанын ойлап, көзіне жас кеп, шешесінің қасына келеді. “Мен ұл таптым деп жүрсем, жаман, жасық немені туған екем ғой. Кімнің алдында көзіңнен жас шығарып тұрсың?” – деп, жағына шапалақпен тартып жібереді. Құрманғазы өзінің қателігін түсінеді. Орал түрмесінде жатқанда осының бәрін ойлап, шешесіне арнап “Қайран шешем” атты күйін шығарады. Күй күйшінің қапастағы халін баяндағандай баяу басталады да, бірте-бірте әсерленіп, шабыттана төгіледі.

- Қапы

Құрманғазы өштескен би оның соңына түсумен болады. Бір жиында домбыра тартып, Исатай, Махамбет толғауын айтып отырған Құрманғазыға “Сен Исатай Махамбеттің толғауын айттың”, деп кінә тағып күйшіні ұстатады. Міне, осы өкінішке байланысты “Қапы” деген күйін шығарған екен.

- Қош аман бол

Құрманғазы қапылыста ұсталып Орда түрмесіне жөнелтілейін деп тұрғанда “Қайтып көріскенше қош аман болыңдар, халқым” деп, “Қош аман бол” күйін тартыпты. “

- Қыз Данайдың қырғыны

1850 жылы Құрманғазы Жем өзенінің бойындағы Төремұрат, Өтен, Нарымбай ағаларымен барып қыз Данайды алып қайтады. Қыз соңынан шапқан қуғыншыларды Құрманғазы отауға жібермей келгенін қағып түсіріп, қорғап тұрады. Оның бұл батырлығына нағашылары риза болып, сый – құрмет жасайды. Шабыты шалқыған күйші осы қуанышқа арнап “Қыз Данайдың қырғыны” күйін шығарады. Құрманғазы күй арқылы ат тұяғының дүбірін, қиян-кескі ұрысты суреттейді. Арасында қыз Данайдың сұлулығын, сыңғырлаған күлкісін сазды дауыстармен бейнелей білген. Бұл күйдің шығуына байланысты Төремұрат ел жиып, мал сойып үлкен той жасайды.

- Қызыл қайың

Құрманғазы ен далада жалғыз өскен қызыл қайыңның бұтағын жамылып отырып, қуғыншылардан аман қалыпты, дейді. Кейін: “Менің елім

де, жерім де, ағашым да пана екен. Анадай қамқор болып, жапырағымен жауып пана болған қызыл қайыңға арнап едім”, – деп осы күйді шығарған.

- Көбік шашқан

Каспий теңізі бір кезеңдерде деңгейі көтеріліп, жағадан шығып, тасып кетеді екен. Ғалымдардың айтуынша, бұл әрбір дәуірлік мерзім сайын болып тұратын құбылыс көрінеді. Міне, сондай құбылыс XIX ғасырдың екінші жартысында да болған. Мұны ұлы сазгер Құрманғазы мен суырыпсалма ақын Қашаған өз көздерімен көрген. Құрманғазы бір келгенде Қашаған тап болып, екеуі тасып жатқан теңізді жағалай жүріпті. Бұл жөнінде бір суретшінің салған суреті де бар. Қашаған халықты қиналысқа ұшыратқан осы тасқын жөнінде «Топан» атты дастан шығарды. Ақын пәлсапалық ұғыммен табиғаттың қасіретті құбылысын адамзаттың имандылық, нәпсілік қасиеттерінің жоғалуымен байланыстырады. Соның жазасы деп түйіндейді. Ал Құрманғазы асып-тасып, көбіктеніп, толқып жатқан теңізді көріп, оның халыққа залалы тигеніне жаны қиналады. Оған Қашаған дастаны да қатты әсер етеді. Сөйтіп, жүрек сыздатар сазды «Көбік шашқан» күйі шыққан.

- Түрмеден қашқан

Кітаптағы деректер бойыша, Құрманғазы күйді түрмеден қашқаннан кейін, тынығып жатқанда жазады. Күйші жастайынан өз елінің тәуелсіздігі үшін күреседі және сол жолында талай рет түрме тұтқыны болады. Сондай кездің бірінде, күйшінің түрмедегі досы, Лавочкинге анасы тамағына болат араны жасырып әкеліп береді. Сонда Құрманғазы, өзін жақтайтын түрме жасақтарының көмегімен түрмеден қашып кетеді. Шаршап, демалуға отырған күйші шабыттаным, "Түрмеден қашқан" күйін шығарады.

## «Қазақ сазгерлері» жайлы ашық сабақтар мен тәрбие сағаты

**Сынып:** 7 -сынып.

**Сабақтың тақырыбы:** Қазақ сазгерлері.

**Сабақтың мақсыты.**<u>Білімділік:</u> қазақ халқының атақты сазгерлерінің өмірі туралы мағлұмат алып, олардың шығармашылығымен танысу.

<u>Дамытушылық:</u> сабақтың жаңа сөздерін мңгеру, сөйлем ішінен септік жалғауларын дұрыс тауып, сөздік қорды дамыту.

<u>Тәрбиелік:</u> қазақ халқының сазгерлерінің күйлерінің мазмұнынына назар аударып, рухани тәрбие беру. Мейірімділікке, сезімталдыққа, қайырымдылыққа, жігерлі, өнерлі болуға тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** аралас сабақ.

**Сабақтың формасы:** топтық, жекелей.

**Әдіс-тәсілдер:** дамыта-оқыту технологиялары, ақпараттық технологиялар.

**Пәнаралық байланыс:** ән-күй сабағы, қазақстан тарихы, әдебиет.

**Құрал-жабдықтар, көрнекі құралдар:** интерактивті тақта, видеоақпарат, музакалық аспапатардың үні, сабаққа қатысты күйлер.

**Сабақ барысы:**

**І. Ұйымдастыру кезеңі:**

1. Сәлемдесу.
2. Күн тәртібі.

**ІІ. Үй тапсырмасын тексеру.**

«Халық күйлері» мәтінінің мазмұнын айту. 134 бет.

**ІІІ. Жаңа сабақты түсіндіру.**

Сабақты Құрманғазының «Адай» күйімен бастау.

Сабақта қажет жаңа сөздермен жұмыс.

Әр күйші композитордың өмірінен мағлұмат беру. (слайдтар көрсетіліп отырады).

1. Құрманғазы Сағырбаев – қазақтың күйші-композиторы, домбырашы, халық аспаптар музыкасының алыбы әрі классигі. Құрманғазының бүкіл өмірі мен шығармашылығы әлеуметтік әділетсіздік пен озбырлыққа қарсы күрес жолында өтті.

Құрманғазы «Алатау», «Сарыарқа», «Адай», «Ақсақ киік», «Түрмеден қашқан», «Балбырауын» сияқты күйлер шығарған. Бұл күйлерінді күйші халықтың арманы, қажымас қайрат-жігерін суреттеген.

Хамит Ерғалиев «Құрманғазы» атты поэма жазды. М. Кенбаев Құрманғазының портреттік бейнесін жасады.

Алматыда Қазақтың академиялық халық аспаптары оркестрі, консервотория, көне музыка мектебі Құрманғазы есімімен аталады.

2. Дина Нұрпейісова 1861 жылы Батыс Қазақстан облысында туған. Атақты домбырашы, күйші, композитор, Қазақстанның халық әртісі.

8-9 жасында домбыраны тартуды үйренген. 1870 жылы Құрманғазымен кездескен. Кейін Құрманғазының шәкірті атанған.

Динаның күйлері – «Байжұма», «Бұлбұл», т.б.

1937 жылы Халық өнерпаздарының байқауында 1-жүлдеге ие болған.

1979 жылы Мәскеуде Халық музыкалық аспаптарында орындаушылардың бүкілодақтық байқауында 1-орын алған.

1955 жылы Алматы қаласында қайтыс болған.

3. Ахмет Жұбанов – қазақ композиторы, музыка зеттеушісі, Қазақ КСР халық әртісі (1944 ж.), Қазақ КСР Ғылым академиясының аккадемигі (1946 ж.), профессор (1948 ж.).

Ол Санкт-Петербургтегі М.И. Глинка және А. Н. Римский-Корсаков атындағы консервторияда оқыған.

1934 жылы Алматыда қазақтың халық аспаптары оркестрін ұйымдастырған. А. Жұбанов қазақ халық музыкасынының тарихын зерттеген. Оның «Абай», «Құрманғазы», т.б. зерттеу еңбектері бар.

4. Мұқан Төлебаев – композитор, КСРО Мемлекеттік сыйлйғйнйң лауреаты (1949 ж.), КСРО халық әртісі (1959 ж.) .

Мұқан Төлебаев 1913 -1960 жылдар аралығында өмір сүрген. Ол 1942 - 1944 жылдары қазақтың халық аспаптары оркестрінің дирижері болды.

Композитордың шығармашылығы Ұлы Отан соғысы жылдарында қалыптасты.

Оның «Таня туралы ән» (Зоя Космедемьянскаяға арналған), «Амангелді» операсы, «Кестелі орамал», т.б. әндері бар.

Мұқан Төлебаев драмалық спектакльдерге, кинофильмдерге арнап музыка жазған.

134 беттегі диалогты оқу және аудару.

«Ақсақ құлан» күйінің тарихы баяндалады.

Бейнекөрнекілік. «Ақсақ құлан» мультфильмі көрсетіледі.

Көрсетілген материал бойынша сұрақтарға жауап береді.

1. Хан уәзірлеріне қандай тапсырма береді?
2. Ханның баласына не болады?
3. Қайғылы хабарды ханға кім естіртеді?
4. Кедей хабарды қалай естіртеді?
5. Ханның бұйрығы қандай болды?
6. Сонда сөзбен айтатынды күймен де жеткізуге болатындығы айқын көрсетілген.

**IV**. 4-тапсырманы орындау. 135 бет.

Алдын-ала дайындалып әкелінген флипчартта сөйлемдердегі сөздерді дұрыс орналастырып, септік жалғауларын анықтау.

Келесі флипчарттағы тапсырма. Сөздерге буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар жалғап, олармен сөйлем құрастыру.

Сөздер: домбыра, өнер, мұра, күйші, Құрманғазы Сағырбаев, композитор.

Оқушылар оркестрлік, жекелей орындалуда естіген аспаптардың үнін табиғи күйінде естулері мақсатында мектеп домбырашысын шақырту.

Дина Нұрпейісованың домбырамен орындалған күйі тыңдалады.

1. **Сабақты бекіту:** Құрманғазының оркестрлік орындалатын «Алатау» күйін тыңдау. Өткен сабақтарда алған білімдерімен ұштастырып, музыкалық аспаптардың түрлеріне тоқталу. Әр музыкалық аспаптың үнін тыңдату (бейнекөрнекілік).

**Қорытынды:** интерактивті ткақтада Aktivote әдісімен тестілеу.

Рефлексия. Оқушыларға сабақтан алған әсерлері жайында сұрақтар қою.

**VII. Бағалау.** Оқушыларға тиісті бағаларын қою.

**Үйге тапсырма:** «Қазақ сазгерлері» тақырыбына диалог құрастыру.

## *Сабақтың тақырыбы: Қазақ сазгерлері*

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: оқушыларға қазақ халқының атақты сазгерлері мен олардың шығармалары туралы мағлұмат беру;

Дамытушылық: қазақ тілінде сөйлеу, жазу дағдыларын дамыту;

Тәрбиелік: қазақ музыкасына деген қызығушылығын арттыру, сүйіспеншілігін күшейту; өнерді сүюге тәрбиелеу.

Сабақтың типі: аралас сабақ
Пәнаралық байланыс: музыка, тарих
Сабақтың әдіс-тәсілдері: мәтінмен жұмыс, сұрақ-жауап, проблемалық тапсырмалар
Сабақта қолданатын технология: интерактивті оқыту технологиясы
Көрнекілігі: электрондық оқулық, ноутбуктар, слайдтар, үнтаспадағы күйлер, интерактивті тақта
Сабақтың барысы:
I. Ұйымдастыру. Оқушыларды екі топқа бөлу. Әр тапсырмадан соң түрлі түсті фигуралар беріледі. Жасыл түс – дұрыс жауап, Көк түс – жауап толық емес, Қызыл түс – жауап дұрыс емес.
II. Сабақтың мақсатын айту
III. Үй тапсырмасын тексеру
1. «Миға шабуыл» Күй аңыздары туралы не білесіңдер?
2. Электрондық оқулықпен жұмыс жасап, сөйлемдердегі септік жалғауларын анықтау.
IV.Жаңасабақ.
1. Мағынаны тану. Слайдтарды пайдалана отырып, Құрманғазы Сағырбаев пен Ахмет Жұбанов туралы әңгімелеу
2. Күйлер тыңдау: Құрманғазы Сағырбаевтың «Адай» күйі, А.Жұбановтың «Би» күйі
3. Сөздік жұмысы. Жаңа сөздерді оқып, дәптерге жазу. Оларды есте сақтағандарын бақылау мақсатында «Домино» ойынын өткізу.
4. Мәтінмен жұмыс. Оқушылар мәтінді іштерінен оқиды. Тақтадағы сұрақтарға топтар кезекпен жауап береді.
1) Құрманғазы Сағырбаев кім?
2) Күйші қай жылдары өмір сүрген?
3) Оның қандай күйлері бар?
4) «Құрманғазы» атты поэманы кім жазды?
5) Күйшінің портретін жазған суретші кім?
6) Құрманғазы атында не бар?
5. «Мені таны» ойыны. Оқушылар слайдтардан көрсетілген портреттер бойынша атақты сазгерлерді атайды. Олар: Қорқыт ата, Дина Нұрпейісова, Ахмет Жұбанов, Ғазиза Жұбанова, Мұқан Төлебаев, Құрманғазы Сағырбаев, Шәмші Қалдаяқов.
6. Диалог. Ахмет Жұбанов туралы оқып, мәтін үлгісінде «Сұхбат» жүргізу. 1-топ - А.Жұбанов туралы; 2-топ - М.Төлебаев туралы сұхбат жүргізеді.
7. Дәптермен жұмыс. 3-тапсырма. Сөйлемдердегі кірме сөздердің астын сызып, тиісті көптік жалғауын қойып жазу.
V.Рефлексия. Не білдім? Не ұнады? Не білгім келеді?
VII Бағалау. Түрлі түсті фигуралар арқылы бағалау.
VIII.Үйге тапсырма беру: 4-тапсырма. Кестені толықтырып, «Қазақ сазгерлері» деген тақырыпқа әңгіме дайындау.

Қазақ халық музыкасының тарихы

Қазақ халық музыкасының тарихына көне түркі дәуірінен бергі кезеңдегі музыка үлгілері мен тарихи-мәдени мәліметтер енеді.

Қазақ фольклорының елеулі бір арнасы – эпос. Оған тән музыкалық мақам-саздардың қазақ мәдениетінен алатын орны ерекше. Әдеби мәтінге қарағанда музыкалық мақамның марқалау болатыны белгілі. Қазақ эпосы негізінен екі түрлі поэзиялық өлшемге негізделсе (7 – 8 буынды жыр және 11 буынды қара өлең), оның мақамы да осы жүйеге құрылады. Қазақ музыкасындағы сырлы сазды, терең толғаныcқа толы кең тынысты, әуезді әндер – 19 ғасырдан желі тартса, речитативті әуенге құрылған эпикалық дәстүр – алғашқы, лирикалық әндер – соңғы құбылыс. Бірақ, дәстүр тұрғысынан келгенде қазақ даласының түрлі аймақтарында олардың бәрі бірдей сақтала бермеген. Сыр бойы, Атырау алқабында – эпос, Жетісуда – терме, Орталық Қазақстанда кең тынысты лирикалық әндер басым дамыған.

Қазақ музыкасы ауызекі дәстүрге негізделген суырып салмалық өнермен қатар жеке өнер саласы, тіпті ілім ретінде де қалыптасып келеді. Ертедегі орхон-енисей жазбалары, орта ғасырлардағы Қорқыт, оғыз еліндегі қобыз культі туралы деректер түркі тайпаларының музыкалық мәдениетінен хабар береді. Одан бергі жерде әл-Фараби, Ибн-Сина, Әбдірахман Жәми, Дәруіш Әли, т.б. көптеген шығыс ойшылдарының музыка өнеріне қатысты теориялық еңбектері де болған. Фарабидің “Музыканың ұлы кітабы” күні бүгінге дейін ғылыми мәнін жоймаған, әлі де толық зерттеліп болмаған мұра. Мұның өзі қазақ музыкасының бірде шаманизм, бірде зороастризм, бірде ислам мәдениетінің аясында қалыптасып келгенін аңғартады. 15 – 18 ғасырлырдағы жыраулық өнер тудырған эпик дәстүрдің Қазақ музыкасынан алатын орны ерекше.

Қазақ халқының осы қалыптасу кезеңінде ұлттық болмысымызға тән музыкалық ырғақтар, екпіндік ерекшеліктер көріне бастаған. Қазақ музыкасының өзіндік ерекшелігі – синкреттілігі. Поэзия мен музыка мақамның бірлігіне негізделген ән-жырлардың келе-келе дараланып, екі түрлі өнер арнасына жіктелгені мәлім. Бірі – ән өнері, екіншісі – күйшілік дәстүр. Осы негізде 19 ғасырда қазақ даласында екі түрлі халықтық кәсіби-музыкалық дәстүр қалыптасқан. Бірі – Ықылас, Сарымалай, Құрманғазы, Дәулеткерей, Қазанғап, Сейтек, Сүгір, Тәттімбет, т.б. өнерпаздар бастаған күйшілер тобы болса, екіншісі – Біржан, Ақан, Мұхит, Мәди, Жаяу Мұса, Естай, Үкілі Ыбырай, Абай, Нартай, Майра, т.б. сал-серілерден арқау тартатын әншілік өнер. 19 – 20 ғасырларда айырықша дамыған домбыра күйлері өз кезегінде екі түрлі нақыштық ерекшелігімен дараланады. Бірі – кең ауқымды төкпе, екіншісі – сырлы да өрнекті шертпе күй үлгілері. Әрине, қазақ халқының музыкалық мәдениетін сөз еткенде домбыра күйлерін бұл екі дәстүрмен ғана

шектеуге болмайды. Ел арасынан шыққан кәсіби күйшілердің өз үні, өз мәнері, орындау ерекшеліктері бар.

19 ғасырдың аяқ шенінен бастап қазақ музыкасы шет ел және орыс саяхатшыларының назарына ілікті. П.Георги, В.Андреев, В.Добровольский, С.Рыбаков, А.Левшин, А.Алекторов, М.Готовский, Р.Пфенниг, А.Эйхгорн, Н.Савичев секілді шығыстанушылары Қазақ музыкасы, оның көрнекті өкілдері туралы тың әрі қызықты мәліметтер жеткізді. А.В. Затаевич қазақтың музыкалық фольклорын жинап, оларды нотаға түсіріп, жүйелеуде үлкен қызмет атқарды.

XIX ғасырдың екінші жартысы Қазақстанның музыка өнерінің гүлденген дәуірі болды. Бұл кезеңде өмір сүрген көптеген аса көрнекті кәсіби композитор-әншілер мен күйшілердің шығармалары халықтың музыкалық классикасының негізін құрады. Көптеген халық композиторлары өз заманындағы білімді адамдар еді; олардың бәрі дерлік хат танитын, кейбіреулері орыс тілі мен араб тілін білетін, бірақ өз шығармаларын нотаға түсіріп жаза алмайтын еді.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстандағы музыка өнерінің дамуына Дәулеткерей Шығайұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы, Ықылас Дүкенұлы сияқты композитор-музыканттар үлкен үлес қосты. Абай әндері қазақ халқы мен орыс халқының арасындағы бауырлас достықты нығайтуға игі ықпал етті. Пушкиннің «Евгений Онегин» поэмасынан аударған Татьяна хатының сөзіне шығарған «Татьянаның қырдағы әні» қалың елдің сүйікті әніне айналды.

Қазақ әндерін жазып алуда С. Г. Рыбаков көп еңбек сіңірді. Ол 100-ден астам ән жинады. Қазақтың ән әуендері оркестрлік шығармаларда да пайдаланылды.

Қазақ музыканың үлкен бір арнасы – қобыз, сыбызғы және домбыра күйлері. Бұл үшеуінің де арнайы музыкалық қоры мол сақталған, сол себепті халық аспаптары ретінде танылады.
Ал жетіген, адырна, үскірік, шаңқобыз, асатаяқ секілді музыкалық аспаптар фольклорлық сатыда ғана көрінеді. Олардың ұлттық сипатынан гөрі типологогиялық табиғаты үстем. Мысалы, бір ғана шаңқобыз аспабын кеңес дәуіріндегі халықтардың барлығынан дерлік кездестіруге болады. Музыкалық аспаптар бүгінде олардың дыбыс шығару ерекшеліктеріне сай хордофон, идиофон және аэрофон болып жіктеліп жүр.

Қазақ музыкалық аспаптары — халық арасында кең тараған музыкалық аспаптар. Олар ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан мәдени мұра. Қазақ музыкалық аспаптарының өзіне тән үні, орындаушылық дәстүрі бар. Мұның аттарын халқымыздың жыр-аңыздары мен дастандарынан,15-19 ғасырдағы орыс және шет ел саяхатшылары мен ғалымдарының еңбектерінен кездестіруге болады. Ертеде аспаптарды ағаштан ойып, түрлі өсімдіктерден,малдың терісі мен сүйегінен, мүйізі мен қылынан жасаған. Музыкалық аспаптар төрт топқа бөлінеді:

1. шертпелі,
2. үрлемелі,
3. ұрмалы,
4. сілкімелі.

Шертпелі екі түрге бөлінеді: қолмен және ысқышпен. Қолмен: домбыра және шертер, ысқышпен: қобыз.

Үрлемелі: сыбызғы, сазсырнай, шаңқобыз.

Ұрмалы: дауылпаз және даңғара.

Сілкімелі: асатаяқ және сылдырмақ жатады.





ZHARAR

## Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Жалпы орта білім беретін мектебі. –Алматы: РОНД, 2020.-368 б.
2 Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев. Педагогика. Алматы, 2005.
3 Ә.Бидосов. Бастауыш музыканы оқыту методикасы. Алматы. 2000.
4 Қ.Жарықбаев. Психология. Алматы, 2009.
5 Қ.Ә.Жұмағұлова. педагогика. Алматы, 2008.
6 К.Өстеміров. Оқыту құралдары. Алматы, 2020.
7 Г.М.Коджаспиова, К.В.Петров. Технические средства обучения и методика их использования. Москва, 2003. – 352 с.
8. Ә.Қ.Бүркіт. Музыка сабағында оқушылардың зерттеушілік-шығармашылық қабілеттерін компьютерлік технология арқылы жүзеге асыру әдістемесі. Шымкент, 2019. 600-бет.
9. Dhanani, Alnoor (2007). "Fārābī: Abū Naṣr Muḥammad ibn Muḥammad ibn Tarkhān al-Fārābī". In Thomas Hockey et al. The Biographical Encyclopedia of Astronomers. New York: Springer. pp. 356–7. ISBN 978-0-387-31022-0. (PDF version)
10. Corbin Henry History of Islamic Philosophy — Kegan Paul, 2021.
11. Brague, Rémi; Brague, Remi (1998). "Athens, Jerusalem, Mecca: Leo Strauss's "Muslim" Understanding of Greek Philosophy". Poetics Today 19 (2): 235–
12. Al-Farabi on the Perfect State: Abū Naṣr Al-Fārābī's Mabādi' Ārā Ahl al-Madīna al-Fāḍila. A revised text with introduction, translation and commentary by Richard Walzer. pp. viii, 569, Oxford, Clarendon Press, 2020.
13.Қазақ музыкас асаласы. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2020.
14.Отырар музыка саласы. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2022.

15.Қазақ ұлттық энциклопедиясы

16. Маңғыстау энциклопедиясы, Алматы, 1997;

17. "Аңыз адам" журналы №7 Қазан 2010 жыл

18. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005 ISBN 9965-26-095-8

19. Атырау: Энциклопедия. -Алматы: Атамұра, 2000 ISBN 5-7667-9129-1

20. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009 ISBN 978-601-01-0268-2

21. Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2006. ISBN 9965-34-515-5

# МАЗМҰНЫ

Кіріспе ..................................................................................................3
Музыка пәнінен сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру әдістемесі........5
Музыка пәнінен оқушылардың танымдық және шығармашылық-зерттеушілік белсенділіктерін дамыту әдістемесі........................................56
Жалпы орта білім беретін мектебі оқушыларының ғылыми жоба жұмыстарының үлгілері..........................................................................63
«Қазақ сазгерлері» жайлы ашық сабақтар мен тәрбие сағаты.........................90
Әдебиеттер.........................................................................................98

**УДК 37.21**
**ББК 83.32**
**М 18**

**Құрастырушы автор:** Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Ш.Бектасов атындағы №38 жалпы орта мектебі КММ музыка пәні мұғалімі Онгарова Алия Каринтаевна.

Қазақстанның педагогикалық академиясының әдістемелік кеңесінде авторлық бағдарламаны шығару туралы қаралды, Хаттама №44, 14.08.2023 жыл

«Жаңартылған мазмұндағы музыка пәнінен сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың шығармашылық-зерттеушілік белсенділіктерін дамыту» тақырыбындағы авторлық бағдарлама.
*(Озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, тарату және енгізу)*
Музыка пәнінің мұғалімдеріне арналған. Шымкент, 2022. 100-беттен тұрады.

**ISBN 978-601-7046-45-9**

Бұл авторлық бағдарламада «Жаңартылған мазмұндағы музыка пәнінен сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың шығармашылық-зерттеушілік белсенділіктерін дамытудағы педагогикалық әдіс-тәсілдер» тақырыбындағы авторлық бағдарлама.

**Пікір білдіруші:**
Наурызбаев Қалдыбай Күлсінбайұлы - Қазақстан Педагогикалық Академиясының мүшесі, т.ғ.кандидаты.

**© Онгарова Алия Каринтаевна**
**«Жебе» баспасы 2023 жыл**

Басуға 14.08.2023 жылы берілді. Көлемі 7.5 шартты баспа табақ. Пішімі А5. Қаріп түрі Times. Таралымы 50 дана. «Жебе» баспаханасы. Шымкент қаласы.